# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

**2023 жылғы 7 маусым**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Е.Ж. ҚОШАНОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Құрметті депутаттар, баршаңызды тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Жұмысымызды бастау үшін қажетті кворум бар. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сол бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 94, «жақтағандар» – 94. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, енді күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшеміз.

Бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері жөнінде.

Бұл мәселе бойынша келесі жұмыс тәртібі ұсынылады: алдымен Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаевтың, одан кейін Жоғары аудиторлық палатаның төрайымы Наталья Николаевна Годунованың баяндамаларын тыңдап, сұрақ беру рәсіміне көшсек. Қарсылықтарыңыз жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда келістік.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің карауларыңызға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы республикалық бюджетінің атқарылуы туралы есебі ұсынылып отыр.

Былтыр пандемиядан кейін экономиканың біртіндеп өсуі мен іскерлік белсенділіктің жандануы байқалды.

Жалпы ішкі өнім өсімі 3,3 пайызды құрады.

Негізгі факторлар – қызмет көрсету саласындағы, нақты сектордағы өсу, экспорттың тез қарқыны есебінен сауда балансының нығаюы, құрылыс пен қызмет өндірісіндегі жоғары инвестициялық белсенділіктің болуы.

Азық-түлік пен шикізат бағасының жалпы әлемдік қымбаттауы аясында еліміздегі инфляция деңгейі нысаналы көрсеткіштен жоғары болды, яғни 20,3 пайызды құрады.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 7,9 пайыз болды.

Жұмыссыздық 4,9 пайыз деңгейінде сақталды.

Осындай макроэкономикалық ахуал аясында республикалық бюджеттің атқарылуы мынадай көрсеткіштермен сипатталады.

Түсімдер 102,1 пайыз атқарылып, 16,1 триллион теңгені құрады.

Шығыстар 98,6 пайызға игерілді және 18,5 триллион теңгені құрады.

Шығыстар бойынша. Әлеуметтік шығыстардың өзі 2021 жылмен салыстырғанда 987 миллиард теңгеге ұлғайып, 8,5 триллион теңгені құрады. Бұл республикалық бюджеттің жалпы көлемінің 46 пайызы.

Бюджет тапшылығы жалпы ішкі өнімге шаққанда 2,3 пайыз болды.

Енді бюджеттің жекелеген аспектілеріне және Үкіметтің есебін талқылау кезінде айтылған өзекті мәселелердің шешіміне толығырақ тоқталып өтсек.

Республикалық бюджеттің меншікті кірістері бойынша жоспар 103 пайыз орындалды.

Кірістер құрылымының негізгі үлесі салық түсімдеріне тиесілі болды. 2021 жылмен салыстырғанда салық түсімдерінің өсімі 3 триллион теңгеге немесе 42 пайызға жетті, бұл өте жоғары көрсеткіш.

Салықтар бөлінісінде негізгі өсім қосылған құн салығы бойынша, корпоративтік табыс салығы және экспорттық кеден бажы бойынша орындалды. Әрине, мұндай оң нәтижеге экономиканың өсуі мен салықтық қабылданған шаралар есебінен қол жеткізілді.

Салықтық тексерулердің тиімділігі 3,2 есеге, кедендік тексерулердің тиімділігі 7 есеге артты.

Соңғы төрт жыл ішінде салықтық-кедендік әкімшілендіруді жетілдірудің арқасында бюджетке 3 триллион теңгеден астам қаражат түсті. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда.

Шығыстар бойынша. 2022 жылы бюджет шығыстары 56 стратегиялық бағыт бойынша жұмсалды.

Мемлекеттік органдардың даму жоспарларының 219 нысаналы индикаторына қол жеткізілді. Оларды іске асыру еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына оң серпін берді. Мәселен, 15,4 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, 131 мыңға жуық отбасы тұрғын үй жағдайын жақсартты, 136 мың оқушы орны бар 247 жаңа мектеп пайдалануға берілді, 1 мың 3 мектеп жаңғыртылды. Мектеп салу есебінен ғана 10,5 мыңға жуық жұмыс орны құрылды. 35 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысаны ашылып, қолдануға берілді.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілері 17 мыңнан астам техника сатып алды.

Нормативтік жағдайдағы автомобиль жолдарының үлесі республикалық маңызы бар жолдардың 91 пайызын және жергілікті маңызы бар жолдардың 85 пайызын құрады.

Жалпы, мемлекет өзінің әлеуметтік міндеттемелерін толық көлемде орындады. Бұл ретте бюджет қаражатын игермегені және нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізбегені үшін орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың 113 қызметкері тиісті тәртіптік жазаға тартылды.

Жоғары аудиторлық палатаның қорытындыларына келейін. Онда мемлекеттік жоспарлау жүйесіндегі, бюджеттің кіріс бөлігінің орындалуы мен мемлекеттік қаражатты пайдалану тиімділігіндегі бірқатар мәселелер атап өтілді. Олар жұмыс топтарында егжей-тегжейлі талқыланды. Негізгі ескертулер мен ұсыныстарға назар аударсақ.

Бюджеттің кіріс бөлігі бойынша. Біріншіден, Жоғары аудиторлық палатаның есебінде мемлекеттік кірістер органы салықтық және кедендік әкімшілендіруден қосымша түсірген 726,2 миллиард теңгенің 136 миллиард теңгесі расталмаған деп көрсетеді. Жалпы бұл сома бюджетке толығымен түсті, бірақ өндіріп алудың әдістемелік сипатына байланысты Жоғары аудиторлық палата есепке алмаған. Мәселен, 99 миллиард теңге салықтық мониторинг және камералдық бақылау шеңберінде 62 жер қойнауын пайдаланушыдан түскен қаражат болған. Қалған сома электрондық шот-фактура ақпараттық жүйесінің деректеріне жүргізілген талдау нәтижелері арқасында және борышкерлерді оңалту мен банкроттық рәсімдері есебінен, сондай-ақ кедендік бақылау шаралары есебінен түскен қаражаттар. Бұл ретте екі рет есепке алынған 526 миллион теңге сомасы қате деп саналады. Біз онымен келісеміз.

Екіншіден, Жоғары аудиторлық палата 2018 – 2021 жылдары салық жеңілдіктері есебінен бюджетке түспеген деп қомақты қаражатты көрсеткен. Осы салық жеңілдіктерінің көбісі стандартты деп саналады және жалпы әлемдік тәжірибеге сәйкес келетінін атап өту керек.

Бұрын, өздеріңіз білесіздер, бизнес-климатты жақсарту мақсатында салық есептілігі айтарлықтай жеңілдетілген болатын, оның есептілігі оңтайландырылған болатын. Осыған орай қазір салық есептілігіне жеңілдіктер туралы деректер жинақталмайды.

Бұл ретте Жоғары аудиторлық палата бюджет шығындарына әкеп соғатын салық нормаларының барлық түрлерін есепке алған, алайда олардың барлығы дерлік жеңілдіктер болып табылмайды.

Заңнамада салықтық жеңілдіктер, салықтық шығыстар, салықтық қысқартулар туралы тиісті түсініктемелер бар. Осыған байланысты салық жеңілдіктерін айқындау, оңтайландыру және мониторингтеу бойынша Жоғары аудиторлық палатаның ұсынымдары Үкіметтің жұмысында, сондай-ақ жаңа Салық кодексін әзірлеу кезінде ескерілетін болады.

Үшіншіден, экспорттық-импорттық статистикадағы алшақтық бойынша қабылданған шаралардың жеткіліксіз әсері туралы айтылған. Бұл туралы біз бірнеше рет түсініктеме бергенбіз. Жалпы, әлемдік тәжірибеде барлық елдерде тауарлардың сыртқы саудасының кедендік статистикасы деректерінде әріптес елдермен сәйкессіздіктер болып тұрады. Мысалы, 2021 жылы Қытай Халық Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы алшақтық 66 миллиард долларды құраса, Германиямен 58 миллиард долларды құраған. Әрине, бұндай алшақтықтың негізгі себебі сыртқы сауда статистикасын қалыптастырудың әдістемелік ерекшеліктерінде.

Дегенмен алшақтықтарды азайту мақсатында жүйелі шаралар қабылдануда. Тауарларға арналған декларацияларды бақылау және шығару үшін кедендік функцияларды орталықтандыру жүзеге асырылды. Мемлекеттік кірістер комитеті жанынан Бас диспетчерлік басқарма құрылды.

Бұл бақылау шаралары бойынша орталықтандырылған шешім қабылдауға, өткізу пункттеріндегі жедел ахуалға қашықтықтан мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ экспорттық декларациялармен онлайн-алмасу жүргізілуде. Ондай ақпараттар мысалы, Қытай Халық Республикасынан Қазақстан аумағына тауарлар келмей тұрып жеткізіледі. Бұл келе жатқан тауарлар туралы алдын ала ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Жалпы, өткен жылы Мемлекет басшысы кеден саласын тәртіпке келтіруге қатысты арнайы тапсырма берген болатын. Тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп жүргізілген жұмыстың нәтижесінде былтыр тек Қытайдан келетін тауарлар бойынша бюджетке 465 миллиард теңгеге кедендік төлемдер мен салықтар түскен. Бұл 2021 жылмен салыстырғанда 60 пайызға артық.

Республикалық бюджетке түзетулер бойынша ескертулерге қатысты. 2022 жылы Бюджет кодексіне сәйкес республикалық бюджетке сегіз түзету жүргізілді. Жалпы, бұл процедуралар бюджеттік мониторинг қорытындысы бойынша жыл бойы біркелкі жүзеге асырылған. Осылайша бюджет қаражатын жедел басқару мақсатында Үкімет заңмен бекітілген құралды дұрыс пайдаланды деп есептейміз.

Ұлттық қордың қаражаты бойынша. Ұлттық қордың қаражатын үнемдеу саясатын жалғастыру мақсатында республикалық бюджетке берілетін трансферттер қаражатын біртіндеп азайту көзделген. Біз осы саясатты әрі қарай жалғастыратын боламыз.

Бұл Мемлекет басшысының Ұлттық қордың қаражатын 2030 жылға қарай 100 миллиард долларға дейін жеткізу жөніндегі тапсырмасын орындауға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Ұлттық жобалар бойынша. Мемлекеттік жоспарлау жүйесін реформалау шеңберінде мемлекеттік бағдарламалардың орнына 10 ұлттық жоба іске асырылуда.

Сонымен бірге Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің тапсырмасы бойынша Үкімет ұлттық жобалардың жаңартылған тізбесін әзірледі.

Осыған байланысты жаңа форматтағы «Жайлы мектеп» және «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобалары бекітілді. Сондай-ақ «Қолжетімді интернет» жобасы әзірленді.

Осылайша көлемді құжаттардың орнына нақты проблемаларды шешуге бағытталған қысқа әрі нұсқа ұлттық жобалардың форматына көшу жүзеге асырылуда.

Қазіргі уақытта қолданыстағы 10 ұлттық жобаның іс-шараларын Мемлекеттік жоспарлау жүйесіне және өзге де құжаттарға интеграциялау бойынша жұмыс аяқталуда.

Нақты салаларды дамытуға бағытталған 2029 жылға дейінгі 15 тұжырымдама бекітілді.

Олар Президенттің сайлауалды бағдарламасын іске асыру жоспарымен үйлестірілген.

Өңірлердің бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне қатысты. Үкімет бюджеттің атқарылу мониторингін күшейту және нәтижелерге қол жеткізуді, әсіресе инвестициялық

жобалар бойынша бақылауды қатаңдату жөніндегі Жоғары аудиторлық палатаның ұсынымдарымен келіседі. Сондықтан біз бұл мәселелерді мүдделі мемлекеттік органдармен қосымша пысықтайтын боламыз.

Квазимемлекеттік сектор мәселелері бойынша. Бүгінгі таңда Үкімет Дүниежүзілік банкпен бірлесіп квазимемлекеттік секторды реформалау бойынша жұмыстар жүргізуде. Олар Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының озық тәжірибелері мен стандарттарына сәйкес келеді. Нәтижесінде тиімді, ықшам және ашық квазимемлекеттік сектор қалыптасатын болады. Бұл ретте дивидендтік саясат та қайта қарастырылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері қаражатының игерілуіне мониторинг жүргізу және олардың есептілігіне қатысты мәселе жаңа Бюджет кодексінде қарастырылатын болады.

Мемлекеттік борышқа қатысты. Бүгінгі таңда барлық белгіленген борыштық ковенанттар сақталуда.

Мемлекеттік қарыз жалпы ішкі өнімге шаққанда 25 пайыз төмен деңгейде қалыптасып отыр.

Қаржылық шектеулерді қатаң сақтау саясаты келешекте де жалғастырылатын болады.

Біз қабылданған міндеттемелердің ашықтығы мен айқындығын арттыру бойынша Жоғары аудиторлық палатаның ұсынымдарын қолдаймыз. Олар жұмыс барысында ескерілетін болады. Бұл мәселелердің барлығы Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Құрметті депутаттар! 2022 жылға арналған республикалық бюджеттің негізгі көрсеткіштері мен оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар осындай.

Есепті қарау кезінде 440-қа жуық мәселе айтылды. Қазіргі уақытта депутаттардың ұсынымдары мұқият қаралып, алдағы уақытта жұмыста ескерілетін болады.

Үкіметтің есебін қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Баяндама аяқталды.

Рақмет, Ерұлан Кенжебекұлы. Орныңызға отыра беріңіз.

Келесі баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының төрайымы Годунова Наталья Николаевнаға беріледі.

ГОДУНОВА Н.Н. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар, Үкімет мүшелері! Разрешите выразить признательность депутатам Мажилиса Парламента за подробное изучение и пристальное внимание к заключению Высшей аудиторской палаты.

Это первый отчет в новом статусе, сформированный через влияние государственной политики на качество жизни граждан. Наша задача – показать узкие места, требующие корректирующих и упреждающих управленческих решений центральных государственных органов.

Положительные итоги социально-экономического развития, эффективные решения Правительства, которые дали хорошие результаты, я осветила на презентации нашего заключения.

Недостатки в целях, деталях, конкретные проблемы были обсуждены на заседаниях рабочей группы и комитетов Мажилиса, поэтому позвольте остановиться на системных проблемах.

Первое. Мы так и не научились привязывать расходы бюджета к поставленным стратегическим целям. В результате – распыление больших ресурсов на мероприятия, никак не влияющие на достижение общенациональных задач.

Не успели разработать национальные проекты, на второй год реализации ставим их на утрату. И вроде все исполнялось, но эффект сомнителен. Рабочие места создаются тысячами, а Минтруда прогнозирует рост безработицы.

Экономический эффект по реализации инвестиционных проектов отложенный. Расширение и выход на проектные мощности запланирован через три-пять лет. Это понятно, это производственный цикл любого и инвестиционного проекта, а дальше уже никем не контролируется.

В большинстве своем проекты снимаются с мониторинга сразу по завершении реализации. Отдельные попытки оценить эффект есть, но это больше исключение, чем правило.

Оценить работу госорганов – задача тоже непростая. Статданные по 37 процентам целевых индикаторов за 2022 год до сих пор не сформированы. А те, что есть, не дают целостного представления о результатах.

Да и как согласиться с заявленными достижениями, если показатели корректируются под факт исполнения, а изменения объемов финансирования в большинстве своем не влияют на их значения.

Настораживает не масштаб неверных прогнозов министерств и ведомств, а то, что они скрыты за красивыми отчетами и недостоверной статистикой, а Правительство на их основе принимает соответствующие управленческие решения.

Второе. Мы до сих пор задействовали далеко не все резервы в части пополнения бюджета. Конечно, республиканский бюджет по сравнению с 2017 годом увеличился очень значительно. Но многие резервы, которые есть и которые налоговые органы должны взыскивать, остаются вне действия закона. Это теневая экономика, как минимум, 3-4 триллиона тенге налогов в государственный бюджет ежегодно.

Плюс неучитываемые в течение десятилетий налоговые льготы, которые и дальше продолжают действовать, порой для процветающего финансового бизнеса.

В стране действуют и другие льготы и преференции, объем которых вообще никем не оценивался. Аудитом Высшей аудиторской палаты установлено, что 64 налоговые льготы не учитывались ни Министерством национальной экономики, ни Комитетом государственных доходов, а это потери бюджета только за четыре года порядка 10 триллионов тенге.

В результате хронический дефицит бюджета, то есть жизнь в долг. При этом расходы на погашение правительственного долга и его обслуживание отнимают 25 процентов от чистых доходов бюджета, или 2,9 триллиона тенге.

При планировании бюджета не проводится анализ управления долгом, не просчитываются источники погашения. В составе госдолга не учитывается долг субъектов квазигоссектора. А это 19,7 триллиона тенге. При неспособности субъектом

квазигоссектора платить по долгам они ложатся бременем на государственный бюджет, так как многие займы, как вы знаете, привлекаются под государственные гарантии.

Мы планируем в этом году провести государственный аудит эффективности управления государственным и гарантированным государством долгом, посмотреть в разрезе проектов и эффективности их реализации. Осенью доложим Парламенту.

Третье. Нерациональное расходование бюджетных средств все больше осуществляется через подрядчиков и поставщиков, потому что на бюджетном уровне все становится более прозрачным, все более труднее это делать. Если четыре года назад мы считали, что завышение ПСД составляет до 30 процентов и оценивали эту сумму в 1 триллион тенге в год, то сейчас, пользуясь ростом цен на строительные материалы и разговорами о высокой инфляции, удорожание проектов стало эпидемией и исчисляется уже далеко не одним триллионом бюджетных средств. А на эти деньги мог быть закрыт вопрос по аварийным и трехсменным школам, который никак не удается решить, или могли быть реконструированы теплоэлектроцентрали и тепловые сети, большинство из которых дышит на ладан.

Кроме того, мы продолжаем штамповать ПСД в количестве, которое никогда не будет обеспечено финансированием. Например, за 2017 – 2021 годы 292 разработанных ПСД стоимостью 5,9 миллиарда тенге остались невостребованными.

Одним словом, искусством удовлетворять растущие потребности при наличии ограниченных ресурсов госорганы еще не овладели. Поэтому важны приоритезация и последовательность в реализации выбранных отраслевых политик, к чему, собственно говоря, сейчас идет Правительство, сужая количество национальных проектов и интегрируя эти задачи в систему документов государственного планирования.

Четвертое. В планах развития министерств и их бюджетных программах практически нет конечных показателей, связанных с изменением качества жизни населения, за исключением, наверное, социального блока – здравоохранение, образование. Рост ВВП, объем инвестиций в основной капитал.

Проводили аудит Комитета по инвестициям, который результатом своей деятельности ставит статданные об инвестициях в основной капитал в целом по стране. Конечно, они вырастут, но это же не результат работы Комитета по инвестициям, хотя их вклад там есть.

Рост ВВП – триллионы, тонны, тысячи километров. А человеку от этого лучше жить стало? Непонятно. Не определишь. Никак не определишь. Потому что условия задачи неправильно определены.

Конечно, по поручению Главы государства реализуются целевые программы микрокредитования, субсидирования бизнеса, повышения доходов населения и другие, которые имеют конкретный положительный эффект. Но это ручное управление, а на человека должна быть настроена вся бюджетная система. Финансирование не только бюджетных организаций, но и отраслей экономики (через любые инструменты) должно давать мультипликативный эффект в виде новых рабочих мест и повышения зарплат. А у нас финансирование отраслей экономики растет, а населению от этого не намного лучше.

Пятое. Региональная самодостаточность и способность обеспечить гражданам страны равные условия и возможности пока на стадии реализации.

Возможности местных бюджетов покрывать расходы собственными доходами варьируется от 6,5 до 84 процентов, тогда как уровень развития и масштаб проблем тоже разный. При этом практически отсутствуют стимулы расширять налогооблагаемую базу.

Налицо несовершенство действующей системы межбюджетных отношений. Все это усиливает социальное расслоение и внутренние миграционные настроения, создавая значительную нагрузку на инфраструктуру развивающихся городов.

Координация со стороны центральных госорганов по курируемым направлениям в регионах также недостаточная. Планирование и исполнение отданы местным исполнительным органам.

Очевидно стремление министерств скинуть ответственность в регионы. Только в этом году более 2 триллионов тенге передано в базу трансфертов общего характера, тогда как исполнение по ним в 2022 году вызывало много вопросов. Теперь же они выведены из-под контроля Высшей аудиторской палаты совсем. При этом в ближайшие три года объем субвенций вырастет в три раза.

Шестое. Квазигосударственный сектор – неотъемлемый проводник государственной политики. Национальным холдингам и компаниям пора принять эту данность и прекратить отстраняться от решения общегосударственных задач.

Продолжающаяся десятилетиями поддержка со стороны государства должна давать эффект. Национальные холдинги в новом формате способны стать флагманом в развитии реального сектора экономики, а их дивидендная и долговая политика должна находиться под строгим контролем государства.

Сейчас же долговая нагрузка растет, а дивиденды составляют незначительную статью доходов республиканского бюджета.

Деятельность управляющих холдингов в целом остается непрозрачной, а их подотчетность Парламенту вообще отсутствует.

Это те концептуальные моменты, на которые мы обращаем ваше внимание и те резервы, использование которых позволит, на наш взгляд, улучшить управление результатами.

По всем выявленным проблемным вопросам нами выработаны соответствующие рекомендации, которые отмечены в заключении.

Совместная работа с Правительством и регионами в вопросах совершенствования бюджетных процессов будет продолжаться.

И последнее. Передача значительных ресурсов на региональный уровень и выявляемые системные проблемы свидетельствуют о необходимости наделения новыми полномочиями Высшей аудиторской палаты и повышения статуса ревизионных комиссий.

Данные поправки являются уже третьей попыткой решения этого вопроса. Сегодня законопроект получил заключение Правительства.

Пользуясь случаем, хотим поблагодарить Комитет по экономической реформе и региональному развитию за инициирование этих поправок в рамках законопроекта «О возврате государству незаконно приобретенных активов».

Уверены, что совместными усилиями наделение Высшей аудиторской палаты новыми полномочиями позволит усилить и парламентский контроль за исполнением

бюджета. И это будет способствовать реализации формулы Главы государства: «Сильный Президент – Влиятельный Парламент – Подотчетное Правительство».

Вместе с этим в рамках реализации конституционной реформы наряду с рассматриваемым сегодня отчетом Высшей аудиторской палаты в Мажилис внесен отчет по итогам проведенного аудита эффективности управления в сфере теплоснабжения.

Надеемся, что выявленные факты и выработанные рекомендации позволят совершенствовать проводимую работу в данной сфере.

Также хочу проинформировать вас, что Высшая аудиторская палата в конце текущего года по поручению Главы государства приступает к комплексному аудиту всех 20 региональных подразделений Фонда социального медицинского страхования.

Принимая во внимание высокую социальную значимость данного вопроса, хочу обратиться к вам с предложением направить в Высшую аудиторскую палату перечень наиболее актуальных, на ваш взгляд, вопросов, которые необходимо осветить в ходе этого аудита.

В июне 2024 года мы сможем доложить его итоги. Если Мажилис примет такое решение, то в установленном Конституцией порядке в рамках ежегодного тематического отчета.

Еще раз благодарим депутатский корпус за совместную работу.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сізге рақмет, Наталья Николаевна. Орныңызға отыра беріңіз.

Сонымен негізгі баяндамалар аяқталды. Құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Депутат Саиров Ерлан Бияхметұлы.

САИРОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министріне.

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы! 2022 жылы игерілмеген қаражат жалпы 325 миллиард теңгені құрады. Бір жыл ішінде бюджет бойынша қосымша сегіз түзету және бір нақтылау жүргізілді.

Тек жүргізілген түзетулердің нәтижесінде 281 миллиард теңгеге азайтылып, әкімшілердің шығыстары ішінде 628,5 миллиард теңге қайта бөлінген. Яғни, Парламентте бюджеттің нақтылануын есепке алмағанда, бұл шамамен 1 триллион теңге. Бұл мәселе мемлекеттік органдардың, администраторлардың бюджет қаражатын басқару деңгейінің төмен екендігін және бюджеттік тәртіптің ақсап тұрғандығын көрсетеді.

Осыған байланысты, құрметті Ерұлан Кенжебекұлы, бұл Үкіметтің немқұрайлылығынан туындайтын тәуекелдерді болдырмау үшін қандай шара жасайсыздар?

Екінші. Үкімет бюджетті басқаруды өзі тәртіпке келтіре алмаса заң деңгейінде, яғни Мәжілісте бюджетке түзетулер санын шектеу жөніндегі норма енгізу қажет пе? Рақмет.

ТӨРАҒА. Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Жамаубаевтың микрофонын қосыңыздар.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Ерлан Бияхметұлы, сұрағыңызға рақмет.

Мен Қаржы министрі ретінде кез келген қаржылық тәртіпке қатысты немесе бюджеттік тәртіпке қатысты ұсыныстардың барлығын қолдаймын. Дегенмен жаңа сіз айтып отырған түзетулердің барлығын нақтылау заң аясында жасалған және ол қажеттілікпен, объективті себептермен байланысты.

Жоғары аудиторлық палатаның есептерін көрдіңіздер, ол жерде де қомақты сомаға ескертулер жасалған. Қаржы министрлігінде де Мемлекеттік аудит комитеті бар, сол Мемлекеттік аудит комитеті былтырдың өзінде 5,2 триллион бюджет қаражатына 2 мың 300-ден аса аудиторлық іс-шара жүргізген болатын. Яғни, Қаржы министрлігі тарапынан да мемлекеттік органдардың да, квазимемлекеттік сектордың да қаражаттарына тиісті бақылаулар жүргізіліп отырады.

Сіз айтқан түзетулерге келетін болсақ, әрине, жыл басындағы нақтылау белгілі бір себептермен және Президенттің тапсырмасын орындауға байланысты бірқатар аумақтарға қаражат жұмсаумен байланысты жүргізілді. Нақтылау жүргізілгеннен кейін тиісті түрде түзету жүргізіледі. Сондай-ақ басқа да түзетулер жыл бойы біркелкі бюджеттік процедураларды сақтай отырып жүргізілген іс-шаралар болатын. Бұл жерде негізгі себеп – қаражат жетпей жатқан нысандарға, объектілерге бос жатқан қаражатты дер кезінде жұмсау. Бұл сіз айтқандай қомақты қаражат емес, оның нақты цифрлары бар. Біз осы арқылы дер кезінде, оперативті түрде көп мәселені шеше алдық. Бұл бюджеттің былтырдан қалыптасқан процедурасы емес, ол бұрыннан келе жатқан, яғни қиыншылықтарды шешу үшін дер кезінде Үкімет тарапынан қабылдайтын шаралардың процедурасы.

Біз жаңа Бюджет кодексін жасап жатырмыз. Бұл жерде негізгі лейтмотив – мемлекеттік органның басшылығына, Үкіметке әлеуметтік мәселелерді шешу міндеті жүктелгеннен кейін бюджеттің икемділігінің болуы. Сондай-ақ біз бұл жұмсалған қаражаттың жұмсалу тиімділігін арттыруға тиісті қосымша нормаларды енгізетін боламыз. Сондықтан сіз айтып отырған ұсынысты біз жаңа Бюджет кодексінде толығымен қарастыратын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Саировтың микрофонын қосыңыздар.

САИРОВ Е.Б. Біздің сайлаушыларымыз Үкіметтің шешімдері кабинетте жақсы болса, онда біздің өміріміз күннен-күнге неге төмендеп бара жатыр деп бізге сұрақ қояды. Бюджетті игерудегі тәртіпсіздік халқымыздың әл-ауқатының, тұрмысының күннен-күнге төмендеуіне алып келетін негізгі факторлардың бірі, құрметті әріптестер. Сондықтан бюджетті есептеген кезде сіздерде болжау механизмдері болуы керек. Неге осы күнге дейін сіздерде болжау механизмдері жоқ?

Сіздер бюджетті өзгертесіздер, қаржыны жібересіздер, бірақ ары қарай мердігерлер ол қаржыны игере алмай жатады. Сондай да проблема бар. Үкіметте бұл өте жүйелі

проблема. Сондықтан бұл мәселені бізге бірлесіп шешу керек. Мүмкін, заң жүзінде де бір шектеу қою керек сияқты.

Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

ТӨРАҒА. Депутат Башимов Марат Советұлы.

БАШИМОВ М.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

У меня актуальный вопрос к председателю Высшей аудиторской палаты.

Уважаемая Наталья Николаевна! Высшая аудиторская палата в пределах своей компетенции обеспечивает принятие мер по противодействию коррупции.

Нерациональное расходование бюджетных средств закладывается именно на этапе планирования, и на этом акцентирует внимание сама Высшая аудиторская палата.

В правах и обязанностях Высшей аудиторской палаты устанавливается, что в случаях выявления признаков уголовных или административных правонарушений в действиях должностных лиц объекта государственного аудита она передает материалы с соответствующими аудиторскими доказательствами в правоохранительные органы или органы, уполномоченные возбуждать и рассматривать дела об административных правонарушениях.

Уважаемая Наталья Николаевна, скажите, пожалуйста, сколько таких материалов было передано в прошлом году, какие были приняты по ним решения? Рақмет.

ГОДУНОВА Н.Н. Марат Советович, спасибо за вопрос. Наверное, это один из самых важных вопросов.

Действительно, мы считаем, что при планировании закладывается неэффективное использование. Мы принимаем все меры, чтобы те рекомендации (а они носят именно рекомендательный характер), которые мы даем Правительству, все-таки исполнялись. Если они не исполняются, то потом мы фиксируем их как нарушение финансовой процедуры или те, которые имеют признаки уголовных правонарушений.

В целом в 2022 году мы провели 20 аудиторских мероприятий, из них только по четырем не было передачи материалов в правоохранительные органы. Для принятия процессуальных решений было передано всего 15 материалов, по шести материалам возбуждены уголовные дела, проводятся досудебные расследования, итоги которых будут известны после их завершения.

Мы не можем озвучивать результаты, пока не состоится решение суда, потому что в результате следственных действий может быть принято решение, что нет состава уголовного преступления.

Два материала направлено на дополнительную проверку в уполномоченные органы. По семи материалам производства прекращены.

В текущем году мы завершили девять аудитов, из них только по трем не переданы материалы в правоохранительные органы, по всем остальным переданы в правоохранительные. Если нужна более подробная информация, мы готовы ее предоставить, за исключением той, которую правоохранительные органы закрывают. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Шапақ Үнзила.

ШАПАҚ Ү. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Сейдірұлы Көлгіновке.

Құрметті Алтай Сейдірұлы! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 30 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіндегі жалпы отырыс барысында биылғы инфляция деңгейін екі есеге төмендетуді тапсырған болатын. Бұл ретте Мемлекет басшысы азық-түлік тауарларының бағасын бақылау қажет екенін ерекше атап өткен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебіне Жоғары аудиторлық палата ұсынған қорытынды негізінде 2022 жылдың нәтижесі төмендегідей болып отыр:

нысаналы дәлізден (8-10 пайыз) 10,3 пайыздық тармаққа аса отырып, инфляция деңгейі қазіргі таңда 20,3 пайызды құрады;

азық-түлік тауарларының бағасы шарықтап, 25,3 пайызға өсті;

халықтың нақты ақшалай табысы 1 пайызға төмендеді.

Бұл ретте әлеуметтік төлемдер 9-11 пайызға ұлғайды, яғни қалыптасқан инфляциядан, жаңа айтып өткен 20,3 пайыздан екі есе төмен.

Конституция бойынша Қазақстан Республикасы әлеуметтік мемлекеттік орнықтыратыны айқын жарияланған.

Алтай Сейдірұлы, осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Сіз инфляция деңгейі мен әлеуметтік төлемдердің ұлғаюы мөлшерлес болуы керек деп есептейсіз бе? Үкіметтің әлеуметтік төлемдерді инфляция деңгейіне дейін ұлғайту жоспарлары бар ма?

ТӨРАҒА. Алтай Сейдірұлы, жауап беріңіз.

КӨЛГІНОВ А.С. Құрметті Үнзила ханым, сұрақтарыңызға рақмет.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес біз бірқатар іс-шараларды қабылдадық. Иә, өткен жылы инфляцияның жоғары болуына байланысты біздің азаматтардың табыс көзі төмендегені рас. Сондықтан биылға Үкімет бірқатар іс-шараларды қабылдады.

Егер әлеуметтік осал топтарды айтатын болсақ, соның ішіндегі мүгедектігі бар азаматтарға, тұтастай алғанда 900 мыңнан астам азаматқа әлеуметтік қолдау төлемдері көтерілді. Жылдың басында 8,5 пайыз, 1 шілдеден бастап 14,5 пайыз, тұтастай алғанда 23 пайызға көбейді.

Сондай-ақ зейнетақының ең төменгі базалық мөлшері 21 пайызға көтерілді, орташасы 16 пайызға, жоғарғысы 8 пайызға.

Сонымен қоса дәрігерлердің жалақысы 30 пайызға көбейді, мұғалімдердің жалақысы 25 пайызға көбейді. Ал 1 миллион 200 мың адамды құрайтын азаматтық қызметшілердің жалақысы 20 пайызға көбейді. Жалпы, 4 миллион 400 мың азамат

мемлекеттен 4 триллион 700 миллиард теңгеге қолдау алады. Демек, Үкімет әлеуметтік мемлекет ретінде жауапкершілігін атқаруда.

Бюджеттен тыс айтатын болсақ, жеке кәсіпкерлердің, мекемелердің есебінен 2 мыңнан астам мекемеде жұмыс істейтін 1 миллионға жуық жұмыскердің жалақысы 10 пайыздан 50 пайызға дейін көтерілді.

Сонымен қатар колледж, жоғары оқу орындары студенттерінің шәкіракылары 1 қыркүйектен бастап 20 пайыздан 50 пайызға дейін көтеріледі. Егер бюджет шығысын қарайтын болсақ, бюджеттің шығысының 40 пайызға жуығы (бұл 8,5 триллион теңге) әлеуметтік қолдауға жұмсалады. Бұл жұмыс жалғасатын болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Арсютин Николай Геннадьевич.

АРСЮТИН Н.Г. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован заместителю Премьер-Министра – Министру торговли и интеграции.

Уважаемый Серик Макашевич! В 2022 году Вашим министерством были запланированы расходы в размере 600 миллионов тенге на субсидирование ставок вознаграждения по выдаваемым кредитам и совершаемым лизинговым сделкам, которые подлежат страхованию со стороны национального института развития (АО «KazakhExport»).

Согласно отчету Правительства, ни один экспортер запланированную поддержку не получил, а средства остались неосвоенными. Получается, по вине Вашего министерства бизнес остался без господдержки, что, вероятно, привело к потерям рынков.

При этом указана всего одна причина неосвоения – это отсутствие правил по субсидированию ставки вознаграждения.

В связи с этим у меня следующий вопрос к Вам, Серик Макашевич.

Разве не Ваше министерство должно было эти правила разработать? Почему это не было сделано своевременно, почему подведомственный институт не приступил к работе в 2022 году? Рақмет.

ЖҰМАНҒАРИН С.М. Спасибо за вопрос, Николай Геннадьевич.

На самом деле в конце 2021 года был принят закон о промышленной политике, которым был предусмотрен такой механизм, что импортеры, которые покупают казахстанскую продукцию высокого передела, имеют право на субсидирование ставки вознаграждения, выдаваемую казахстанскими финансовыми организациями. При этом субсидирование ставки вознаграждения должен быть проводить финансовый агент, который одновременно занимается страхованием экспортных рисков. На тот момент это акционерное общество «Национальная страховая компания KazakhExport».

В процессе работы Агентством по регулированию финансового рынка было отказано в назначении «KazakhExport» единым оператором, поскольку на тот момент он, согласно закону о страховании и пруденциальным нормативам, не имел права заниматься иными видами деятельности, кроме страхования. Министерством было предложено пока

использовать потенциал Фонда развития предпринимательства «Даму» для проведения субсидирования ставки вознаграждения. «Даму» согласился.

При этом необходимо было внести изменения в правила приоритетных видов деятельности для продукции высокого передела, которые ведет МИИР. МИИР, соответственно, в эти правила внес изменения, была открыта дорога для принятия соответствующих правил субсидирования, которые были приняты осенью прошлого года, в настоящее время они есть.

Окончательно решить этот вопрос может только принятие законопроекта, который сейчас находится в Парламенте, об экспортно-страховом агентстве. Я слышал, что в конце июня будет первое чтение. Мы надеемся получить законопроект в полном виде уже в этом году.

Самая главная причина, конечно, не в том, что не были приняты какие-то правила, самая главная причина была в том, что было неправильное планирование и прогнозирование. В основе этого инструмента лежат реальные контракты, в данном случае они были связаны с «Локомотив құрастыру заводы», который выпускает локомотивы. У нас была по ним достаточно хорошая потребность (семь локомотивов собирался купить Азербайджан, четыре локомотива – Таджикистан, два локомотив – Кыргызстан), однако партнеры не договорились по цене, они просят скидки.

Кроме того, есть работы, связанные с ремонтом кыргызских вертолетов на заводе 405 (вертолетно-ремонтном).

Основная причина неосвоения в том, что соответствующих партнеров, которые бы работали с казахстанскими предприятиями, на тот момент не было.

Сегодня этот вопрос прорабатывается, сумма несколько уменьшена в бюджете текущего года. Мы надеемся, что ее освоим. Спасибо.

ТӨРАҒА. Серик Макашевич, по чьей вине бизнес остался без государственной поддержки?

ЖҰМАНҒАРИН С.М. Я вину с министерства не снимаю. Ответ может быть таким: по вине нашего министерства.

ТӨРАҒА. Хорошо. Принято.

Депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Энергетика министріне.

Қазақстан Республикасын газдандырудың 2015 – 2030 жылдарға арналған бас схемасына сәйкес 2030 жылға қарай елімізде газдандыру деңгейі 65 пайызға жету керек.

Осыған орай газ тасымалдау жұмысын дамытуға, жалпы алғанда, 103 миллиардтай ақша қарастырылған. Оның ішінде Ұлттық қордан 85,8 миллиард теңге және Үкіметтің резервінен нысаналы трансферт бойынша 16,9 миллиард теңге қарастырылған. Алайда Жоғары аудиторлық палатаның қорытындысына сүйенсек, Энергетика министрлігі бойынша Ұлттық қордан бөлінген 8,9 миллиард нысаналы трансферт игерілмей қалған.

Нәтижесінде 299 мыңнан астам халықты қамтитын 105 елді мекен мен үш қала газбен қамтылмады. Оның негізгі себептері:

бірінші – сот процестері;

екінші – орындалған жұмыстардың актісінің болмауы;

үшінші – сметалық құжаттарды өзгерту және басқалар.

Яғни, министрлікте жүйелі жұмыстың және осыған жауапты адамдардың жауапкершілігінің төмендігін көрсетеді.

Құрметті Алмасадам Майданұлы, жыл сайын жүйелі түрде қайталанатын осы проблемаларды жою үшін министрлік не істеп жатыр? Сондай-ақ осыған жауапты тұлғалар жауапкершілікке тартылды ма? Рақмет.

СӘТҚАЛИЕВ А.М. Құрметті Еділ Терекбайұлы! Құрметті депутаттар! Игерілмеген соманың басым бөлігі Жамбыл облысы бойынша, яғни 4,9 миллиард теңге игерілмеген. Ондағы төрт жоба мердігерлер бойынша сотта істің қаралуына байланысты.

Сонымен қатар Жетісу облысы бойынша жеті жоба, Ақтөбе облысы бойынша 1 миллиард теңгеге төрт жоба бар. Басқа аймақтарда да осындай жобалар бар. Оның негізгі себебі – мердігерлер бойынша істің сотта қаралуы.

Игерілмеген қаражаттар қысқартылмаған. Порядка 7,2 миллиарда тенге было перенесено на бюджет текущего года. Все эти проекты будут находиться на контроле Правительства.

В целом по программе газификации регионов 142 проекта до 2030 года, из них в прошлом году был завершен 31 проект. Порядка 43 населенных пунктов было газифицировано, более 50 тысяч человек получили доступ газа. Будет обеспечен соответствующий контроль со стороны министерства. Мы, безусловно, будем информировать депутатский корпус о проводимой работе. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Жаңбыршиннің микрофонын қосыңыздар.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Алмасадам Майданұлы, мен осы жүйелі проблемаларды болдырмау үшін министрлік не істеп жатыр және кім жауапқа тартылды деп нақты сұрақ қойдым ғой.

ТӨРАҒА. Министр Сәтқалиев.

СӘТҚАЛИЕВ А.М. Рақмет.

Действительно, ответственность есть в плане обеспечения контроля за проводимой работы. Мы проведем соответствующую работу в части определения ответственных.

Здесь также нужно понимать, что есть распределение функционала между местными и центральными исполнительными органами. Мы с себя ответственности не снимаем, о причинах неисполнения мы готовы отдельно доложить.

ТӨРАҒА. Депутат Сәрсенғалиев Нартай Аралбайұлы.

СӘРСЕНҒАЛИЕВ Н.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Мәдениет және спорт министрі Асхат Раздықұлына.

Сұрағымның өзегі «ArtSport» жобасына байланысты. Бұл жобаның ел Президентінің тапсырмасы бойынша іске асырылғанын білеміз. Өте жақсы жоба. Бірақ жүзеге асырылуына келгенде «әттеген-айлар» өте көп болды.

Алдымен осы жобаның ақшасын түгелдеп алайық.

Әкімдіктер 2022 жылы осы жобаны жүзеге асыруға 24,6 миллиард теңге бөлген. Сонымен қатар Үкіметтің резервінен қосымша 11,9 миллиард теңге бөлінген. Былай қарағанда, қыруар ақша, бірақ осы «ArtSport»-тың ақшасы тауысылып қалды, балаларымыз үйірмеге бара алмай қалды деген жүздеген ата-анадан арыз-шағымы түсіп жатыр. Осы жобаға қатысты бұқараның базынасы басым болды.

Бұның себептерін сұрағанымызда, бірқатар облыстардан келген жауапқа сүйенсек, оның себебі нормативтік құқықтық базадағы проблемаларда деген жауап алдық.

Асхат Раздықұлы, осы тұрғыда сізге нақты үш сауалым бар.

Бірінші. Бұл бағдарламаға неліктен Үкімет резервіндегі қаражат пайдаланылды? Үкімет резервіндегі қаражат негізінен төтенше жағдайларға арналған емес пе.

Екінші. Нормативтік базадағы проблемалар жойылды ма? Өйткені осы жобаны тексергенде прокуратура органдары бірқатар заңсыздықтарды тапқан еді. Қазір бұл жобаны жүзеге асыруда сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдері жоқ па?

Үшінші. Аталған жобамен қазіргі дейін балалардың қанша пайызы, яғни қаншасы қамтылды? Биылғы жылы қаражат бөлудің тәртібі қандай? Қанша бала «ArtSport»-тың негізінде үйірмелерге бара алады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Министр Ораловтың микрофонын қосыңыздар.

ОРАЛОВ А.Р. Қайырлы күн, құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Нартай Аралбайұлының сұрағы мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырысқа байланысты. Бұл бағдарлама, баршаңызға мәлім, Мемлекет басшының тікелей тапсырмасымен былтыр басталған болатын.

Былтырғы жылдың басында жергілікті атқарушы мекемелердің тарапынан 54,5 миллиард теңге қаражат бөлінген болатын. Бірақ тұрғындар тарапынан қызығушылық аса жоғары болғандықтан қаржы жетіспеушілігі пайда болды. Енді тапсырыстарды, жеткізушілер алдындағы міндеттемелерді орындау мақсатында Үкімет резервінен қаржы жетіспеушілігінің 50 пайызын өтеу үшін 3,2 миллиард теңге қосымша жергілікті атқарушы мекемелерге бөлінген болатын. Бұл шешім ең алдымен балалардың құқықтары үшін, балалар үшін қабылданған болатын.

Нормативтік база жөнінде. Әрине, осы бағдарламаны жетілдіру мақсатында Мәдениет және спорт министрінің бұйрығына ережелерге сәйкес өзгерістер енгіздік. Бүгінгі күні бұйрық жобасы әзірленіп, қабылданған болатын.

Біз былтырғы жұмыстың нәтижесін зерттедік, жан-жақты қарадық. Биылдың өзінде жергілікті атқарушы мекемелерден, яғни әкімшіліктерден мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыс аясында 86,7 миллиард теңге бөлінген болатын. Осы қаражат арқылы 560 мыңнан астам балалар мен жас өспірімдерді қамтамасыз етеміз деген жоспар

құрылды. Өткен жылға қарағанда биыл мемлекет тарапынан қаражат екі есеге ұлғайды деп айтуға болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Абден Қарақат Жақсылыққызы.

АБДЕН Қ.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Экология және табиғи ресурстар министріне.

Құрметті Зульфия Болатқызы! Өздеріңіз білетіндей, бүгінде «Қошқар ата» радиоактивті және уытты қалдықтар қоймасында проблема орын алуда. Оның шешімі қалдықтар қоймасын қалпына келтіру болып табылады.

Сіз басқарып отырған министрліктің «Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту» бюджеттік бағдарламасын жүзеге асыруда оған 4,7 миллиард теңге қарастырылған, оның ішінде Маңғыстау облысының қоршаған ортаны қорғау объектілерін салуға және реконструкциялауға 4,5 миллиард теңге бағытталған.

Сонымен қатар «Қошқар ата» қалдықтар қоймасын қалпына келтірудің бірінші кезеңі бойынша игерілмей қалған 2,1 миллиард теңгені құрады.

Іске асырылу кезеңі 2020 – 2025 жылдар екенін назарға алатын болсақ, жоспардың тек 11 пайызға орындалғаны, ал іске асырудың алғашқы жылдары игеру жалпы құнның 10,8 пайызы, яғни 1,8 миллиард теңге құрағаны таңғалдырады.

Сондықтан қоршаған ортаны қорғау объектілерін салу мен реконструкциялау бойынша оң динамика жоқ деуге болады.

Осыған байланысты, Зүлфия Болатқызы, түсіндіріп беріңізші, аталған бюджеттік бағдарлама қаражат толық берілсе де, оны игеру пайызы неге соншама төмен?

ТӨРАҒА. Экология және табиғи ресурстар министрінің микрофонын қосыңыздар.

СҮЛЕЙМЕНОВА З.Б. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Қарақат Жақсылыққызы, өзіңіз айтып кеткендей, әлбетте, «Қошқар атаны» рекультивациялау жобасы өте маңызды. Осыған байланысты былтыр қаражат толық көлемде бөлінген болатын.

Бір айта кететін жайт, осы жоба Маңғыстау облысының әкімдігінде нысаналы трансферт негізінде жүзеге асырылады.

Былтыр 905 гектар жер рекультивациялануы керек болды, оған 3 миллиард теңге бөлінген болатын, алайда 254 гектары ғана рекультивацияланды. Біз былтыр Маңғыстау облысының әкімдігінен осы жобаны жүзеге асыруға бағытталған кейбір іс-шаралардың бағасының және құнының өзгеруіне байланысты жобалық-сметалық құжаттаманың қайта қаралуы қажеттілігі жөнінде хат алған болатынбыз. Өкінішке қарай, Маңғыстау облысының әкімдігінде осы жобалық-сметалық құжаттаманы қайта қарастыру үдерісі өте ұзаққа созылып кетті. Осыған байланысты біз биыл да сол бұрынғы жобалық-сметалық құжаттама бойынша қаражат қарастырдық. Бірақ біз Маңғыстау облысынан қайта қаралған жобалық-сметалық құжаттаманы әлі алған жоқпыз. Оны алғаннан кейін біз заңда қарастырылған ретпен тиісті іс-шараларды қарастырып, Қаржы министрлігімен пысықтайтын боламыз.

Тағы бір айта кететін жайт. «Қошқар ата» жобасының маңыздылығына байланысты ол біздің министрліктің ұдайы бақылауында болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Құспеков Олжас Хайроллаұлы.

ҚҰСПЕКОВ О.Х. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Премьер-Министрдің орынбасары Көлгіновке.

Құрметті Алтай Сейдірұлы! Бұған дейін менің әріптестерім атап өткендей, өткен жылғы инфляция тарихи ең жоғарғы көрсеткішті көрсетті. Мен сандарға тоқталмай-ақ қояйын.

Бағаның өсуі әсіресе зейнеткерлердің, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың өмір сүру сапасына теріс әсер етуде. Бүгінгі таңда азаматтардың бұл санаты табыстың жартысынан көбін тек азық-түлік сатып алуға жұмсауға мәжбүр.

Мемлекет басшысы 2022 жылғы 14 шілдеде сөйлеген сөзінде халықтың аз қорғалған топтарына атаулы әлеуметтік қолдау көрсетуге көшу міндетін қойды. Бұл бағытта бізде Ақтөбе облысында пилоттық жоба да жүзеге асырылды.

Мысал ретінде көрші елдің табысты іске асырылған тәжірибесін келтіруге болады. Оларда атаулы әлеуметтік қолдау алушылар, зейнеткерлер әлеуметтік карталар арқылы отандық тауар өндірушілердің өнімдерін нарық құнынан 15-20 пайызға төмен бағамен сатып ала алады. Осылайша ішкі тамақ өнімдері, жеңіл өнеркәсіп өндірісіне қолдау көрсетудің және оған жанама қолдау көрсету қамтамасыз етіледі.

Осыған байланысты, Алтай Сейдірұлы, Мемлекет басшысы алға қойған атаулы әлеуметтік қолдауды енгізу жөніндегі міндет қалай орындалып жатқанын айтып берсеңіз. Сіздер жоғарыда айтылған тәжірибені пайдалануға дайынсыздар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Алтай Сейдірұлы.

КӨЛГІНОВ А.С. Рақмет, құрметті Олжас Хайроллаұлы.

Субсидиялау жүйесіне өзгерістер енгізу барысында біз терең өңдейтін зауыттарды, терең өңдейтін мекемелерді соғу кезінде 25 пайыз инвестициялық субсидия төлену мүмкіндігін қарастырып отырмыз. Ол осы өндірісті өзімізде дамытуға мүмкіндік ашады.

Шетелдік инвесторларды Қазақстанға шақырып, теріні өңдеп, желатин шығару бойынша жобаларымыз бар. Оған да қолдау көрсетіп, Қазақстан территориясында осындай зауыттарды соғуға көмекті қарастырып жатырмыз.

Экспорттық баж мәселесі бойынша. Ауыл шаруашылығы министрлігі оны толықтай қолдайды, бажды алып тастау қарастырып жатыр.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, жаңа келіскен 30 минут өтіп кетті. Сонымен сұрақ қоюды тоқтатамыз ғой? Шынын айтсақ, бұл өтіп кеткен пойыздың артынан қол бұлғағанмен бірдей ғой. Бюджет орындалған.

Құрметті депутат Базарбек Бақытжан, сіздің де сұрағыңызды тыңдағымыз келіп отыр, бірақ Регламент бар.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Ұласбек Сәдібековке беріледі.

СӘДІБЕКОВ Ұ. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер және отырысқа қатысушылар! Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2022 жылғы республикалық бюджеттің есептерін қарау барысындағы атқарылған жұмыстар туралы қысқаша баяндауға рұқсат етіңіздер.

Жұмыс тобының сегіз отырысы өткізілді, бюджеттік бағдарламалардың 24 әкімшісі, өңірлердің өкілдері, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері тыңдалып, республикалық бюджеттің атқарылуының проблемалық мәселелері талқыланды.

Енді солардың кейбіріне тоқталып өтейін.

2022 жылы республикалық бюджеттің кірісі 16 триллион теңгені құрады немесе 101,9 пайызға орындалды. Бұл көрсеткіш 2021 жылмен салыстырғанда өсу қарқынының 127,7 пайызды құрағанын көрсетеді. Алайда республикалық бюджеттің Ұлттық қордан берілетін трансферттерге тәуелділігі жалғасуда.

Республикалық бюджет кірісінің шамамен 34,4 пайызы трансферттердің түсімдері есебінен қалыптасқан. Бұл 5,5 триллион теңгені құрайды. Оның ішінде 4,6 триллион теңге ұлттық қордан түскен қаржы.

Шығындар бойынша. Шығындар 18,5 триллион теңгені құрап отыр. Жоспар бойынша орындалғаны 98,6 пайыз. Ал орындалмағаны 262,6 миллиард теңге.

Қаржыны уақтылы игермегендердің тізімін Қаржы министрлігі бастап тұр (16,5 миллиард теңге). Сондай-ақ бұл тізімде Денсаулық сақтау министрлігі (13,8 миллиард теңге) және Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі (10,2 миллиард теңге).

Жалпы, 2022 жылға арналған республикалық бюджеттің жоспарланған параметрлері орындалғанына қарамастан, жұмыс топтарының отырыстарында депутаттар түйткілді мәселелерді көтерді. Енді солардың кейбіріне тоқталып өтейін.

Біріншіден, жоспарлаудың жүйесіздігі. Игерілген қаражат пен бюджетті қалыптастыру кезінде жоспарланған көрсеткіштер арасында нақты байланыс жоқ. Мысалы, әкімшілер практикада нысаналы индикаторларға қол жеткізуді өздеріне ыңғайлы етіп жоспарлайды. Не жөнінде айтылып отырғанды барлығы да түсініп отыр деп

ойлаймын. Бұл стратегиялық мақсаттарға формальды қатынасты көрсетеді. Бұл өз кезегінде стратегиялық және бюджеттік жоспарлау сапасының төмендігін айқындайды.

Екіншіден, тиімсіз жоспарлаудың салдары бюджет қаражатын тиімсіз пайдалануға жол беріп отыр. Осылайша 2022 жылы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған тиімсіз пайдаланылған бюджет қаражатының көлемі 421 миллиард теңгені құрады.

Үшіншіден, республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің өзара және жергілікті атқарушы органдармен арадағы іс-қимылдарының келіспеуі.

Бүгінгі таңда бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері нысаналы трансферттер түрінде дамуға бөлінген қаражат бойынша әртүрлі есеп берді. Республикалық деңгейде орындау 100 пайыз, өңірлік игеруде 94 пайызды құрап отыр. Мәселен, аймақтарды дамытуға бөлінген 1 триллион 79 миллиард теңге нысаналы трансферт, оның 64 пайызы Ұлттық қор есебінен берілген, 63 миллиард теңгесі игерілмей қалып отыр.

Бұл көрсеткіштердің артында қаншама мәселе жатыр – суға, канализацияға, газбен жабдықтауға қол жеткізе алмай жүрген халық тұр және денсаулық сақтау объектілері тапшы өңірлердің болуы. Мәселен, Энергетика министрлігі газ тасымалдау жүйесін дамытуға бөлінген қаражатты 100 пайыз игерген, дегенмен 9,7 миллиард теңге, оның ішінде Ұлттық қордан 8,9 миллиард теңге өңірлер бойынша игерілмеген. Жоғары аудиторлық палатасының есебіне сәйкес бұл шамамен 299 мыңнан астам адам газбен қамтамасыз етілмей қалды деген сөз. Бұл 105 елді мекен, үш қаланың халқы. Осыған қарамастан министрлік түпкілікті нәтижеге қол жеткізілді деп санайды.

Төртіншіден, жекешелендіру процесінің тиімділігінің төмендігі. Мемлекеттік меншіктің сегіз нысаны нарықтық құнынан төрт есе дерлік төмен сатылды. 1 миллиард 582,6 миллион теңгенің орнына 403,1 миллион теңге.

Бесіншіден, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджетке тәуелділігі сақталуда. Өкінішке қарай, тиімсіз пайдаланылған қаражатқа қатысты мысалдарды жалғастыра беруге болады.

Жұмыс тобының отырыстарында Үкіметтің есебін қарауды қорытындылай келе, бөлінген қаржыны дер кезінде игеру әкімшілердің басты міндеті секілді әсер қалдырды. Ал тиімді түрде игеру жоспары екінші, тіпті үшінші орында қалып қойған.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері күтілетін нәтижені жоспарлауға формалды түрде қарайды. Тиісінше бюджетті орындау кезінде кейбір мемлекеттік органдарда толық игеру жоқ, бірақ көрсеткіштер бірнеше есе артық орындалған. Ал басқаларында игеру көрсеткіштері жоғары болғанымен, индикаторларға қол жеткізілмеген.

Сондай-ақ бюджеттің тиімсіз атқарылуының негізгі себептерінің бірі – дұрыс жоспарламау деп айтар едім.

Сонымен қатар жұмыс топтарының отырыстарында Үкіметтің есебін ұсынған мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлерінің дайындығының сапасы төмен екендігін атап өткен жөн. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мемлекет қаржысын қандай мақсаттарда жұмсағаны мардымсыз. Кездесулер барысында қойылған сұрақтарға толық жауаптар алынған жоқ.

Қаржы және бюджет комитеті 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылу қорытындыларына қанағаттанарлық баға берді. Бюджетті атқару барысында заңсыздықтар мен кемшіліктерге жол берген орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың басшылығына қатысты жауапты тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде Үкіметке шара қабылдау қажет деп санаймыз. Бұл ретте 2024 – 2026 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізу кезінде депутаттардың есепті талқылау барысында айтқан ескертулері мен ұсыныстарын ескеріп, қабылданған шаралар туралы ақпарат беруі тиіс.

Құрметті отырысқа қатысушылар! Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері есептер бойынша оң қорытынды жасады. Алынған ескертулер Қаржы және бюджет комитетінің қорытындысында көрсетілген.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Жоғары аудиторлық палатаның 2022 жылдың қорытындысы бойынша талқыланған есептерін Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына жолдау ұсынылады.

Сіздерде қорытынды бар. Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ұласбек Сәдібекұлы.

Енді бұл мәселені талқылауға көшеміз.

Сөз «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы фракциясының жетекшісі депутат Баққожаев Анас Ахатұлына беріледі.

БАҚҚОЖАЕВ А.А. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! 2022 жылғы бюджеттің орындалуы бойынша есепті «Ауыл» фракциясының депутаттары мұқият қарап шықты. Оның орындалуы бойынша айтарлықтай ескертулер жоқ.

Мәселенің барлығы қайда жатыр? Мәселенің барлығы бюджетті жоспарлауда жатыр. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы саласына бюджеттен бөлінетін қаражат жеткіліксіз, тіпті тым жеткіліксіз деп айтуға болады.

Қазіргі таңда субсидияның көлемі, егер ауыл шаруашылығын дамытамыз десек, онда агроөнеркәсіп кешеніндегі ішкі жалпы өнімнің кем дегенде 10 пайызын құрау керек. Еуразиялық одақ бойынша көрші мемлекеттердегі жағдайды біз мысал ретінде келтіріп, Премьер-Министрдің атына депутаттық сауал жолдаған болатынбыз. Бірақ, шынын айтайық, оның жауабы мардымсыз болды.

Бүгінгі таңда кәсіпкерлер агробизнеспен айналысуға қызығушылық танытпайды. Бұл шындық. Неге?

Өздеріңіз білесіздер, импорттық тауарлар ағыл-тегіл Қазақстанға кіріп жатыр. Экспорт бойынша кейбір бағыттарда бізде шектеу тұр. Азық-түлік бағаларына ішкі нарықта қатаң қадағалау жүргізіледі. Міне, осындай шаралар агробизнестің экономикалық тиімділігін тым күрт төмендетіп тастады.

Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу жүйесі жоқ. Сақтандыру нарығында бәрі шалажансар жағдайда жатыр. Банктердің сыйақылары өте жоғары, олардың қатып қалған кепілдік саясаты шаруаларды ынталандырмайды. Осындай

жағдайда ауылға барып ауыл шаруашылығымен кім айналысады? Өкінішке қарай, ешкім айналыспайды.

Инвесторлар келеді, өз-өзінен жақсарады деген үмітті қою керек деп есептейміз. Ірі компаниялар, қалталарында ақшасы бар азаматтар ауыл шаруашылығына ақша құймайды, себебі экономикалық тиімділігі өте төмен. Олар құрылыс, сауда-саттық, басқа нарықтарға жүгіреді, себебі ол жерде пайда жоғары.

Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуге қажет ресурстардың бәрі қымбат, техника қымбат, жанар-жағармай, тыңайтқыштар, еңбек нарығы күн сайын қымбаттап жатыр, ал инвестициялық және тауарлық субсидияның көлемі бір орнында тұр. Осы мәселе ешқашан шешілмейтін тәрізді. «Неге?» деген сұрақ туындайды.

Субсидияның ұлғаюын бүкіл шаруалар күтіп отыр. Субсидияның деңгейі неге инфляцияға қарай жасалмайды, неге жоспарланбайды?

Жаңа Қаржы министрі айтып кетті, біз болжағанда арнайы талдау жасаймыз деп. Қазіргі кезде халықты біз азық-түлікпен емес, өтірік статистикамен азықтандыратын болдық. Мүмкін, осы өтірік статистиканың негізінде осындай қате жоспарлау жүріп жатқан да шығар.

Ақшаның ұлғаюын шаруалар базардан апасын күткен баладай күтіп отыр. Сондықтан осы мәселеге бір көңіл бөлу керек сияқты.

Ауыл шаруашылығы министрлігіне рақмет, олар талай рет ақша қажет, ұлғайту керек деп сұраған екен, бірақ Үкімет тарапынан неге қолдау жоқ? Бұл бір.

Екінші мәселе. Ауыл-аймақтарда ауыл шаруашылығына қажет инфрақұрылым жоқ. Су бойынша бір ғана мысал келтірейін. Президентіміз айтқандай, алдағы уақытта су тапшылығы болады. Бірақ мұны ескеріп жатқан Үкімет жоқ. Бірқатар шаруалар суармалы егістіктің арқасында жоғары өнімділікті көрсетіп отыр. Олардың тәжірибесін көріп басқа шаруаларда дамығысы келеді. Алайда соларға мүмкіндік жасап, жерасты су көздерін іздеп жүрген Үкімет жоқ. Жаңбырлатып немесе тамшылатып суаруға қажет құрал-жабдық шетелдікі және өте қымбат. Оның отандық өндірісін ұйымдастыруға атқарушы органдардың ынтасы шамалы.

Міне, осындай маңызды мәселелерге көңіл бөлгіміз келеді.

Жалпы, «Ауыл» фракциясының депутаттары Үкіметтің бюджетті орындауы туралы ұсынылған есебіне қарсы емес. Қолдаймыз. Алайда алдағы уақытта бюджетті жоспарлау барысында осы екі мәселені Үкімет өз назарына алады деген үміттеміз. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз «Respublica» партиясы фракциясының мүшесі депутат Шүкіжанова Динара Аманжелқызына беріледі.

ШҮКІЖАНОВА Д.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемые коллеги! Республика – это общее дело. Сегодня очень легко выбирать позицию критики, не принимать отчет, говорить, что ничего не сделано Правительством, но это не наш формат.

Следует констатировать, в стенах Парламента систематически говорится о недостижении целевых индикаторов, проблемах исполнения и неэффективного расходования бюджета. Проблемы переходят из года в год, так и не находя своего решения. Вместе с тем нынешняя ситуация требует консолидации усилий Парламента, Правительства, Национального Банка, бизнеса и общественности в целях формирования эффективной бюджетной политики.

Согласно заключению Высшей аудиторской палаты, одним из основных макропоказателей работы Правительства за 2022 год является уровень инфляции. Прогнозный показатель – 8-10 процентов, фактически – 20,3 процента.

В течение 2022 года отечественный бизнес стал свидетелем ряда несогласованных решений, принятых Правительством, таких как запрет экспорта муки, овощей, масла, семян, живого скота, которые по факту способствовали росту убытков казахстанских товаропроизводителей, нерегулированию цен. В этой связи мы выделили пункты, на которых сегодня хотим заострить внимание Правительства.

Социальная поддержка. Государство субсидирует значительную часть потребительских товаров и услуг без какой-либо дифференциации среди различных категорий населения, включая продукты питания, тарифы на топливо, коммунальные услуги.

Подобная политика тотального субсидирования вредит полноценной реализации фундаментальных рыночных законов, исчерпывает бюджетные ресурсы, приводит к надуванию структурных и финансовых пузырей. Социальная поддержка должна быть точечной и адресной. В мировой практике применяют различные методы определения приоритетных, нуждающихся целевых групп.

В Казахстане с его цифровым потенциалом можно без труда внедрить механизмы адресной социальной поддержки, причем не только в сфере продовольствия, но и в сфере коммунального, транспортного сервиса и прочих услуг. Проще говоря, богатый человек не должен покупать хлеб по льготной цене наравне с пенсионерами.

Согласование индикаторов кредитования экономики. Основной целью Национального Банка Республики Казахстан является обеспечение стабильности цен в Казахстане и проведение эффективной денежно-кредитной политики государства.

Согласно отчету Высшей аудиторской палаты, объемы банковского кредитования экономики с каждым годом снижаются. Так, активы БВУ на начало года составили 45 триллионов тенге. Отмечается, что лишь 20 процентов средств направляется на финансирование бизнеса как основа роста экономики. Это, безусловно, связано с неприемлемыми условиями кредитования для реального сектора экономики.

Правительству следует занять более жесткую позицию в отношении политики Национального Банка в вопросах кредитования предпринимательства. Фактически драконовские меры не сдерживают инфляцию, но сдерживают развитие национального бизнеса.

Совместно с Агентством по регулированию и развитию финансового рынка нужно разработать четкие индикаторы для банков второго уровня по кредитованию экономики, особенно это касается банков, получивших государственную поддержку. Наше

Правительство требует встречные обязательства от сельхозтоваропроизводителей, а у банков не требует.

Продовольственная безопасность. Заявляя о себе как о перспективной аграрной стране мы до сих импортируем социально значимые товары – молочную и мясную продукцию, сливочное масло, сахар, гречку и прочее. В прошедшем году мы стали свидетелями мощного инфляционного импульса, который ударил по самым необходимым продуктам питания.

Понятно, что казахстанская экономика, будучи интегрированной в глобальную, становится жертвой событий мирового рынка. Несмотря на это, такие соседние страны, как Россия и Беларусь, прицельно и эффективно просубсидировав продовольственную отрасль, добились довольно высокого уровня самообеспечения продуктами, продолжают свою демпинговую экспансию в Казахстан. В качестве примера можно привести нынешнюю ситуацию на рынках молочной продукции и зерна.

С учетом общей нехватки объемов финансирования для производства сельскохозяйственной продукции, недостаточных мер по защите локального рынка для развития отечественного продукта мы предлагаем пересмотреть систему государственной поддержки. Нужно применять опыт соседних стран, практикующих подход экономического протекционизма.

Развитие инфраструктуры и строительства. Широкое распространение доступного телекоммуникационного и транспортного обслуживания позволяют повышать производительность труда, создавать новые рабочие места и ускорять экономический рост. Как известно, чем выше уровень развития инфраструктуры, тем выше уровень социально-экономических показателей и благосостояния населения, а также, безусловно, инвестиционная привлекательность страны.

В этой связи при разработке национального инфраструктурного плана необходимо обратить особое внимание на привлечение дополнительных частных и государственных инвестиций, создание инфраструктурных проектов в логистике, производстве, энергетике, образовании и в других приоритетных направлениях.

Казахстан сегодня обязан создавать комфортную среду для развития предпринимательства, ведь бизнес создает рабочие места, пополняет государственный бюджет налогами, производит товары, но не имеет на текущий момент того голоса, которого заслуживает.

Считаем, что нужно сделать акцент на поддержку рациональной предпринимательской инициативы, оградить предпринимателей от излишней бюрократии и популизма, коррупции, обеспечить адекватной инфраструктурой, доступным финансированием и правовой защитой. Нужна своя градация для предпринимателей в вопросах налогообложения, финансирования и применения льготных механизмов. Безусловно, требуется прорабатывать реформы в деталях системно и комплексно.

Мы, партия «Respublica», считаем, что Казахстан обязан сделать рывок в развитии несырьевых секторов экономики, ведь эта возможность у нас сейчас есть.

Считаем возможным одобрить отчет Правительства с учетом озвученных предложений, которые направлены на улучшение благосостояния и повышение доходов населения Казахстана.

Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз «Қазақстан халық партиясы» фракциясының жетекшісі депутат Магеррамов Магеррам Мамедовичке беріледі.

МАГЕРРАМОВ М.М. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Согласно отчету Правительства, экономика вышла на траекторию устойчивого роста. Но мы считаем, что рост ВВП на 3,3 процента является всего лишь базовым показателем прогноза социально-экономического развития, который не ощущается на благополучии простых людей.

Важными и более информативными индикаторами являются реальные доходы населения, состояние несырьевого сектора, образования и научно-технологической сферы.

Особо хотим отметить проблему безработицы в Казахстане. Показатель, который держится в диапазоне 4-6 процентов, в сравнении с данными прошлого года не изменился. Подходы к борьбе с безработицей должны быть Правительством пересмотрены и применяться более эффективные меры, чтобы в следующем отчете наблюдалась ощутимая позитивная динамика, а равно улучшение позиций на рынке труда.

Социальные трансферты по итогам 2022 года составляют 31 процент к трудовым доходам, что свидетельствует о высокой степени зависимости населения от социальной поддержки государства.

На фоне низких социальных показателей рост доходов большинства наших граждан отстает от реальной стоимости жизни, углубляется материальное расслоение общества, сокращается трудовая занятость.

Немаловажной проблемой является рост закредитованности населения, не связанного с предпринимательством. В 2022 году кредиты в денежном выражении составили 13,2 триллиона тенге, что свидетельствует о сохранении потребительской, а не сберегательной модели поведения и снижении платежеспособности населения.

Возникает вопрос о необходимости принятия дополнительных мер по снижению государственной и кредитной зависимости.

Мы – страна с большим экономическим потенциалом и трудолюбивым народом, однако положение человека труда при этом находится в режиме выживания. Половина трудоспособного населения занята в межсезонных или на временных работах, живя на случайные заработки.

В целом Правительству необходимо кардинально пересмотреть прогноз социально-экономического развития страны, усилить меры, способствующие реальному росту социального благополучия казахстанцев и повышению экономической устойчивости страны.

Сегодня мы наблюдаем фактическое снижение благосостояния наших граждан. Самый тревожный показатель, когда почти 50 процентов доходов казахстанских семей расходуется на продукты. С учетом высоких темпов продовольственной инфляции можно прогнозировать, что граждане Казахстана будут все больше тратить на продукты и экономить на отдыхе, здоровье и образовании.

Несмотря на это, бюджет выстраивался с постоянным ростом статей, не влияющих прямо на повышение уровня жизни, модернизацию отечественной промышленности, раскрытие научно-технологического потенциала.

Анализ реализации принятых национальных проектов показал, что вопрос о необходимости принципиального пересмотра механизма их подготовки, оценки и подведения итогов реализации, о котором мы постоянно говорим, так и не решен.

Еще раз отмечаем, что приоритетами должны быть не механическое освоение бюджетных средств и число проведенных мероприятий, а качественные изменения в отраслях экономики и повышение уровня жизни граждан.

Фактически не достигнуты задачи, поставленные Главой государства, по переходу на формат лаконичных национальных проектов, понятных всем гражданам. В бюджете на развитие продуктивной занятости и массового предпринимательства было предусмотрено 40 миллиардов тенге для микрокредитования сельских жителей, реализующих или планирующих реализовать бизнес-проекты в сельских населенных пунктах и малых городах. Из них освоено 32,1 миллиарда тенге, что составляет 80,3 процента в общем.

На повышение предпринимательской активности направлено почти 60 миллиардов тенге, в рамках которых в отчете запланированные показатели отражены как достигнутые, при этом имеет место неисполнение плановых значений, что свидетельствует о некачественном планировании.

Например, в 2022 году на реализацию мероприятий в рамках проекта «Бастау Бизнес» не выделялись средства, не выполнен план обучения безработных на рабочем месте у работодателей, проект «Серебряный возраст» для трудоустройства лиц предпенсионного возраста не набрал планового количества заявок.

Пора уже отказаться от чисто механических подходов к определению необходимой доли государственного участия в экономике. Принцип гильотины и другие инструменты с красивыми названиями на практике не работают.

Следует пересмотреть систему управления, начав с эффективности руководящего состава. На сегодня этот институт практически не несет никакой ответственности за эффективность работы нацкомпаний и даже за их колоссальные убытки. Назначение в составы советов директоров высокопоставленных госслужащих, так называемых тяжеловесов, не приносит всеми ожидаемой пользы.

С учетом изложенного надеемся, что Правительство не только обратит внимание на наши замечания, но и примет их как руководство к действию в интересах страны и народа.

Отчет Правительства Республики Казахстан об исполнении республиканского бюджета за 2022 год с учетом заключения Высшей аудиторской палаты считаем возможным одобрить и принять как аванс на будущее. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы фракциясының жетекшісі депутат Перуашев Азат Тұрлыбекұлына беріледі.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Рақмет, құрметті Төраға.

«Ақ жол» фракциясы Үкіметтің есебін қолдамайды және де оған қарсы дауыс береді. Оған талай себеп бар. Уақыт тығыз болғандықтан бесеуін ғана атап өтейін.

Фракция «Ак жол» не поддерживает отчет правительства. Назову пять причин, почему.

Первая причина – сомнительные достижения в доходах.

Хотелось бы обратить внимание коллег на два тревожных момента, за счет которых в основном и достигнуто перевыполнение доходов в бюджет, о которых говорится в отчете правительства.

Это увеличение налогов сразу на 42 процента и займов – на 13 процентов. Что такое рост налогов на 42 процента? Разве у нас настолько увеличилось число работающих предприятий? Нет. Или у старых предприятий настолько выросли прибыли? Тоже нет.

Основными причинами роста налогов названы увеличение ставок, уменьшение возврата НДС и улучшение налогового администрирования. К сожалению, предприниматели очень хорошо знают, что скрывается под этими терминами.

Так, в 2022 году органами госдоходов проведено 20 тысяч налоговых проверок, что на 24 процента больше, чем в предыдущем. Доначислено налогов на 677 миллиардов тенге, что в 2,5 раза больше, чем годом ранее. Хотя Правительство со всех телевизоров докладывает, что сокращает проверки и давление на бизнес. Какое-то странное «сокращение».

С учетом прежней налогооблагаемой базы налоговики фактически добивают оставшихся предпринимателей, нередко подвергая их двойному налогообложению. Именно об этом фракция «Ак жол» сделала депутатский запрос в прошлую среду, указав, что наша налоговая система скатывается к репрессивной политике. Например, через признание налоговиками сделок недействительными или отмену регистрации повторным налогам подвергаются уже тысячи предпринимателей, только за два года количество таких фактов выросло в три раза.

При такой фискальной политике наполнять бюджет скоро будет просто некому, зато подвергается риску инвестиционная политика и дискредитируется деловой климат.

Самое тревожное, что давлению подвергаются предприятия с рядовой рентабельностью, тогда как сверхприбыльные секторы остаются неприкасаемыми.

Так, налоговая нагрузка на банки составляет всего лишь от 2 до 5 процентов при том, что на них работает вся экономика – и государство, и бизнес, и население. Даже в пандемию, когда экономика лежала на боку, у банков доходы только росли. Их вклад в бюджет не только меньше вклада отраслей промышленности, строительства или транспорта, но даже меньше профессиональной и научной деятельности, хотя сравните уровень жизни банкира и сотрудника какого-нибудь НИИ.

Также сомнительна отдача от нефтегазового сектора. Так, по крупнейшим месторождениям иностранные инвесторы работают в режиме СРП, и наше Правительство отказывается раскрывать информацию, какую долю от продажи нефти по этим соглашениям получает Казахстан. Если бы эти СРП были справедливыми, то инвесторы были бы заинтересованы показать, что хорошего они сделали для нашей страны. Противиться раскрытию информации они будут, только если эти условия заведомо

невыгодны для Казахстана. Но почему-то за национальные интересы здесь в одиночку бьется ТОО «PSA», а не Правительство.

Относительно роста доходов за счет увеличения займов. Нужно понимать, что на самом деле это не доходы, а долги.

Темпы роста государственного долга намного опережают рост ВВП. Так, за год госдолг вырос на 18 процентов. За последние десять лет внешний долг увеличился в семь раз – с 3 до 25 триллионов. Нагрузка на обслуживание долга увеличилась в девять раз. Как угодно, но фракцию «Ак жол» такой рост доходов ничуть не радует.

Вторая причина нашего несогласия с Правительством – безответственность в планировании бюджета.

После утверждения бюджета на 2022 год производилось восемь корректировок, причем 162 миллиарда тенге остались нераспределенными.

Считаем такое пренебрежение к собственным расчетам полным провалом бюджетной дисциплины. За подобное планирование в частной компании наемный менеджмент вылетел бы с работы. По идее, госслужащие – тоже наемные работники, которым народ доверил распоряжаться его деньгами. Но что-то не слышно, чтобы Правительство наказало халтурщиков.

Третья причина – нарастающий ненефтяной дефицит бюджета.

При уточнении республиканского бюджета в 2022 году показатель ненефтяного дефицита был повышен до 9 триллионов 300 миллиардов вместо утвержденных 7 триллионов тенге, а нарушенный порог дефицита в 8,1 процента обошли, просто подняв до 10,2 процента. Это называется «ловкость рук – и никакого мошенничества».

Напомню, что Министерство нацэкономики докладывало Президенту Токаеву, что ненефтяной дефицит в 2022 году должен был быть снижен до 5,1 процента. Но в реальности, напротив, произошло увеличение ровно в два раза, а нам предлагают его утвердить и тем самым узаконить.

Четвертая причина – проедание Национального фонда.

Как отмечает Высшая аудиторская палата, средства Национального фонда расходуются вопреки утвержденной концепции и даже здравому смыслу. 64 процента средств, выделенных из Национального фонда, Правительство направляет на текущие мероприятия − выплату пенсий, пособий и даже содержание осужденных или микрокредитование.

Кроме того, как сообщается, по итогам 2022 года был зафиксирован рекордный убыток от управления Национальным фондом – 1 триллион 400 миллиардов тенге. По данным Высшей аудиторской палаты, при таких темпах активы Национального фонда иссякнут уже к 2030 году.

Фракция «Ак жол» не может одобрить такие подходы.

Пятая причина – паразитарная роль квазигоссектора.

Этот сектор создавался два десятилетия назад для лучшего управления и увеличения доходов государства. За эти годы нацкомпаниям давно пора встать на ноги и приносить прибыль.

Неслучайно руководством страны ставилась задача по сокращению госфинансирования и повышению вклада квазигоссектора в бюджет. Вместо этого

объемы финансирования квазигоспредприятий выросли на 38 процентов, однако отдача крайне сомнительная.

В 2020 году было поручение Главы государства – направить в бюджет 100 процентов прибыли нацкомпаний, а по факту направили только 12 процентов.

Фонд «Самрук-Казына» в 2022 году от дохода в 1 триллион 600 миллиардов тенге уплатил дивидендов в бюджет всего 170 миллиардов тенге, или 10 процентов. Понимаете, да? Государство холдингам и нацкомпаниям выделяет триллионы, а они возвращают в госбюджет в шесть раз меньше. Где тут государственные интересы?

Считаю нужным напомнить, что квазигоссектор составляет до 60 процентов экономики, поэтому без его доходов Парламент видит только часть реальных финансовых потоков, которые формируются за счет государства. Остальными суммами Правительство и нацкомпании распоряжаются вне стен Парламента, вне бюджета, по своему усмотрению. И где тогда влиятельный Парламент и подотчетное Правительство?

Вмешательство государства в экономику, создание 6,5 тысячи квазигоспредприятий привело не только к формированию огромного числа нахлебников на шее у общества, но и к неконкурентному давлению на частное предпринимательство, которое не имеет возможности конкурировать с административными и финансовыми ресурсами государства.

Уважаемые коллеги, в своей политической программе Демпартия «Ак жол» для возвращения к рыночным основам требует разработать комплексную программу по либерализации национальной экономики, а также вернуть под контроль Парламента все государственные финансы, потому что возможности государства определяются бюджетом, но значительная часть госсредств расходуется вне бюджета. Речь о доходах и расходах госхолдингов и нацкомпаний. Многие из них десятилетиями паразитируют на государстве, служат инструментом незаконного и бесконтрольного обогащения коррумпированных лиц. Поэтому финансы госхолдингов и нацкомпаний должны включаться в бюджет и утверждаться Парламентом. То же самое касается всех фондов с обязательными взносами (ЕНПФ, Фонд обязательного медстрахования и так далее).

Вся чистая прибыль нацкомпаний должна поступать в бюджет. Если через годы после создания госкомпания все еще просит деньги у государства, значит, она работает не на государство, а на свой карман.

Например, «Самрук-Казына Өндеу» (бывшая Объединенная химическая компания), по открытым данным, имеет накопленный за десять лет убыток в 240 миллиардов тенге и ни в чем себе не отказывает дальше. И таких квазипредприятий немало.

Так, может, правильнее поддерживать частный бизнес, который будет работать на свои деньги, да еще платить в бюджет.

Сегодня Парламент судит о работе Правительства исключительно по освоению бюджета. Но бюджет – это финансовый документ. Стране нужен не только финансовый, но и политический документ, показывающий, какие конкретные задачи ставит перед собой Правительство, помимо сбора и траты денег.

До 2007 года закон обязывал Правительство защищать в Парламенте программу своих действий, где должны были утверждаться конкретные социально-экономические

задачи. Потом эту статью тихо убрали, и с тех пор Парламент судит о работе Правительства только по освоению бюджета.

Полагаем необходимым восстановить норму, через которую Парламент возложит на Правительство не только финансовую отчетность, но и политическую ответственность за развитие государства. Тем самым будет реализована формула Президента Токаева о влиятельном Парламенте и подотчетном Правительстве.

Кроме того, в реализацию конституционной реформы и в соответствии с международным опытом требуем наделить Мажилис правом проведения парламентских расследований по фактам хищений и коррупции, выявляемым Высшей аудиторской палатой в ходе контроля бюджета.

К сожалению, ничего из этих подходов в отчете Правительства не присутствует.

С учетом вышеизложенного Демпартия «Ак жол» не поддерживает отчет Правительства об исполнении бюджета

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы фракциясының жетекшісі депутат Рақымжанов Асхат Нұрмағамбетұлына беріледі.

РАҚЫМЖАНОВ А.Н. Спасибо.

Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемые коллеги! Фракция ОСДП считает, что для повышения эффективности использования государственного бюджета необходимо вовлекать больше общественности.

С недавнего времени Счетный комитет был переименован в Высшую аудиторскую палату, что предполагает не только смену названия, но и переход на международные стандарты аудита. Новый статус предполагает не только выявление нарушений, но и оказание поддержки в улучшении бизнес-процессов в государственном и квазигосударственном секторах.

Говоря о переходе на более современную систему, необходимо заимствовать и международный опыт в ведении прозрачных процессов и максимальном вовлечении населения и независимых экспертов. К примеру, на сайте Высшей аудиторской палаты нет полных отчетов, с которыми мог бы ознакомиться каждый казахстанец.

Так, в 2018 году эксперты «Transparency Kazakhstan», проанализировав сайт Счетного комитета за период с 2005 года, пришли к выводу, что публикуемые на нем отчеты стали менее прозрачными и информативными.

С 2005 года бюллетень о проверке использования средств республиканского бюджета по отдельным бюджетным программам сократился в 21 раз.

Еще пять лет назад информативность этих документов была практически нулевая, что противоречит усилиям государства в создании транспарентного госаппарата. Сегодня размещаемой на сайте Высшей аудиторской палаты информации еще меньше.

Казахстанцы должны знать, в каких министерствах выявляется более всего нарушений, в каких акиматах – не только на уровне области, но и на уровне даже самого маленького населенного пункта.

Ведь когда Правительство на центральном уровне докладывает, к примеру, о километрах проложенных дорог, каждый казахстанец может взять и свериться с этими фактами, доказать, подтвердить или опровергнуть эти вещи.

В отчете Высшей аудиторской палаты говорится, что чиновники определили для себя в национальных проектах индикаторы, комфортные в исполнении. В регионах в комфортной зоне исполнения 19 процентов от общего количества индикаторов, в центральных государственных органах – 11 процентов.

Если бы индикаторы обсуждались с населением и контролировались ими, то доверие казахстанцев к госорганам и эффективность использования бюджетных средств можно было бы повысить.

Неоднократно в заключении Высшей аудиторской палаты отмечено, что в отчетах государственных органов существует пагубная привычка подгонки целевых индикаторов, заданных в начале периода, под конечные достигнутые результаты, что позволяет делать отчеты положительными. В дальнейшем это приводит к искажению данных по освоению бюджета, то есть при 100-процентном выполнении плана наблюдается неосвоение финансовых средств. Предлагаем пересмотреть периодичность внесения изменений в бюджет и разрешить это делать один раз в год в первом полугодии.

В том числе остается открытым вопрос по закупу отечественных товаров, работ и услуг, какие госорганы чаще всего нарушают эти нормы и производителей каких стран они больше предпочитают. Да, мы много говорим о принципах Всемирной торговой организации, согласно которым протекционизм со стороны государства недопустим, но в каждой стране этому вопросу уделяется первостепенное внимание. И в этом вопросе также не хватает открытости.

Мы всей страной отслеживаем возросшее число дел по коррупционным преступлениям, заведенных на чиновников, и сегодня Наталья Николаевна подтвердила, что существуют такие проблемы. Слабый контроль за использованием бюджетных средств, фейковые индикаторы являются «украшением» представленного отчета Правительства.

В связи с вышесказанным фракция ОСДП, принимая во внимание заключение Высшей аудиторской палаты и изученные материалы, предоставленные Правительством, выступает против принятия данного отчета.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Мұқаев Дәулет Төлеутайұлына беріледі.

МҰҚАЕВ Д.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! 2022 жылға арналған республикалық бюджеттен әлеуметтік салаға 8,5 триллион теңге немесе барлық шығындардың 48 пайыздан астамы көзделген. Бұл біраз проблеманы шешетін айтарлықтай көлем. Бірақ осыншама қаражат ақыры бөлінгеннен кейін бастысы – ол дұрыс мақсатта және тиімді игерілу керек. Ал бізде қалай? Көп жағдайда артық қыламыз деп тыртық қылып аламыз. Өткен жылғы бюджетті қарадық, сараладық, қызу талқыладық. Мәселе өте көп, тиімділігі төмен, ең бастысы –

жылдан-жылға қайталана беретін проблемалар. Біз сөзбен айтқанда, баяғы жартас – сол жартас.

Не істеу керек? Менің ойымша, заңнаманы қайта қарау қажет. Осыған орай нақты ұсыныстарға тоқталайын.

Біріншіден, бюджетті Парламенттің бақылауысыз қайта-қайта Үкіметті өзі түзетеді. Қараңыздар, алдыңғы жылдың ішінде бюджет сегіз рет Парламентсіз түзетілген екен. Мысалы, Денсаулық сақтау министрлігінің қаражаты тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлеміне, содан кейін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударылып отырған. Нәтижесінде тегін көмек шығындары 147,7 миллиард теңгеге қысқарды. Бұл бюджет қаражатының тапшылығы және медициналық ұйымдардың кредиторлық берешегі болған кезде орын алып отыр.

Осыған байланысты Парламентсіз жүргізілетін түзетулер санына шектеу енгізген жөн деп санаймыз. Бюджетті өзгертсе, Парламент арқылы өзгерту керек.

Екіншіден, өңірлерге берілетін трансферттер проблемасы, оның шеңберінде 2022 жылы барлық салалар бойынша жергілікті атқару органдарына 5 триллион теңгеге жуық қаражат бөлінді. Біраз қаражат игерілмеген. Бұл ретте қаражатты игермеудің негізгі себептері мемлекеттік сатып алу деп аталады.

Бюджеттің уақтылы орындалмауының негізгі себептерін жою үшін мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға тиісті өзгерістер енгізу қажет.

Сонымен қатар әкімдіктердің ТОХ-ты, яғни республикадан берілген трансферттерді мақсатсыз пайдалану фактілері көп. Салынып бітпеген мектептерде оған айқын мысал бола алады.

Сондықтан жалпы сипаттағы трансферттердің пайдаланылуына сыртқы бақылауды қамтамасыз ету мүмкіндігі заңнамалық деңгейде енгізу қажет деп санаймыз. Сондай-ақ Жоғары аудиторлық палатаға жергілікті комиссиялары жүргізген аудит нәтижелерін қайта тексеру бойынша заңнамалық құқық беру ұсынылады. Бізге ашықтық керек.

Бұған қоса республикадан берілген трансферттердің мақсатты түрде жұмсалуын қамтамасыз ету бойынша нақты нормалар болу керек. Олай болмаса анда-мұнда жұмсау проблемасы бітпейді.

Үшіншіден, жыл сайын желтоқсан айында әрбір мемлекеттік орган қаражатты кез келген жолмен игеруге ұмтылатыны жасырын емес. Бұл көбінесе заң бұзушылықтар мен мақсатсыз пайдалануға әкеледі. Сондықтан бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне қалыптасқан игерілмеген қаражатты келесі қаржы жылына ауыстыруға мүмкіндік беруі қажет. Өміріміз желтоқсан айымен бітіп қалмайды ғой. Міне осы мәселені шұғыл шешу қажет.

Қаражат игерілмесе сол бетте қаңтардан бастап бюджетке қайтарылады да, сол мектептер соңына дейін салынбай қалады. Одан кейін тағы да дәлелдеп қаражат бергенге дейін тағы біраз уақыт өтеді.

Мен түсінбеймін. Неге бұл бөлінген қаражатты әрі қарай игеріп, сол мақсатқа жетуге қалдырмаймыз? Жыл соңы жақындайды, ақшаны игеріп, есеп өткізу үшін тағы да жылдың соңында жанталас басталады.

Төртіншіден, сапалы түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу үшін біз мемлекеттік органдарға белгілі бір автономия бердік дейміз. Нақтылап айтқанда, қандай да бір

бюджеттік бағдарламаның ішінде қаржы ағымдарын бөлу бойынша үлкен еркіндік беру мәселесі. Бюджет кодексінде ол бар, ал шынында бұл мүмкіндік дұрыс жүзеге аспайды. Өйткені толығымен заңнамада бекітілмеген. Әкімшілер шешім қабылдаудан қорқады. Сондықтан бұл ретте ішкі бюджеттік комиссияларды реттеу, олардың нақты құқықтарын тайға таңба басқандай нақтылау қажет.

Құрметті депутаттар! Жоғарыда баяндалған ұсынымдар мен ескертулерді ескере отырып, Үкімет пен Жоғары аудиторлық палатаның 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін мақұлдауды мүмкін деп санаймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі депутат Бейсенбаев Елнұр Сабыржанұлына беріледі.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Былтыр еліміз күрделі жағдайға тап болды. Жыл басындағы оқиғалар халыққа әділ жағдай жасау туралы көптен бері қордаланып келген қоғам талабын айқындады.

Әлемдік экономикалық кризис пен көршілес елге экономикалық санкция салынуының салдарынан дәстүрлі логистикалық байланыс үзіліп, әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасы бұрын-соңды болмағандай қымбаттады. Бұл Үкіметтің жұмысын тежеп, жүйелі шешімдердің тұралап қалуына соқтырды.

Сонымен қатар 2022 жылдың қорытындысы бойынша инфляция деңгейі 20 пайыздан асты. Осыған байланысты отандастарымыз барлық негізгі азық-түлік өнімдерін тұтыну көлемін қысқартуға мәжбүр. Халық тапқан-таянғанының жартысынан көбісін азық-түлікке жұмсауға мәжбүр. Бізді осы орнаған жағдайдың өзгермей отырғаны алаңдатады. Бұл бір.

Екіншіден, үш жылдық бюджет қағаз бетінде қалғаны бәрімізге түсінікті. Оны қалыптастыруға көп уақыт кетеді, оны орындау барысында тек алғашқы базалық жыл ғана нақтыланып, түзетіледі. Кейінгі жылдардың бетін де ашып қарамаймыз.

Келесі кезеңге арналған кезекті жоспарлау кезінде бұрын қолдау көрсетілген шығындардың кейбірі жаңа бюджетті бекіту барысында мүлдем көрініс таппайды. Соның салдарынан аяқсыз қалған нысандар пайда болады.

Үшіншіден, халықтың мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдауға тәуелділігі әлі де жоғары деңгейде екені байқалады. Еліміздегі әрбір азаматтың еңбек табысының үштен бір бөлігі осы қолдаумен жамалып отыр. Бұл пандемияға дейінгі кезеңнен едәуір жоғары көрсеткіш. Оған қоса халықтың несие алу деңгейі де өте жоғары. Мысалы, 2022 жылы тұтынушылық несие 30 пайызға, яғни 13,2 триллион теңгеге дейін өсті. Бұл бюджетке түсетін салықтық түсімдермен шамалас қаражат. Яғни, аталған көрсеткіш халықтың төлем қабілетінің төмендеуінің көрсеткіші, яки бір қарызды екінші қарызбен жамап жүрген халықпыз.

Оған қоса жұмыссыздық мәселесін де ерекше атап өткім келеді. Бұл көрсеткіш кейінгі бес жылда 5 пайыз шамасында сақталып отыр. Бұл көрсеткішке ешкімнің сенбейтіні анық. Алайда тәуелсіз сарапшылардың бағалауы бойынша, Қазақстандағы

жұмыссыздықтың шынайы деңгейі 10 пайыздан кем емес. Бұл кемі 900 мың адам деген сөз, яғни екі есеге көп. Ал бюджеттен бөлінетін қаржы тек уақытша жұмыс орындарын ашуға, оның ішінде әлеуметтік-экономикалық тиімділікті сақтау үшін жұмсалып отыр.

Төртіншіден, 2022 жылы бюджеттік және салықтық әкімшілендіру жүйесінде бірқатар кемшілік тіркелді, яғни тиісті жоспарлау, болжау және мониторинг жүйесінің болмауы, бюджетке қатысты тәртіп деңгейінің әлсіздігі байқалуда. Республикалық бюджеттің тек 49 пайызы ғана нақты табыспен, тұрақты қаражатпен қамтамасыз етілген. Бұл қауіпті көрсеткіш.

Сондай-ақ мұнай секторынан Ұлттық қорға түсетін түсімдерді республикалық бюджетке алып қою үрдіске айналды. 2015 жылдан бастап Ұлттық қордағы қаржы өте белсенді пайдаланылып жатыр. Мемлекет басшысының республикалық бюджет Ұлттық қордың қаражатын пайдалануға негізделмеуі тиіс деген тапсырмасына қарамастан, 2021 жылы 4,5 триллион, 2022 жылы 4,6 триллион теңгеден астам қаражат жұмсалды.

Бүгінде республикалық бюджеттің 28 пайызы Ұлттық қордың қаражатынан жабылды. Бұл бюджеттің үштен бір бөлігі.

Оған қоса бүгінде Ұлттық қордың активтері 56 миллиард АҚШ долларынан асса, ал мемлекеттің қарызы 54 миллиардтан асады. Бұл сомаға квазимемлекеттік сектордың тағы 42 миллиард доллар қарызын қосуға болады. Баланс теріс. Үкіметтің қарызы Ұлттық қордағы қаражаттан асып кетті.

Бесіншіден, өңірлерге бөлінген бюджет қаражатын тиімді пайдалануда проблемалар бар. Әкімдіктер тарапынан қойылған мақсаттар мен индикаторларды жүзеге асыру мониторингінің сапасыз орындалуы байқалады. Нәтижесінде нысандарды пайдалануға беру мерзімінің кешігу фактілері, жобалардың қымбаттауы бар.

Мемлекеттің экономикаға араласу үлесін азайту, сондай-ақ квазимемлекеттік секторды басқару тиімділігін арттыру бойынша қабылданған шаралар да тиісті нәтижелерін бермей отыр.

Республикалық бюджеттен квазимемлекеттік секторды қаржыландыру көлемі 2021 жылмен салыстырғанда 42 пайызға өсті.

Квазимемлекеттік сектордың барлық субъектілері таза кіріс сомасынан республикалық бюджетке дивидендтер аударымдарының 70 пайыз мөлшерін қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасы тағы орындалмады. Әлі күнге дейін оларды сүйреп келумен әлекпіз.

Құрметті Үкімет мүшелері! Біріншіден, мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіруді бюджеттік бағдарламаларды тексеруден және оларды дұрыс жіктеуден бастау қажет деп есептейміз.

Екіншіден, жаңа стратегиялық құжаттарды ойлап табудың қажеті жоқ деп санаймыз. Стратегиялық құжаттар – бұл Мемлекет басшысының Жолдауы, Ұлттық жобалар және «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы.

Үшіншіден, негізгі мақсат бюджет қаражатын игеру емес, оңтайлы нәтижеге қол жеткізуді басты индикатор ретінде қарастыру керек.

Төртіншіден, Үкімет бюджеттік нақтылауды тек пайыздық көрсеткіштерді көтеру мақсатында емес, керісінше, тұралап қалған жобаларға қосымша қаражат қарастыру үшін пайдалану керек деп есептейміз.

Иә, сөз басында біз бюджеттің орындалуындағы проблемаларға назар аудардық, құрметті әріптестер. Бірақ сонда да болса Үкімет қиын жағдайда біраз жұмыс атқарғанын атап өткен жөн.

Мұнымен қоса есепті жылы республикалық бюджеттің орындалуы, сыртқы әлеуметтік-экономикалық жағымсыз факторлардың әсерінен жүзеге асырылғанын объективті түрде атап өткен жөн.

Соған қарамастан:

1) елімізде ұлттық экономиканың 3,3 пайызға нақты өсуі байқалады;

2) республикалық бюджетке түсетін түсімдер өткен жылмен салыстырғанда 24 пайызға ұлғайып, толық көлемде орындалды;

3) республикалық бюджеттің халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелері толық көлемде орындалып келеді.

Осылардың негізінде, жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, «AMANAT» партиясының фракциясы Үкіметтің 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебін аталған ескертулермен бекітуге болады деп есептейді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Бапи Ермұрат Сейтқазыұлына беріледі.

БАПИ Е.С. Рақмет, құрметті Төраға мырза.

Негізі менің талқылауға қатысу ойымда жоқ еді. Жаңа сұрақ беру процесіне қатыса алмай қалғандықтан, талқылау рәсімінде өзімнің ой-пікірлерімді айтайын деген мақсатпен сөз алып отырмын. Рақмет.

Жаңа әріптестерімнен бүгінгі отырыста Үкімет басшысы, яғни Премьер-Министр неге жоқ деп сұрадым. Регламент бойынша болмайды екен. Ол кісі палаталардың бірлескен отырысына келеді екен. Ал қазіргі елдегі экономиканың жағдайын Премьер-Министр өзінің кабинетін быкпырт тигендей Парламентке айдап әкеліп, мына дағдарыстық жағдайдағы бағдарламасын жасап, депутаттардан карт-бланш сұрайтындай экономикалық жағдай деп ойлаймын.

Жаңа «AMANAT» партиясы фракциясының жетекшісі Елнұр мырза біраз жақсы деректер келтірді. Сондықтан мен оларды қайталамай-ақ қояйын. Мен бір мәселеге тоқталайын.

Жаңа Жамаубаев мырза елдегі жұмыссыздық 4,9 пайыз деді. Соңғы он жылда 4,5 мен 5 пайыздың арасында тұр. Бұл қалай ойлап тапқан, қандай өнермен жасалып жатқан арифметикалық есеп екенін мен білмеймін.

Халықтың 45 пайызы ауылда тұрады. Ауылда мұғалімнен басқа адамда жұмыс жоқ, ашылып жатқан өндіріс орны жоқ. Ал жыл сайын еңбек нарығына кемінде 200 мың адам келіп қосылады. Сонда бұл 4,5 пен 5 пайыздың арасындағы жұмыссыздық қалай өзгермейді? Мен соған таңғаламын. Қандай құдіреттің күшімен олар осы цифрды салады? Осыған таңғаламын.

Жаңа есепте экспортқа жылына 3 миллион дөңгелек шығарамыз деп айтылды. Ол дөңгелекті кім алады? Біріншіден, Қытайдың дөңгелегі Қазақстанда толып жатыр. Екіншіден, ол дөңгелектің сапасы сын көтермейді. Бізден тіптен Моңғолия да сатып

алмайды ол дөңгелекті. Сондықтан ондай ертегіні қою керек қой. Халықты алдарқатуды қою керек. Нақты санын, нақты мүмкіншілікті айту керек қой. Халықты сендіре білсеңіздер, шынайы жағдайды айта білсеңіздер, «халқым, осылай қиын болып тұр, осындай жағдайға тап болдық, шыдаңыздар, қазір біз осыны жүзеге асыруға кірісеміз» десеңіздер, халық сіздерге сенеді, мынадай ертегі, қиял-ғажайып дүниеге емес.

Сыртқы қарыз ішкі жалпы өнімнің 25 пайызынан аспайды деп арқаны кеңге салушылық бар. Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы біздің жалпы сыртқы қарызымыз 100 миллиард долларға жетті. Ал егер екінші деңгейдегі банктердің біз білмейтін қарызын есептесек, ол қайда кетті? Бұл біздің төрт жылғы мемлекеттік бюджетіміз. Осындай жағдайда арқаны кеңге салып отыруға бола ма?

Ел экономикасының қазір қатерлі шекке жеткенін бұл жерде жайбарақат тыңдап отыра алмаймыз. Егер қазір дауыс беретін болсақ, мен Үкіметтің бюджетті орындау есебіне қарсы дауыс беретінімді мәлімдеймін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы, рақмет.

Премьер-Министр палаталардың бірлеске отырысына қатысады, сол кезде сұрағыңызды қоюға мүмкіндік болады. Ол жерде де осы мәселені қараймыз. Ал қазір Үкімет мүшелерінің барлығы дәстүрлі түрде біздің ортамызда отыр.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Әріптестер, осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда қаулының жобасын дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 94, «дауыс бермегендер» – 2, «жақтағандар» – 73, «қарсылар» – 12, «қалыс қалғандар» – 7. Шешім қабылданды. Бұл есеп мақұлданды дегенді білдіреді.

Құрметті әріптестер, бүгін жан-жақты талқылау болды. Өте маңызды ұсыныстар айтылды. Қатты әңгімелер де айтылды.

Біз Үкіметтің есебін жыл сайын тыңдап келе жатырмыз. Үкімет жылдан-жылға бюджеттің жоғары деңгейде игеріліп жатқаны туралы мақтанышпен баяндайды. Игерілмеген қаржы бойынша айтатын себептері де жыл сайын өзгермейді. Өзгеретіндері тек баяндамашылар, өзгеретіндер тек сұрақ қоятын адамдар.

Біз бұл цифрларға Үкіметтің қалай жеткенін жақсы біліп отырмыз. Ол туралы бүгін айтылды. Бюджетке сегіз рет түзетудің және бір рет нақтылаудың арқасында қол жеткіздік деген әңгіме бүгін айтылды. Бір жылда бюджет 1 триллион теңгеге түзетіліпті. Ол туралы жаңа айтылды.

Осындай «тамаша» цифрлардың артында не тұр? Уақытылы қолданысқа берілмеген 60 мектеп тұр. Соның салдарынан оны мыңдаған оқушы үш ауысымда білім алуға мәжбүр. Үлестірілмеген 18 мың грант тұр.

Мен тек бір салаға ғана қатысты айтып отырмын. Ондай мысалдарды басқа да салалардан көптеп келтіруге болады. Ал мұның артында адамдардың тағдыры тұр. Өмір

сүру сапасына бұл көрсеткіштер тікелей әсер етеді. Осыны естен шығармауымыз керек, құрметті Үкімет мүшелері. Құрметті депутаттар, осыны біз ұмытпауымыз керек.

Бүгін бағдарламалардың орындаушылары тендерлердің ұзаққа созылуы мен тағы да басқа сылтауларды айтып ақталып жатыр. Және бұл жағдай жылдан-жылға бізде қайталанып отыр. Яғни, бұның бәрі жүйелі проблемалардың бар екенін көрсетеді. Ондай жағдайларды болдырмаудың алдын алу шараларын біз қазірден бастап қолға алуымыз керек. Бұл шаралар бірінші кезекте жаңадан келетін Бюджет кодексін және мемлекеттік сатып алу туралы заң жобасын қарастырған кезде ескерілу керек.

Өздеріңіз білесіздер, игерілмей жатқан қаражат «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңындағы олқылықтарға байланысты. Аталған мәселе Мемлекет басшысының сайлауалды бағдарламасында да нақты айтылған. Сонымен қатар Президентіміз Парламент сессиясын ашу кезінде әрбір тиынның жұмсалуына Парламент тарапынан бақылауды жасаудың маңыздылығын айрықша атап өтті. Бұны біздің сайлаушыларымыз да талап етіп отыр. Таяу арада біз елге барамыз.

Бүгінгі күні депутаттық корпусқа бюджеттің атқарылуы бойынша жылдық қорытынды есепті тыңдап қана қоймай, осы жылдың қорытынды бойынша барлық жұмысқа жыл бойы мониторинг жасап, бақылау жүргізуге мүмкіндік беріліп отыр. Ондай мүмкіндік бар.

Біріншіден, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Жоғары аудиторлық палата Мәжіліске жылына екі рет есеп беретін болады. Сондықтан депутаттар болашақта Жоғары аудиторлық палатадан барлық деңгейдегі бюджетті барынша сапалы бақылауды талап ететін болады.

Сонымен бірге бүгінгі айтылған сыни пікірлер жергілікті бюджеттерге де қатысты екенін тағы да атап өтемін. Мәжіліс пен мәслихат депутаттарының жергілікті бюджеттердің атқарылуына да мониторинг және бақылау жүргізетін құзыреті бар. Біз бұл жұмысты бастап кеттік. Қаржы және бюджет комитетінде барлық өңір әкімдерінің бюджеттің орындалуы бойынша есебі осы екі апта бойы тыңдалды. Аймақтарды аралау кезінде біз бұл жұмысты жалғастыруымыз керек. Біз жылдың аяғында ғана осылай сұрап отырмауымыз керек. Мысалы, жаз айында біз елде боламыз, күз айында тағы өңірлерге шығармыз. Әлеуметтік нысандар бар, басқа да мәселелер бар, бюджеттің орындалуы жыл бойы қалай жүріп жатыр, осының бәрін біз қарап отыруымыз керек.

Жаңа айтып кеткенімдей, пойыз өтіп кеткеннен кейін артынан қол бұлғаудың қажеті жоқ деп ойлаймын. Қазір жаңадан келген фракциялар да сынап жатыр, бірақ қанша сынаса да ол өтіп кеткен бюджет енді орындалмайды ғой.

Құрметті әріптестер, бүгін бірқатар мәселелер айтылды, фракциялар өз пікірлерін ортаға салды. Кейбір депутаттар қарсы дауыс беріп, кейбіреулері қалыс қалып жатыр. Мұны Үкімет мүшелері ерекше назарға алады деп ойлаймын.

Дегенмен Үкіметтің күрделі геосаяси жағдайда жұмыс атқарғанын да атап өтуіміз керек. Оны мойындауымыз керек. Соған қарамастан экономикамыз бүгін тұрақты дамып, халықтың алдындағы әлеуметтік міндеттемелер бүгінгі күні орындалып жатыр. Бұл мәселе де бүгін шешім қабылдағанда депутаттар тарапынан ескерілді.

Жалпы айтқанда, Парламент пен Үкімет иық тіресе бірге жұмыс атқарып, алдағы бюджеттерді жоспарлау кезінде бүгінгі айтылған сын-пікірлердің бәрі ескерілуі қажет.

Жаңа депутаттық сауалдар туралы айтылды. Сапасыз, атүсті жауап беретін Үкімет мүшелерінен ауызша жауап алуға Регламент бойынша да, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заң бойынша да біздің құқымыз бар.

Сондықтан, құрметті Үкімет мүшелері, депутаттық сауалға жауап толық, сапалы, нәтижелі, нақты болуы керек. Сондай жұмысты сіздерден күтеміз.

Құрметті әріптестер, Регламентке сәйкес үзіліске шығатын уақытымыз болды, сондықтан бір сағатқа үзіліс жариялаймын.

Үкімет мүшелері мен шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, жұмысымызды жалғастырайық. Баршаңызды тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Жұмысымызды жалғастыру үшін қажетті кворум бар.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы депутат Сабильянов Нұртай Салихұлына беріледі.

САБИЛЬЯНОВ Н.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Аталған заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының бастамашылығымен әзірленген.

Осы заң жобасы:

ақпараттық жүйелердің;

азаматтардың дербес деректерінің;

және «электрондық үкімет» жүйесінде қолданылатын бағдарламалық қамтылымын ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Құрметті депутаттар! Комитет осы заң жобасын жұмысқа қабылдауға және ол бойынша қорытынды дайындауға дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Нұртай Салихұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда қаулының жобасына дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 94, «жақтағандар» – 94. Шешім қабылданды.

Келесі екі мәселе бойынша ортақ баяндама жасауды ұсынамын. Қаулыларды жеке-жеке қабылдаймыз. Қарсылық жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. «Масс-медиа туралы» негізгі және оған ілеспе заң жобалары бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде.

Сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы депутат Аймағамбетов Асхат Қанатұлына беріледі.

АЙМАҒАМБЕТОВ А.Қ. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Қадірлі әріптестер! Аталған заң жобалары Үкіметтің заң жобалау жоспарына сәйкес әзірленді.

«Масс-медиа туралы» Заң жобасы осы саладағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Ілеспе заң жобасында үш кодекске және он екі заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жоспарланып отыр.

Әлеуметтік-мәдени даму комитеті осы заң жобаларын жұмысқа алуға және тиісті қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Асхат Қанатұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда қаулыларға дауыс берейік.

Бірінші кезекте «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөніндегі қаулы дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 95, «жақтағандар» – 94, «қалыс қалғандар» – 1. Шешім қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөніндегі қаулы дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «жақтағандар» – 93. Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасының орнықты дамуы саласындағы ұлттық мақсаттар мен міндеттердің іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі Парламенттік комиссия құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау туралы.

Сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Төрағасының орынбасары депутат Рау Альберт Павловичке беріледі.

РАУ А.П. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Во исполнение поручения Главы государства принято решение о создании межпалатной парламентской комиссии по мониторингу и реализации национальных целей и задач в области устойчивого развития Республики Казахстан.

Данный шаг позволит обеспечить более качественное достижение Целей устойчивого развития, а также повысить ответственность депутатов как народных избранников за эффективность проводимых в Казахстане реформ и преобразований.

Предлагаются от Мажилиса Парламента в состав комиссии следующие девять депутатов:

Рау Альберт Павлович;

Сабильянов Нуртай Салихулы;

Казанцев Павел Олегович;

Танашева Гаухар Шаймерденовна;

Садыков Аскар Аманбаевич;

Рахимжанов Асхат Нурмагамбетович;

Зейнуллин Аян Талгатович;

Шукижанова Динара Аманжеловна;

Стамбеков Ерлан Даулетович.

Представлены все фракции политических партий, а также постоянные комитеты Палаты.

Кандидатов от Мажилиса Парламента в состав указанной комиссии предлагается утвердить на нашем пленарном заседании. Далее межпалатный состав парламентской комиссии будет утвержден на совместном заседании.

Баяндама аяқталды. Рақмет. Прошу поддержать.

ТӨРАҒА. Альберт Павловичтің терең, мазмұнды баяндамасынан кейін сұрақ бар ма?

Депутат Башимов Марат Советұлы.

БАШИМОВ М.С. Альберт Павлович, у меня простой вопрос. Вы хотя бы для представления депутатам сказали, что такое Цели устойчивого развития Организации Объединенных Наций. Если назначение было по партийному признаку, то многие могут и не знать, что такое Цели устойчивого развития ООН, тогда эффективность этой комиссии будет низкая. Вы хотя бы пустили опросник от председателей комитетов. Я занимаюсь этим 20 лет, знаю, что это такое. Там есть раздел 17 «Цель верховенства Конституции», верховенство права есть. Это глобальное направление. А тут я как-то не уловил этот момент. Если назначение по партийному списку, то я соглашусь, а если вы пойдете по пути того, что лишь бы только представить, то это другой момент. Тем более поручение Президента. Спасибо.

РАУ А.П. Рақмет. Тем не менее фракции должны быть представлены, все комитеты тоже представлены, гендерный вопрос также учтен.

ТӨРАҒА. Депутаты идут не только представлять, но и работать. Так?

РАУ А.П. Конечно.

ТӨРАҒА. Марат Советұлы, келісесіз бе?

БАШИМОВ М.С. Келісемін.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Альберт Павлович, отырыңыз.

Әріптестер, осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 95, «жақтағандар» – 90, «қалыс қалғандар» – 5. Шешім қабылданды.

Келесі мәселе «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті Палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарын сайлау туралы.

Бұл мәселе бойынша сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрайымы депутат Снежанна Валерьевна Имашеваға беріледі.

ИМАШЕВА С.В. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! Парламент Регламентінің 32-5-тармағына сәйкес «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының жобасы бойынша бірлескен комиссияның құрамына Мәжілістен келесі депутаттарды ұсынамыз:

Имашева Снежанна Валерьевна;

Құспан Абзал Темірғалиұлы;

Такиев Мәди Төкешұлы.

Сонымен қатар депутат Имашеваны Парламент Мәжілісінің атынан бұл заң жобасы бойынша қосымша баяндамашы ретінде белгілеуді ұсынамыз.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Снежанна Валерьевна.

Марат Советұлы, сұрақ жоқ па?

БАШИМОВ М.С. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 91, «дауыс бермегендер» – 1, «жақтағандар» – 94. Шешім қабылданды.

Келесі мәселелер бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан олар бойынша ортақ баяндама жасауды ұсынамын. Ал қаулыларды жеке-жеке қабылдаймыз. Қарсылық жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» негізгі Заң жобасы және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы заңының жобалары жөнінде. Бірінші оқылым.

Баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің хатшысы депутат Сарым Айдос Әміроллаұлына беріледі.

САРЫМ А.Ә. Рақмет.

Құрметті Төраға! Құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған үш заң жобасы депутаттардың бастамашылығымен жасалған болатын. Бұл заң жобаларына бастамашы болған парламенттік партиялардың өкілдері бар, яғни бұның өзі мәселенің өзекті екендігін және осы мәселеде Парламенттегі фракциялардың ойларының бір жерден шығып отырғанын айқын көрсететін сияқты.

Осы кезге дейін жұмыс тобының он отырысы болды. Мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, халықаралық ұйымдармен өте тығыз әрі белсенді жұмыс жүріп жатыр. Бұл заң жобалары Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның отырысында мұқият талқыланды. Жақсы ойлар мен ұсыныстар түсті. Олардың біразы салыстырма кестеге де енді.

Енді осы заң не үшін қажет деген сұраққа жауап беруге тырысайын.

Шынын айтатын болсақ, біз заң шығарушы ретінде кішкене өмірден кешігіп жатқан сияқтымыз. Өйткені көптеген дүниелер бүгінгі күні интернет арқылы жалғасып жатыр. Қылмыс та интернетте жүріп жатыр, қатынастар да, басқа да интернетте жүріп жатыр.

Әлемдік үрдістерге назар аударатын болсақ, ол жерде үлкен бір принцип бар – өмірдегі бар қағидат интернетке де қағидат болуы тиіс. Осы тұрғыдан алатын болсақ, бұл заңның осыдан бұрын да қабылдануға негізі бар еді. Осыдан екі жыл бұрын өткен шақырылымда кибербуллинг деген заңнаманы қабылдаған кезде де біраз дау болды, біраз әңгіме болды. Бірақ ол заңдардың өміршеңдігін, өмірге қажет екендігін өмірдің өзі дәлелдеп берді.

Бір ғана мысал келтірейін. Ресми уәкілетті органның дерегіне сүйенетін болсақ, өткен жылдың ішінде 5 мың 545 қылмыс немесе жалған ақпарат тарату оқиғасы болған екен. Оның өзі де көп нәрсені аңғартады. Осының барлығын ескере отырып және бірнеше уәжді келтіре отырып біз осы заң жобаларын әзірлеген болатынбыз.

Бірінші – адам құқықтарын қорғау. Қазақстанның азаматтары интернетте де өз құқықтарының қорғалғанын талап етеді. Бұл туралы халықпен кездесу кезінде де, зиялы қауым өкілдерімен кездескенде де, тіпті осы Палатаның отырысында да біздің әріптестеріміз баса айтқан болатын. Біздің азаматтар қалай болғанда да артында күшті мемлекет бар екенін айқын сезінуі тиіс.

Екінші өлшем бар. Өткен жылы кибербуллинг туралы заңнаманы қабылдаған кезде Сенаттың ұсынысымен кибербуллинг балаларға ғана шектелген деген нәрсе енген болатын. Бірақ содан бері көптеген өзгерістер болды. Біз де дәлелдедік. Біздің қабылдап жатқан заң әлеуметтік желіні бұғаттау үшін жасалып жатқан жоқ, біреудің құқығын бұзу үшін жасалып жатқан жоқ, керісінше, азаматтардың құқығын қорғау үшін жасалғанын айқын көрсеттік. Осының арқасында талай баланың жанына, денсаулығына араша түсті. Осы тәжірибе әлеуметтік желілерді басқарып отырған техногиганттардың да тарапынан түсіністік тауып отыр.

Сол кезде қабылданған заңдардың арқасында өкілетті орган тиісті техногиганттармен тығыз қарым-қатынас орнатып, осы кибербуллинг саласында көптеген мәселені шешуге мүмкіндік алды. Енді Қазақстанның заңнамасы біржолата жоққа шығаратын, мысалы, соғыс, ұлтаралық қатынасқа, адамның денсаулығына теріс ықпал ететін олқылықтарға, қылмыстарға төтеп беретіндей өкілеттілік беру және сол тұрғыда әлеуметтік желілермен қарым-қатынас орнатып, соған өкілеттілік беру мәселесі қарастырылған.

Үшінші уәж – мемлекеттік тіл мәселесі. Біз көріп жүрміз, бүгінгі күннің өзінде көптеген әлеуметтік желілер жасанды интеллект арқылы өзінің ақпаратын бірден қазақ тіліне аударуда. Біз енді осыны баршаға таратып, бұл норманы болашақта барлық әлеуметтік желілер пайдаланатындай жағдайға жеткізгіміз келеді және модерацияны қазақ тілінде де жүргізу мәселесін қойып отырмыз. Себебі біздің қазақтілді аудитория да ақпарат таратуға, ақпарат алуға өз құқықтарының қорғалғанын талап етеді.

Төртінші өлшем – онлайн-жарнама мәселесі. Біз дәстүрлі жарнаманы жақсы білеміз. Теледидардан мынау жарнама, мынау ақпарат деп айқын көріп отырамыз. Газет-журналды ашсақ, онда да жарнама екені көрініп тұрады. Біздің ойымызша, азаматтардың құқығын қорғау үшін, олар алданбау үшін, қаржылық пирамидаға, басқа да жағдайларға тап болмау үшін әлеуметтік желідегі жарнаманы да, демеушілік контентті де, басқаларды да айқын көрсетуіміз керек. Бұл әлемдік тәжірибеде бар, блогерлерден, инфлюенсерден осыны талап етеді.

Екінші де қағидат бар. Шетелде «Кез келген адам өлім мен салықтан құтыла алмайды» деген сөз бар. Біздің замандастарымыз да, журналисттер де неге біз салық төлейміз, ал интернетте миллиондап, миллиардтап ақша тауып жатқан азаматтар мемлекеттің қазынасына бір тиын да құймайды деген мәселені де көтеруде. Сол себепті «блогер», «инфлюенсер» деген ұғымды енгізіп отырмыз. Жарнаманың сан алуан түрлерін заңға бекітіп, алдағы уақытта ең алдымен Кәсіпкерлік кодекске және жылдың аяғында

келетін Салық кодексіне енгізіп, көлеңкелі, сұр экономикада жүрген дүниенің барлығын ашық алаңға шығарып, мемлекеттің қазынасын толтыруға пайдалану қажет деп есептейміз. Біз де жақсы білеміз, уәкілетті орган да оны растайды деп ойлаймыз, бүгінгі күні жарнаманың 60 пайызы интернет арқылы жасалатынын. Тағы қайталап айтамын, бұл бүгінгі күні триллиондаған ақша болуы да ықтимал.

Басты мәселенің бірі – «жалған ақпарат» деген ұғымды енгізу. Бұл заңнаманы жартылай декриминализация деп есептейміз. Себебі барлық мәселені сот арқылы шешу керек және оның ішінде айыппұлдар болуы керек. Адам қасақана емес, бірақ қателесіп кетсе немесе басқа да жағдаяттар болса, таралған ақпараты көп зиян тигізбесе, онда 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлеу мәселесі қарастырылған. Ал егер қайталанатын болса, ол екі еселенеді. Сондай-ақ заңды тұлғаларда да осындай тиісті баспалдақ бар.

Міне осындай нормаларды біз сіздердің назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Негізгі айтпағымыз осы. Сұрақтарыңыз болса, жауап беруге дайынмын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Депутат Сәрсенғалиев Нартай Аралбайұлы.

СӘРСЕНҒАЛИЕВ Н.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Ақпарат және қоғамдық даму министріне.

Құрметті Дархан Қуандықұлы! Заң жобасына шындыққа сай келмейтін, адамдарды адастыратын ақпараттарға «жалған ақпарат» ұғымы енгізіледі.

Өздеріңіз білетіндей, қазір әлеуметтік желілерде шенеуніктерге, түрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметкерлерге қатысты, басқа да ірі лауазымдағы азаматтарға қатысты сын-пікірлер, комментарийлер, посттар жиі жазылады. Ертеңгі күні соның барлығы «жалған ақпарат» деген ұғымның ішіне кіріп кетпей ме? Елдің, халықтың сын-пікірінен бұғып қалғысы келетін, жауап бермей қашқысы келетіндер дәл осы «жалған ақпарат» деген ұғымды өзіне қалқан ретінде қолданып алмай ма деген қауіп бар. Осы тұрғыда дәл осы жалған ақпарат деген дүниенің өлшемшарты қалай болады, ол қалай анықталады? Сондай-ақ аталған заң жобасындағы жаңалықтар сөз бостандығы қағидаттарын, азаматтардың еркін ақпарат алу, тарату құқықтарын шектеп тастамай ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ақпарат және қоғамдық даму министрі.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті халық қалаулылары! Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ең алдымен осы заңға бастамашы болған, қолдаған, толықтырған, сараптаған жұмыс тобының барлық мүшелеріне, барлық халық қалаулыларына рақмет айтқым келеді. Себебі ТМД-да бірінші рет қабылданғалы отырған, талқыланып отырған бұл заң жобасы қазір Еуропаның барлық елдерінде, Еуроодақта кеңінен қолданыста. Сондықтан халықаралық тәжірибеге өте сай келеді. Және, Айдос Әміроллаұлы айтып кеткендей, бұл халықаралық ұйымдармен жақсы талқыланып жатыр.

Нартай Аралбайұлы, сіздің сауалыңызға келсек, жалпы, заң алдында бәрі бірдей, шенеунік те, азамат та, инфлюенсер де, желі қолданушысы да. Сондықтан заң үстемдігі алдында бөлектеу болмайды. Бұл біріншіден.

Екіншіден, бізде сөз бостандығына кепілдік берілген. Сондықтан бұның барлығы Конституциямызға қайшы келмейді.

Үшіншіден, сын болу керек, өйткені біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жүзеге асырып жатырмыз. Бірақ сын шын болуы керек, әділ болуы керек. Ал егер ол жалаға құрылса, онда сотқа жүгіне алады. Біз бұл жерде жалған жала мен шынның аражігін ажырата білуіміз керек. Кейде кейбір мекемелерге жалған ақпаратпен жала жабылу да мүмкін, мемлекетке қарсы ақпараттық соғыс та жүруі мүмкін. Сондай кезде жүгіне аламыз. Біздің елімізге де ақпараттық шабуылдардың болғаны белгілі. Ал егер жалған ақпаратпен жала жабылса, жеке азамат болсын, шенеунік болсын, ол сотқа жүгінуі керек, сот сараптама жасап, өлшемін анықтайтын болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Рақымжанов Асхат Нұрмағамбетұлы.

РАҚЫМЖАНОВ А.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос в продолжение вопроса депутата Сарсенгалиева и адресуется Генеральной прокуратуре и Министерству юстиции.

В целом законопроект нужный, поддерживаю, однако есть моменты, которые я хотел бы уточнить.

Есть в законопроекте статья 16, которая обязывает пользователей онлайн-платформ удалять ложную информацию. В целом это правильно. Однако, как все знают, и все сталкивались с этим, что бывают случаи, когда эти же пользователи, сами того не зная, публикуют информацию или, как говорится, репостят ложную информацию.

В этой связи вопрос представителю Министерства юстиции: каким образом должны быть уведомлены пользователи о необходимости ее удаления?

Второй вопрос представителю Генеральной прокуратуры: поясните, пожалуйста, есть ли конкретные механизмы выявления ложной информации, которая размещается в интернете? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Министерство юстиции.

МҰҚАНОВА А.Қ. Уважаемый Асхат Нурмагамбетович! В рамках законопроекта предлагается ввести, чтобы лица не допускали размещения ложной информации, а в случае размещения обеспечивали ее удаление. Обязательства должны быть установлены на уровне закона и доведены до всех граждан Республики Казахстан. В случае принятия соответствующих законов уполномоченным органом должна быть проведена широкая разъяснительная работа, однако дополнительных каких-то уведомительных механизмов в данном случае не требуется, так как это будет обеспечено в части реализации нормы закона.

Если проводить аналогию, например, существует общеизвестная норма о том, что нарушать тишину с 22 часов вечера до 9 часов утра нельзя, то есть нет обязательства

уведомлять граждан дополнительно об этом. Так и здесь: если будет установлено обязательство не размещать ложную информацию, то дополнительный механизм в части уведомления не потребуется.

ТӨРАҒА. Бас Прокурордың орынбасары.

ӨМІРӘЛИЕВ Ж.Ж. Сұрағыңызға рақмет.

Вопрос прозвучал таким образом: какой механизм определения, это противоправный контент или ложная информация. В законопроекте указывается три способа реализации этой функции.

Первый способ. Когда лицо видит, что его права и законные интересы нарушаются, он может самостоятельно обратиться в суд, органы МВД, которые правомочны составлять протокол. Также он может обратиться непосредственно к самому пользователю онлайн-платформы, который в соответствии с нормами законопроекта в течение десяти суток обязан устранить эти недостатки.

Второй способ. У нас есть уполномоченный орган – Министерство информации и общественного развития, которое мониторит весь интернет-ресурс и при выявлении ложной либо противоправной информации также уведомляет собственника онлайн-платформы. В случае неисполнения в течение трех суток он имеет право обращения в суд, органы полиции.

Третий способ. Учитывая, что право составления протокола об адмправонарушениях возлагается на органы МВД, согласно Закону «Об органах внутренних дел» уполномоченный орган (в данном случае МВД) обязан пресекать любые административные правонарушения, которые отнесены к его компетенции, а также имеет возможность выявлять и принимать все предусмотренные законом меры по устранению этих нарушений. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Бейсенбаев Ержан Алмабекұлы.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.А. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің баяндамашыға және Қаржы министрлігінің өкіліне сұрағым бар.

Заң жобасында «инфлюенсер» ұғымы енгізіледі. Бұл адамдардың беймәлім тобына арналған ақпаратты кәсіпкерлік қызмет мақсатында онлайн-платформаларда жариялайтын онлайн-платформаны пайдаланушы.

Бүгінгі таңдағы түсінікте блогер – бұл интернетте және басқа платформаларда блог жасап, оны жүргізетін, онда өз ойларын, идеяларын жариялайтын, белгілі бір тақырып бойынша білімімен бөлісетін адам және оның қызметі барлық уақытта кәсіпкерлікке байланысты емес.

Халықаралық сарапшылардың пікірінше, мысалы, Францияда, адамдар жылына онлайн-платформа арқылы 4 мың еуроға дейін табыс табуда.

Құрметті Айдос Әміроллаұлы, осындай дефиницияны анықтаған кезде қандай кірістердің негізіне сүйендіңіздер?

Екінші сұрағым Қаржы министрлігінің өкіліне.

Соңғы кездері көрші Ресейде танымал блогерлерді ұстау жағдайлары орын алды. Мысалы, Елена Блиновская, Валерия және Артем Чекалиндер салықты төлемегені үшін күдікті болуда.

Сұрақ: бүгінде Қазақстанда онлайн қызметке, оның ішінде онлайн-жарнамаға салық салу мәселесі қалай реттелуде? Осы заң жобасы қабылданғаннан кейін мұндай қызметті салықтық әкімшілендіру тетігі қалай болады?

САРЫМ А.Ә. Рақмет.

Интернеттегі белсенді адам кім, қарапайым тұтынушы кім деген мәселе бойынша жұмыс тобында да талқылаулар болды. Жалпы, біз Бельгияның, Ұлыбританияның, Германияның, Францияның, басқа да елдердің заңнамасын, ақпараттық нарығын, жарнама нарығын зерттедік, онда «инфлюенс маркетинг» деген ұғым бар. Яғни, қарапайым тілмен айтсақ, жарнама беруші интернетте отырған кез келген адамға бармайды, кем дегенде белгілі бір топтың ішінде немесе көпшілікке танымал адамға барып, өзінің тауарын немесе қызметін солар арқылы жарнамалайды. Және бұл бүгінгі күні өте тиімді болып саналады. Осы себептерден жарнама нарығының біраз бөлігі инфлюенс маркетингке өтіп жатқаны анық. Сол себепті біз заңнамада инфлюенсер деп өзінің әлеуметтік желідегі парақшасын, аккаунтын қаржы табуға, пайда табуға, күнкөріс жасауға негізделген азаматтарды айтып отырмыз.

Қарапайым өмірде сіз тұтынушысыз, мен тұтынушымын. Мысалы, мен қызметтерді жарнамаласам, белгілі бір тауарды жарнамаласам, қаржылық қарым-қатынасқа түсетін болсам, мен инфлюенсер атанамын, қалған уақытта аталмаймын. Осыдан екі жыл бұрын біз осы мәселе бойынша жұмысты бастаған кезімізде Салық комитеті, біріншіден, блогеринг, инфлюенсинг деген заңнамада, Кәсіпкерлік кодексте жоқ, екіншіден, Салық кодексінде ол ешқандай белгіленбеген деген болатын. Сондықтан осы олқылықтың орнын толтыру мәселесі бар, сонымен қатар, сөзсіз, бұл жерде жауапкершілік мәселесі бар.

Көп елдерде заңмен қатар қауымдастық жұмыс істейді. Бізде де осындай қауымдастық пайда болып, ішінен репутация институты, адамның жақсы аты, абыройы деген институт жұмыс істеген кезде толыққанды іске қосылады деп есептейміз.

Тағы бір мәселе. Өздеріңіз жақсы білесіздер, 2025 жылдан бастап қазақстандықтар өзінің кірістерін, шығыстарын жариялайтын болады. Сол кезде, менің ойымша, салықтан жалтару деген сияқты үдірістерден біржолата құтыламыз және оған дейін методикаларымызды жаңартып, қазынаға салық құйылатын жағдайға жеткіземіз деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Қаржы министрлігі.

ТЕМІРБЕКОВ Д.Ө. Сұрағыңызға рақмет.

Бүгінгі таңда, өздеріңіз білесіздер, әр азамат, әр кәсіпкер Салық кодексіне сәйкес салық төлеуге міндетті. Бұл инфлюенсерлерге, блогерлерге де қатысты. Бүгінгі таңда заңнамада инфлюенсерлер үшін, блогерлер үшін қандай да бір ерекшеліктер көрсетілмеген. Салық органдары камералдық бақылау тетігін қолданады. Салық

органдары сол камералдық бақылау арқылы барлық салық төлеушілерді тексереді. Егер қандай да бір бұзушылықтар анықталса, бұзушылық жасаған субъекті бұзушылықты өз еркімен түзету үшін оған тиісті хабарлама жолданатын болады. Бұл заң жобасында қандай да бір ерекшелік қарастырылып отырған жоқ.

Айта кететін жайт. Кейбір салық түрлерін әкімшілендірген кезде, мысалы, көлік салығы бойынша біз уәкілетті орган – Ішкі істер министрлігімен бірге жұмыс жасаймыз, ақпарат алмасамыз. Инфлюенсерлерге де қатысты да уәкілетті органмен, яғни Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірге тиісті жұмыс атқаратын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сұрақтарға қысқа да нақты жауап беріңіздер. Бұл баяндамашыға да және Үкімет өкілдеріне де қатысты.

Депутат Әшімжанов Жанарбек Садықанұлы.

ӘШІМЖАНОВ Ж.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Ақпарат және қоғамдық даму министріне.

Заң жобасының негізгі жаңалықтарының бірі онлайн-жарнаманы орналастыруды реттеу болып табылады.

Басты талап болып онлайн-жарнаманы графикалық белгілемелердің немесе белгілердің көмегімен таңбалау міндеттелуде.

Жоғарыда атап өтілгендей, өз аккаунттарында онлайн-жарнаманы орналастыратын онлайн-платформаларды пайдаланушылар бұл қызметті кәсіпкерлік заңнаманың талаптарын ескеріп енгізуге міндетті, яғни олар салықтар мен басқа төлемдерді төлеуге тиіс.

Дархан Қуандықұлы, таңбалау үшін қандай талаптар қойылатынын және блогерлер жарнамасы бар ақпаратты қалай белгілеуге тиіс екендігін нақты түсіндіріп беріңізші.

ТӨРАҒА. Дархан Қуандықұлы.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Жанарбек Садықанұлы, сұрағыңызға рақмет.

Бүгін түске дейін көлеңкелі экономика туралы да айтылды. Сол сияқты жарнамадан жалтару, салық төлемеу сияқты мәселелер де осы көлеңкелі экономикаға қатысы бар.

Жалпы, басылымдарда жарнамалық белгілер қойылатындығы белгілі. Біз халықаралық тәжірибені де біраз сараладық, онлайн-платформаларда да жарнамалық белгілер қояды, өйткені манипуляцияға түсуі мүмкін.

Біздегі ол белгілер қалай болатынын осы заң қабылданғаннан кейін арнайы ережелер қабылдау арқылы анықтайтын боламыз деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Смышляева Екатерина Васильевна.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

У меня вопрос к докладчику.

Уважаемый Айдос Әміроллаұлы! Законопроектом предусмотрена норма об обязательном открытии представительств онлайн-платформ на территории Казахстана. Безусловно, это требование справедливое и правильное, однако мы понимаем, что большая часть собственников платформы – это иностранцы, то есть они создаются за рубежом. Соответственно, несколько примеров.

Казахстанский сегмент – не самый крупный для этих социальных сетей.

TikTok имеет больше 1 миллиарда пользователей в месяц, казахстанский сегмент – 10 миллионов.

Facebook – почти 2 миллиарда пользователей, казахстанский сегмент – 2 миллиона.

Instagram – 1,3 миллиарда активных пользователей, казахстанский сегмент – 10 миллионов.

Первый вопрос: насколько интересно будет собственникам открывать свои представительства в Казахстане, учитывая, что этот сегмент очень узкий?

Второй вопрос: не ограничит ли это доступ казахстанцев к популярным социальным сетям? Спасибо.

САРЫМ А.Ә. Спасибо, Екатерина Васильевна.

Когда два года тому назад мы дискутировали по кибербуллингу, были такие же опасения. Как показала жизнь, все эти опасения оказались напрасными. Правительство и Парламент не хотят ограничивать права граждан на пользование социальными сетями, мы не преследуем цели обязательно приручить или зарегулировать социальные сети или их менеджмент.

Более того, мы в законопроекте предусматриваем либо представительство, либо определение законного представителя. В свое время, когда мы принимали норму по кибербуллингу, такая практика сложилась. У уполномоченного органа есть хорошие контакты сегодня со всеми социальными сетями.

За это время в Казахстан пришла компания TikTok и открыла здесь официальное представительство, поэтому, я думаю, что не отпугнем и не будем пугать.

Более того, казахстанский рынок – тоже серьезный рынок. Есть страны с гораздо меньшим населением, где аналогичные нормы работают, и все социальные сети там зарабатывают деньги, дают гражданам возможность общаться, делиться информацией. Мы исходим из того, что 99,9 процента пользователей социальных сетей – абсолютно добропорядочные люди, которые соблюдают законодательство Казахстана и внутренние правила самих соцсетей.

ТӨРАҒА. Депутат Садықов Асқар Аманбайұлы.

САДЫҚОВ А.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

У меня вопрос докладчику.

Докладывая, Вы упомянули о международном опыте регулирования деятельности онлайн-платформ. Айдос Әміроллаұлы, разъясните, пожалуйста, опыт каких стран был изучен в этой области, какую международную практику вы применяли в нашем

законодательстве, какие виды информации в иностранных государствах отнесены к противоправному контенту?

САРЫМ А.Ә. Большое спасибо.

Прежде всего мы учитывали опыт Европейского союза. Там недавно был принят закон, так называемый «Digital Services Act».

Кроме того, мы изучали опыт Великобритании, там закон назывался «Online Safety Bill», а также опыт Германии. Мы одновременно учитывали французский и бельгийский опыты, в части инфлюенс-маркетинга – испанский опыт. Так что у нас есть все основания говорить о том, что мы идем в русле современного законодательства.

Если вы считаете, что казахстанское законодательство чересчур зарегулировано либо содержит драконовские нормы, то я могу вам зачитать несколько статей из Уголовного кодекса Германии.

Статья 86 Уголовного кодекса «Распространение пропагандистских материалов антиконституционных организаций».

Статья 86-А «Использование символики антиконституционных организаций».

Статья 89-А «Приготовление к серьезному насильственному преступлению».

Статья 91 «Подстрекательство к совершению серьезного насильственного преступления».

Статья 100-А «Изменнический подлог».

Статья 111 «Публичный призыв к совершению преступления».

Статья 126 «Нарушение общественного спокойствия посредством угрозы совершения преступлений».

И так далее. Вплоть до того, что есть нормы не только об оскорблении и клевете, но и об оскорблении памяти умерших.

Я думаю, что казахстанское законодательство достаточно либеральное, на мой взгляд, даже где-то чересчур либеральное. Тем не менее это тоже международный опыт. Чтобы его имплементировать, вовсе необязательно переживать холокост или создавать нацизм. Это очень важная норма, на мой взгляд. Мы должны обеспечить защиту конституционных интересов наших граждан. Из этого исходили наши интенции.

ТӨРАҒА. Депутат Тау Нұргүл.

ТАУ Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Ақпарат және қоғамдық даму министріне.

Құрметті Дархан Қуандықұлы! Заң жобасында «құқыққа қайшы келетін контент» ұғымы енгізіледі. Заң жобасының 14-бабында ақпаратты құқыққа қайшы келетін контентке жатқызу негіздері көзделген. Бұл ретте құқыққа қайшы келетін контент анықталған жағдайда мұндай ақпаратты тарату дереу тоқтатыла тұруға және оны онлайн-платформаларда тарату тоқтатылуға тиіс екендігі көзделген.

Құрметті Дархан Қуандықұлы, жалпы онлайн-платформаларда ақпарат таратуды осындай тоқтата тұрудың механизмі қандай екенін түсіндіріп берсеңіз.

ТӨРАҒА. Министрдің микрофонын қосыңыздар.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Нұргүл ханым, сұрағыңызға рақмет.

Өкінішке қарай, кейбір платформаларды біз бірден тоқтата алмаймыз. Егер өкілдік ашатын болса, біз тоқтата аламыз. Мысалы, «Meta»-ға егер сізге жала жабылғаны немесе жалған ақпарат екендігін жазатын болсаңыз, оның жалған ақпарат екені анықталса, онда ол тоқтата алады. Немесе екінші бір механизмі бар, ол – сотқа жүгіну. Мысалы, «YouTube» сияқты үлкен арналар бар, оларды тоқтату өкілдік ашумен ғана алдын алуға болатын сияқты. Осы бағытта қазір жұмыс істеп жатырмыз. Үлкен әлеуметтік онлайн-платформаларға өкілдік ашу үшін көзделіп отыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Мұқаев Дәулет Төлеутайұлы.

МҰҚАЕВ Д.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Ақпарат және қоғамдық даму министріне.

Құрметті Дархан Қуандықұлы! Жалпы, мен онлайн-платформаны белсенді түрде пайдаланамын, соның ішінде әсіресе Instagram-мен, жалпы, «Dauletten», «Daulet_Mukayev» деген аттармен. 3 миллионға жуық жазылым бар. Бірақ осының бір теріс жағы бар, ол фейк аккаунттарымның өте көптігі. Мен бұнымен күрестім, әлі де күресіп келемін. Олар түрлі жалған парақшаны ашады. Мен санадым, «Dauletten ұтыс», «Dauletten пәтер», «Dauletten несие» деген жүзден астам фейк парақшам бар екен. Енді соның теріс жағы маған да тиіп жатыр. Себебі соған алданып қалған азаматтар мен алдады деп отыр. Тіпті депутат болғалы да қиын болды. Осындай заң шығарып жатырмыз, біз елдің несиесін жауып береміз, көпбалалы отбасылардың жағдайын жасаймыз, нөмірлеріңізді қалдырыңыз деп жазады. Сол фейк парақшалардың астына WhatsApp нөмірді жазып, әр адамға жеке шығады, сіз миллион ұттыңыз, комиссиясын төлеңіз деп 10-12 мың теңгесін сыпырып алып жатыр.

Мен осы мәселе бойынша полицияға арыз жазғанмын. Бірақ бұл алаяқтар фейк парақшаның атауларын үнемі ауыстырып отырады. Сол сілтемелерді көрсетіп арыз жазғанмын. Ал ол сілтемелер жоқ болып кетеді, өшіріп тастайды. Осы мәселені алдағы уақытта қалай шешуге болады? Нақты қандай да бір жоспар, ұсыныстар бар ма?

ТӨРАҒА. Ақпарат және қоғамдық даму министрінің микрофонын қосыңыздар.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Рақмет, Дәулет Төлеутайұлы.

Қазірде онлайн-платформалардың модераторларына жазып оны өшіре аласыз. Дұрыс айтып отырсыз, олар кешігіп жауап береді, тіпті жауап бермеуі де мүмкін. Сондықтан өкілдік ашу мәселесі маңызды.

Егер алаяқтық анықталса (бірақ оны анықтау өте қиын), сіз сотқа шағымдана аласыз. Біз бұлардың механизмдерін жетілдіруді қарастырудамыз, онлайн-платформалардың өкілдерімен жұмыс істеп жатырмыз. Олардың өкілдіктерінің елімізде неғұрлым көбірек ашылуы осындай заңсыздықты, алаяқтықты алдын алады деген үміттеміз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Имашева Снежанна Валерьевна.

ИМАШЕВА С.В. Рақмет, құрметті Төраға.

Мои вопросы представителям Генеральной прокуратуры и Министерства внутренних дел.

Мы одним из законопроектов вводим административную ответственность за распространение ложной информации, штраф здесь 20 МРП, за повтор – 40 МРП. Но нашим национальным законодательством уже предусмотрена уголовная ответственность за распространение ложной информации, наказание – от 1000 МРП до года лишения свободы.

Хотелось бы выяснить позиции Генеральной прокуратуры и Министерства внутренних дел. Зачем нам наряду с уголовной ответственностью еще и административная за распространение ложной информации? Что не так с той статьей 274? Почему она у нас практически не работает?

И вопрос к Министерству внутренних дел. По смыслу законопроекта административное производство будет осуществляться органами внутренних дел, то есть рассматривать будут суды, но протоколы будут составлять участковые полицейские. Скажите, пожалуйста, у наших участковых полицейских достаточно компетенции, сил и времени для того, чтобы отличать ложную информацию от неложной?

ТӨРАҒА. Бас прокуратура.

ӨМІРӘЛИЕВ Ж.Ж. Спасибо за вопрос.

Вы сами знаете, что Уголовный и Административный кодексы содержат ряд норм и требований относительно квалификации правонарушений, характера и способа совершения этих правонарушений, которые и разграничивают, что является уголовным правонарушением, а что административным. Действующая статья 274 Уголовного кодекса и статья 456-2 законопроекта отличаются между собой именно последствиями, то есть наличием либо отсутствием последствий. Чтобы статья 274 Уголовного кодекса работала, необходимы именно последствия в виде существенного вреда – нарушение прав и свобод человека, общества, государства, организаций, нахождение человека в сложной жизненной ситуации, отсутствие нормальной работы, когда госорган либо иное предприятие не может нормально функционировать. Это существенные последствия.

Одним из самых существенных последствий является нарушение общественного порядка либо реальная его угроза при наличии распространения заведомо ложной информации. Это по статье 274, чего мы в Административном кодексе не предусматриваем.

В принципе, это не новая практика. Если посмотреть Административный и Уголовный кодексы, есть много схожих статей, которые между собой конкурируют.

Допустим, взять преступление в сфере экологии. За непресечение экологического ущерба предусмотрена административная ответственность, также предусмотрена и уголовная ответственность. Разница лишь в том, что в уголовном преступлении оно

должно повлечь нанесение вреда здоровью – вред средней тяжести и тяжкий вред, в административном этого нет.

Мы ни в коем случае не нивелируем статью 274, она работает, до 20 дел ежегодно возбуждается. Мы вводим новую административную статью, которая, по сути, будет некой профилактикой совершения более тяжких правонарушений. Большое спасибо.

ТӨРАҒА. Заместитель Министра внутренних дел, пожалуйста.

ЛЕПЕХА И.В. На первую часть вопроса мой коллега, я считаю, исчерпывающе ответил.

Что касается второй части. Мы с заинтересованными службами министерства изучили этот вопрос и выработали такой алгоритм: после регистрации данный материал будет в любом случае направляться следователю, который будет его изучать и принимать решение. Если там будет состав уголовного правонарушения, дело остается в производстве следствия, назначается экспертиза, ведется расследование.

Если он усмотрит в этом составе признаки административного правонарушения, только тогда оно будет направляться в подразделение административной полиции. Если там вообще отсутствуют признаки какого-либо правонарушения, оно будет просто прекращаться. Это первое.

Второе. Все материалы в любом случае направляются в суд. Это тоже своеобразный способ защиты наших граждан и их конституционных прав. Если были допущены какие-то нарушения нашими сотрудниками, суд имеет право это дело прекратить. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Бапи Ермұрат Сейтқазыұлы.

БАПИ Е.С. Рақмет.

Менің сұрағым Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан мырзаға. Және Мәжілістің Баспасөз қызметінің құлағына «алтын сырға».

Біз өткен жолы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына қатысты заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде заң қабылдадық. Әлеуметтік желіде сол ақпарат теріс насихаттық сипат алып кетті. Қазақстан әскерін Украинаға жібереді екен деген сөз шықты. Тіпті сұрақтар әлі күнге дейін келіп жатыр. Тіпті біреулер маған қазақ жігіттерін соғысқа жібермеңіздерші деп жазған. Біз бұл тұрғыда әлеуметтік желіде ақпараттық соғыста жеңілдік. Біз екі-үш депутат болып оған түсінік бердік. Бірақ мен осы қабылданған заңға байланысты мемлекеттік ақпараттық ресурстардан ешқандай бір түсініктеме берілгенін көрген жоқпын.

Біз масс-медиа туралы, осы онлайн-платформа туралы заңдарды қабылдаймыз. Осы мәселеге байланысты бүгін кештен бастап бізге қарсы тағы соғыс басталады. Біз тағы осы мәселе бойынша жауап бере алмай қаламыз. Тағы ақпараттық майданда ұтыламыз. Дегенмен мынаның ішінде жап-жақсы дүниелер бар. Мен блогерлерге байланысты жұмысты реттеу, олардың жауапкершілігін арттыру мәселесін қолдаймын. Бірақ ертеңгі

күні біз тағы тақырға отырамыз. Сондықтан, министр мырза, мемлекеттік ақпараттық ресурстарды әлеуметтік желіге байланыстыру керек.

ТӨРАҒА. Министр мырза.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Рақмет.

Иә, бізге ақпараттық шабуыл біраз уақыттан бері бар. Осы қызметке кіріскен кезде біз бұл жөнінде ашық мәлімдедік. Жалпы, толық ұтылдық деп айтуға болмайды, көптеген ақпараттық шабуылдарға тойтарыс берілді, әсіресе былтыр жаз айларында, күз айларында Қазақстанға өте көп ақпараттық шабуылдар болды, солардың барлығына тойтарыстар жасадық. Бізде сайлаулар өтті, үлкен резонанстық оқиғалар өтті.

Жалпы, біз баспасөз хатшыларының құзыретін арттыру, жауапкершілігін арттыру мәселесі бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Өйткені дер кезінде баспасөз хатшылары шығып брифинг беру керек, сол ақпаратты теріске шығару керек. Ол тек Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ғана жұмысы емес, қай салаға байланысты ақпараттық шабуыл болса, сол саланың баспасөз хатшысы шығып жедел ақпарат беруі керек.

Біз баспасөз хатшыларының арасында сауалнама жүргіздік, солардың 60 пайызы басшыға шыға алмаймыз деп отыр. Сондықтан біз баспасөз хатшыларының мәртебесін көтеру жөнінде ұсыныс бердік. Және оларды оқытудамыз.

Сондай-ақ осыған байланысты бізде арнайы жедел топтар бар, олар елімізде резонансты жағдай болған кезде қалай әрекет жасау керек, осыған байланысты шешімдер қалай болатынын түсіндіреді. Жалпы, қазіргі кезде ақпараттық шабуылдың қайтадан үдегені белгілі, сондықтан сіздің айтқан сыныңыздан біз қорытынды шығарамыз. Бұл еліміздегі қалам ұстаған, ақпарат саласында жүрген баршамыздың міндетіміз деп ойлаймын.

Бүгінгі жағдайға байланысты министрлік, әріптестеріміз біраз жұмыс істеді, халықаралық ұйымдарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Сіз айтқан заң жобалары бойынша әртүрлі елшілермен, әртүрлі халықаралық ұйымдармен 40-тан астам кездесу өткізілді. Сондықтан біз түсіндіру жұмыстарын сауатты түрде жүргізіп жатырмыз. Оған сіздерді де белсенді қатысуға шақырамыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Негізі баспасөз хатшыларының жұмысын үйлестіретін Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ғой, сондықтан осындай сындардан қорытынды жасау керек.

САРЫМ А.Ә. Ерлан Жақанұлы, біз Қоғамдық палатаның Халықаралық қатынастар жөніндегі секциясында Сыртқы істер министрілігі мен Қорғаныс министрлігінің өкілдерін шақырып, қоғамда туындаған сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беруді міндеттеп отырмыз. Алдағы күндері бұл шара өтеді. Және YouTube каналымызда насихатталатын болады.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер, мен депутаттар Мұқаевтың, Бапидің сұрақтарын ары қарай өрбіткім келеді.

Әлеуметтік желіде азаматтық тұлғаларға қатысты буллинг мәселесі өте белең алып тұр. Мысалы, әлеуметтік желілерде фейк аккаунттар бар, солар арқылы кейбір бизнес өкілдері немесе биліктегі тұлғалар өздеріне ыңғайсыз адамдарға шабуыл жасайды. Оларға қаржы төлейді. Олар Мемлекет басшысынан бастап депутаттарға шабуыл жасайды.

Бір кейсті айтайын. Өткен жылы Самат Базарбайұлы екеуіміздің отбасыларымызға сондай шабуылдар басталды. Біз Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Ішкі істер министрлігіне жаздық. Біз өңірдегі проблемаларды, мысалы, Маңғыстаудағы мәселелерді көтеретін болсақ, бізге Telegram-каналдан, Facebook-тен ақпараттық шабуыл басталып кетеді. Қазір әкімдер айналасына блогерлерді жинап алған, оларға қаржы береді де, солар арқылы депутаттарға тиіседі.

Біз енді заң қабылдайық деп отырмыз. Бұл бәріне қатысты мәселе. Осындай кибер шабуылдарды сіздер бұғаттай алмасаңыздар бұл заңның қандай қажеттілігі бар? Егер біз оны бұғаттай алмайтын болсақ, онда заң шикі болады.

Осында Ұлттық қауіпсіздік комитетінен өкіл бар ма? Ішкі істер министрлігі, басқа да құзырлы органдар, сіздер бұны тыя аласыздар ма, жоқ, тыя алмайсыздар ма? Енді біздің отбасымызға тиісе бастады. Бұл не деген көргенсіздік, ұятсыздық? Ары таза адамдарға тиісіп, олардың сыртынан жала жауып, оны әлеуметтік желіде таратады. Сіздер оны қашан тыясыздар? Тыя алмайтын болсаңыздар, айтыңыздар, тыя алмаймыз, бізге осындай қаржы керек, осындай техника керек деп. Сіздерде мүлдем ештеңе жоқ. Оны жазған адамдарды табу керек, олардың үстінен қылмыстық іс қозғау керек.

ТӨРАҒА. Енді тыю үшін осы заңды қабылдап жатырмыз ғой.

Кім жауап береді?

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Мүлдем таба алмайды ғой. Ерлан Жақанұлы, егер бұлар жұмыс жасамайтын болса, онда өзіміз кірісейік. Біздің де қолымызда күш бар.

ТӨРАҒА. Жақсы, Еділ Терекбайұлы, сұрағыңызды қойдыңыз, сұрағыңыз түсінікті, енді жауабын тыңдайық.

Бас прокуратура.

ӨМІРӘЛИЕВ Ж.Ж. Иә, өте өзекті сұрақ. Бұл мәселе бойынша үлкен жұмыстар жасалып жатыр, оның нәтижесі де бар. Мен статистикалық көрсеткіштерді келтіріп кеттім. 274-бап бойынша жыл сайын 25 қылмыстық іс қозғалуда. «Презумпция невиновности» деген бар ғой. Мен қазір олардың аты-жөндерін айтпай-ақ қояйын. Бірақ сол 25 қылмыстық істің ішінен бес-алты қылмыстық іс сотқа жолданып, қалғандары бойынша 274-бап бойынша тиісті тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар алаяқтық мәселесі де айтылды. Алаяқтық бойынша ешқандай проблема жоқ, ол бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Бопсалау, басқа да әрекеттер бойынша баптар бар. Бүгінгі заңның жобасы іс-әрекеттерімізді одан әрі жетілдіруге өз

септігін тигізетінін сөзсіз. Көтерген мәселеңіз өзекті. Техникалық жағынан, әрине, Ұлттық қауіпсіздік комитеті тарапынан жұмыстар жүргізілу қажет. Ал заң жағынан қазір біз бір қадам алға бастық. Рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Депутат Құспан Абзал Темірғалиұлы.

ҚҰСПАН А.Т. Рақмет.

Менің бұл сұрағымның шет жағасын жаңа Снежанна Валерьевна қойып кетті. Мен сұрағымды Ішкі істер министрлігіне бағыттағым келеді. Бірақ сұрақты толықтырып қойғым келеді.

Жалпы, қаралып отырған заң жобасы жаман емес. Мен барлық жұмыс топтарына қатысып жүрмін.

Заң несімен құнды? Заң орындалуымен құнды. Егер біз заңды қабылдап, бірақ ертең орындай алмайтын болсақ, онда бұл заңның құны көк тиын. Ілеспе заңмен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске 456-2-бапты енгіздік. Бұны орындауды Ішкі істер министрлігіне жүктеп отырмыз. Енді осыған байланысты нақты сұрағым бар.

Қолданыстағы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 806-бабының 1-тармағына сәйкес әкімшілік хаттама оқиға болған күні сол сәтте толтырылуы керек. Бұл заңның процестік талабы.

Енді қазіргі таңда Ішкі істер министрлігінде көрнеу, жалған ақпаратты орналастырған азаматқа қатысты сол күні хаттама толтыратындай кадрлық, техникалық мүмкіндік бар ма? Түсінікті болу үшін айтайын. Айталық, Маңғыстаудың Жаңаөзенінен біреу отырып біреуге жала жабады, ал сол күні оның кім екенін анықтап, тауып, хаттама толтыру қаншалықты мүмкін? Осыған нақты жауап берсеңіз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Министерство внутренних дел, пожалуйста.

ЛЕПЕХА И.В. По этой ситуации. В принципе, сегодня эта норма предусмотрена, у нас есть возможность обращаться вообще без составления протокола непосредственно в суд. Если речь идет о физических лицах, просто обращаются с заявлением в суд, без составления протокола материал рассматривается сразу. Это первое.

Второе. Если там нет признаков уголовного правонарушения, материал об этом будет составляться. Когда он попадает в органы внутренних дел, он немедленно составляется.

ТӨРАҒА. Депутат Құспанның микрофонын қосыңыздар.

ҚҰСПАН А.Т. Касательно своевременного выявления. У вас есть технические возможности выявления того лица, который совершил адмправонарушение?

ЛЕПЕХА И.В. У нас есть определенные возможности, но, в принципе, есть и такое, когда мы не можем установить. Это чисто технический вопрос, мы здесь работаем вместе с Министерством информации и общественного развития.

Допустим, сегодня по находящимся в производстве 33 дел 17 лиц мы не смогли установить. Это технический вопрос. Там, где у нас есть возможность, мы находим, устанавливаем, но здесь наши возможности тоже ограничены.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Депутат Толықбаев Мақсат Мәлікұлы.

ТОЛЫҚБАЕВ М.М. Рақмет.

Менің сұрағым министрге.

Жаңа өкілдік ашу туралы айттыңыз. Сіздер айтып отырған Германияның, АҚШ-тың, Бельгияның, Ұлыбританияның осыған ұқсас заңдарында жазылушысы 2 миллионнан асатын кез келген медиа-платформа сол елдің территориясында өкілдігін ашуға міндетті деп жазылған. Бұл, әрине, жақсы. Қазір мен Астанада отырып Facebook-ке астарлап қазақ тілінде ұлт араздығын, діни алауыздығын тудыратын қазақша материал жазсам, оны Америкада отырған «Meta» қайдан біледі? Сондықтан олардың басты принципі – сол елдің территориясында өкілдігін ашу және қазақ тілін білетін мамандар үшін штат ашу. Біз шағымданғанда ғана алады ғой. Олар өздігінен зиянды ақпараттарды саралап отыруы керек. Германияның тәжірибесінде бар, шағым түскеннен кейін 24 сағаттың ішінде алып тастамаса, 50 мың доллар айыппұл салады екен. Бұл жақсы.

Бірақ менде күдік бар. Олар аудиториясы 10 миллионнан аз елдерден бас тартқан екен. Олар Қазақстан заң шығара қойды екен деп ертең «Meta» компаниясы Қазақстанда өкілдігін аша қоя ма? Біздің 6 миллион аудитория оларға қаншалықты қызық? Ертең ашпаймыз десе қайтеміз? Facebook-ты, Instagram-ды жауып тастаймыз ба? Жалпы, мен қандай да бір келісім бар ма деп сұрамай-ақ қояйын. «Meta»-ның пікірін білген адам бар ма осы жерде? Соған жауап берсеңіздер. Әлде бұған «жартылай жұмыс істейтін заң» деген айдар тағамыз ба?

ТӨРАҒА. Ақпарат және қоғамдық даму министрінің микрофонын қосыңыздар.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Рақмет.

Бұл өте өзекті мәселе. Біз былтырғы жылдан бастап үлкен онлайн-платформалардың басшыларымен жұмыс істеудеміз, олар нәтижесін беріп те жатыр. Жаңа айтып кеттік, TikTok компаниясы Қазақстанға келді, өңірлік офисін ашты, осында жұмыс істеуде, біздің шарттарымызды қабылдап та жатыр. Білесіздер, олар 13 жасқа дейінгі балаларға арналған контентті қысқарту, тыю бойынша да біздің шарттарымызбен келісті. Сол сияқты «Meta» компаниясының атқарушы басшыларымен жолықтық, кездестік. Олар да интерфейсті қазақшалау және біздің шағымдарымызды тез қарау бойынша жұмысты жеделдетті.

YouTube, Google арналарымен жақында кездесеміз. Басқа да әлемдік үлкен алпауыттармен келіссөздер жүріп жатыр. Тек Қазақстанда ғана емес, мүмкіндігінше

өңірлік офисін ашуға тырысып жатырмыз. Себебі Қазақстанның аудиториясы аз, 20 миллион ғана, бірақ егер өңір деп қарайтын болсақ, 70-80 миллиондық аймақ бар. Сондай-ақ Қазақстанның тартымдылығы бар, яғни басқа республикаларға қарағанда бізде табыс көлемі жоғарылау. Оның үстіне қазіргі геосаяси жағдайға байланысты біздің көрші мемлекеттен кеткен кейбір алпауыт компаниялардың өкілдіктері Қазақстанға келуге құлықты. Үлкен алпауыт онлайн-платформалардың өкілдерімен келіссөздер жүргізіп жатырмыз, нәтижелері бар.

ТӨРАҒА. Депутат Пономарев Сергей Михайлович.

ПОНОМАРЕВ С.М. У меня пара-тройка вопросов Министерству внутренних дел.

Во-первых, я поддерживаю Снежанну Валерьевну, свою коллегу, которая совершенно справедливо говорит о том, что у нас есть две статьи в Уголовном кодексе (174 и 274) о клевете и распространении заведомо ложной информации, которые совершенно не используются. Мы пытаемся ввести еще одну статью, усложняющую и без того непростую ситуацию. С этим будет разбираться участковый. Это вызывает вопросы.

Второй вопрос Министерству внутренних дел. Много людей с активной гражданской позицией, они двигаются, путешествуют, много пишут, выражают свое мнение. Я хочу понять, где тонкая грань между блогером (инфлюенсером) и просто активным пользователем социальных сетей?

Приведу личный пример. Две недели назад с коллегами по Мажилису (мы говорили об этом на заседании комитета) мы выехали в Абайский район Карагандинской области. Я снял материал о великолепном фермере, который установил поливальную установку и орошает свои земли, выращивает картошку. Я привел название компании, назвал имя фермера и назвал название американской установки, то есть налицо все факторы рекламы. Но это не было рекламным материалом, мы за это не получили деньги, мясо или что-то еще. Материал в TikTok набрал 1 миллион 200 тысяч просмотров.

Я – депутат Мажилиса, могу за себя постоять, но как будут отстаивать свои интересы десятки, сотни, тысячи блогеров и журналистов? На этот вопрос я хочу получить ответ.

И еще. Блогеры пишут материалы, выходят они со значком «PR». Не будут ли оказывать на них давление? Неудобные блогеры окажутся под прицелом. Я очень сильно переживаю за это. Это уже вопрос Дархану Куандыковичу. Рақмет.

ТӨРАҒА. Министр мырза, сізге сұрақ.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Рұқсат болса, бұл сұраққа вице-министр жауап берсін.

ТӨРАҒА. Жақсы. Вице-министр Кочетов.

КОЧЕТОВ Е.Д. Вице-министр информации и общественного развития.

Уважаемый Сергей Михайлович! Давайте начнем с рекламы.

Сергей Михайлович, если Вы действительно не получили никакой материальной выгоды за публикацию (неважно, депутат Вы или любое частное лицо), то переживать абсолютно не о чем. Как сказал мой коллега из Министерства финансов, камеральный контроль будет осуществляться. Более того, в 2025 году, как вы знаете, у нас будет всеобщее декларирование, где все эти вещи однозначно будут видны. С точки зрения благонадежности и добропорядочности, если вы деньги получили за рекламу, если вы инфлюенсер (блогер), то ее стоит пометить. Если нет, и вы в действительности просто высказали свою гражданскую позицию, не задумываясь о какой-то материальной выгоде, тогда не стоит переживать.

Касательно второго вопроса по наложению статей я скажу в двух словах. Действительно, в Уголовном кодексе сегодня есть статья 274, но если мы посмотрим по статистике, то в прошлом году было направлено по этой статье порядка 200 уведомлений. Мы считаем и солидарны с депутатами, что это потенциально фактически 200 уголовных дел за публикации в социальных сетях. Справедливо это? Далеко не всегда.

Поэтому идея о частичной декриминализации с отзеркаливанием статьи 456-2 в Кодексе Республики Казахстан об административных правонарушениях даже очень гуманна, на наш взгляд. Рақмет.

ТӨРАҒА. Министерство внутренних дел, есть что добавить?

ЛЕПЕХА И.В. Были названы две статьи Уголовного кодекса.

Во-первых, статья 174 «Разжигание социальной, национальной, родовой, расовой, сословной или религиозной розни» – это немного другая статья.

Что касается статьи 274, то там обязательно наличие квалифицирующих признаков. Во-первых, это заведомо ложная информация, то есть человек должен заведомо знать, что информация ложная, причем это надо доказать. Во-вторых, она должна создавать опасность нарушения общественного порядка либо причинить существенный вред правам и законным интересам граждан. Если одна из этих составляющих не выполняется, то мы отказываем и прекращаем уголовное дело. Если человек распространил информацию, но мы не смогли доказать, что он знал, что она заведомо ложная, либо она была заведомо ложной, но не было большого ущерба законным интересам гражданину или организации, получается, эти люди, распространяя заведомо ложную информацию, сегодня уходят от ответственности.

Я могу сказать, что в прошлом году в нашем производстве находилось 103 уголовных дела, 59 из которых мы прекратили по этим основаниям. Фактически эти люди должны быть привлечены к административной ответственности. Я считаю, что это очень хороший заслон для распространения ложной информации.

Я не хочу приводить примеры. Очень много различной информации сейчас будоражит общество, а мы не можем привлечь людей к ответственности. Это первое.

Второе. Почему такое отношение к участковым инспекторам? Все они юристы. В принципе, все они могут проводить доследственные проверки по любым статьям. Мало того, мы проведем с ними дополнительные занятия. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Амантайұлы Жарқынбек.

АМАНТАЙҰЛЫ Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Айдос Әміроллаұлы, біздің 5-6 миллиондық аудиториямыздың көп бөлігі кәмелеттік жасқа толмаған балалар, жастар. Колледждерде оқитын балалар әлеуметтік желіде өте белсенді, олардың жалған ақпаратты сараптау деңгейі белгілі. Осы заң жобасында оларға қойылатын жауапкершілік қалай болмақ? Осы туралы ашып айтып берсеңіз.

САРЫМ А.Ә. Жаңа әріптестеріміз сұрақтың біраз бөлігіне жауап берген сияқты. Мен қосымша өз уәждерімді айтып көрейін.

Қазір балалардың көбі TikTok-та ғой. Осындағы өкілдікпен оларды жалған ақпараттан, қиянаттан алып қалу әлеуметтік желінің өзі мүдделі болып отыр. Олар да бизнес жасап отыр. Олар да заңға қайшы келгенін немесе өзінің репутациясының төмендегенін қаламайды. Бұл бір жолы.

Екінші жолы бар. Иә, сөзсіз, үлкен мәдени жұмыс керек, ақпараттық жұмыс керек, түсіндірме жұмысы керек. Біздің ата-аналар да, мысалы, көптеген жағдайда барлығын Үкіметке, билікке жауып қойғысы келеді. Меніңше, ортақ жауапкершілік болу керек, балаларымызды тәрбиелейік, олардың қандай әлеуметтік желіде отырғанда не жазып отырғанын, не көріп отырғанын қарайық. Ол да маңызды мәселе.

Үшінші. Тағы да қайталап айтамын. Бұл заңды қабылдау міндетті түрде азаматтардың құқығын таптау немесе оларды бұғаттау емес, ең алдымен бұл өзіміздің елдігімізді сақтау үшін жасалып жатқан дүние. Біз көп жағдайларды айта бермейміз, бірақ заң жобасына біз «Елдің тұтастығына, егемендігіне күмән келтіру» деген дүниені де енгізіп жатырмыз. Бұл да соңғы кезде ушығып жатқан мәселе. Сот та қанаушы ұйым емес қой, адамның жағдайына қарайды. Кейбір мемлекеттік орган өзі көретін болса, «бауырым, сен қателесіп жатырсың, мынауың дұрыс емес, мына ақпаратты түзей ғой» деп жазуына да қақысы бар. Сондықтан бұл елдегі жаңа ақпараттық мәдениет, жаңа мәдениет үшін жасалып жатқан үлкен жорық деп айтса да болады.

АМАНТАЙҰЛЫ Ж. Негізі жауапкершілік ата-аналарда ғой.

САРЫМ А.Ә. Барлығымызға да ортақ, қоғамда да, ата-аналарда да, оны бөліп-жаруға болмайды.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Министрдің микрофонын қосыңыз.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Рақмет.

Иә, өте өзекті мәселе. Жалпы, бәрімізді бейжай қалдырмайтын мәселе болғандықтан біз бұл мәселені егжей-тегжейлі зерттедік. Балалардың құқықтарын қорғауға байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциясы бар. Біз таяуда Біріккен Ұлттар Ұйымымен, осындағы халықаралық ұйымдармен бірнеше жиын өткіздік. Журналисттер, жалпы, әлеуметтік желі қолданушылар Біріккен Ұлттар Ұйымының

конвенциясын сақтамайды. Балалар туралы ақпарат беріліп жатқанда аты-жөні айтылады, суреті қойылады, сөйтіп олардың суицид жасауына итермелейміз, олардың психологиясының ауытқуына итермелейміз. Бұлардың барлығы баршаға белгілі қарапайым ғана қағидаттарды білмеуімізден туындап отыр. Сондықтан, Айдос Әмироллаұлы айтқандай, медиа мәдениеттілік керек, медиа сауаттылық керек. Бұл бағытта біз көптеген кітаптарды аударып, медиа мектеп аштық. Осы бағытта жұмыс жүргізіп жатырмыз. Үлкен әлеуметтік желілер де, онлайн-платформалар да бұған мүдделі. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлы.

ӘЛТАЙ А.Д. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға және Ақпарат және қоғамдық даму министріне.

«Ұлт боламын десең бесігіңді түзе», – деп Мұхтар Әуезов айтқандай бала тәрбиесі мәселесі бүгінгі қоғамда ең маңызды мәселе екендігі ақиқат. Өкінішке қарай, біздің балаларымыз әлеуметтік желілердегі бала санасын қатыгездікке, зұлымдыққа, мейрімсіздікке қарай итермелейтін лас ақпараттардың тұтқынына айналып отыр.

Айдос мырза, өзіңіз айтып кеткен мемлекеттің тұтастығына күмән келтіретін, ұлт араздықты қоздыратын, діни теріс ағымдарды насихаттайтын дүниелерге заңмен тыйым салатын нормалардың қатарына ұрпақ тәрбиесіне және ұлттық құндылықтарға теріс әсер ететін жалған ақпараттарға да тыйым салуды қосуға болмас па екен? Бұл бірінші сұрақ.

Екінші сұрағым Ішкі істер министрі мен Бас прокуратураның өкілдеріне.

Көп әріптестеріміздің сұрағы осы ауанда қойылды. Прокуратура, Ішкі істер министрлігі саласы ақпараттық платформаның бүге-шігесін егжей-тегжейлі толық меңгерген білікті мамандарымен қаншалықты қамтамасыз етілген? Осы саладағы мамандар сіздерде бар ма? Ертеректе менің атымнан жалған парақша шыққанда мен қалалық ішкі істер бөліміне барғанмын, олар бізде бұл мәселемен айналысатын маман жоқ деп жауап берді. Сол мәселе бүгінгі күні қаншалықты шешімін тапты? Осыған жауап берсеңіздер.

САРЫМ А.Ә. Құрметті Аманжол Дүйсенбайұлы, ойыңызбен келісемін. Сіз де жұмыс тобының құрамындасыз, бәлкім, екінші оқылымға дейін осыны салыстырма кестеге ұсынсаңыз болатын шығар. Мысалы, депутат Берденов онлайн-казиноның жарнамасын тоқтату керек деп ұсынып отыр. Бәлкім, бұл мәселе де сол сияқты қосымша ұсыныс болсын.

ТӨРАҒА. Сұрағыңызға жауап алдыңыз ба?

ӘЛТАЙ А.Д. Иә.

ТӨРАҒА. Жақсы. Министрдің микрофонын қосыңыздар.

ҚЫДЫРӘЛІ Д.Қ. Аманжол Дүйсенбайұлы, мәселені дұрыс көтеріп отырсыз.

Мемлекет басшысының Жарлығымен ақпараттық доктрина қабылданды, сонда ұрпақ тәрбиесі, жалпы, құндылықтарды насихаттау мәселесі, ұрпақтың ақпараттық қауіпсіздік мәселесі бірінші орынға қойылған. Әлеуметтік желілер, онлайн-платформалар өзінің негізінде жаман да емес, жақсы да емес, олар жай ғана платформа, қандай контентпен, қандай мазмұнмен толтыратынымыз ол бізге байланысты. Сондықтан ол жерде мүмкіндігінше, ұрпақ тәрбиесімен жақсы байытып отыратын болсақ, ол да бір жағы бізге пайдалы дүние деп есептеймін.

ТӨРАҒА. Депутат Болатбек Нажметдинұлы.

НАЖМЕТДИНҰЛЫ Б. Рақмет, құрметті Төраға.

Менде екі мәселе, біріншісі барлығына қатысты.

Жаңа заң жобасында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекспен айыппұл қаралуда. Оның алдында алдын алу ескерту мүмкіндігі қарастырылған ба?

Вопрос представителям Генеральной прокуратуры и Министерства внутренних дел. Какова ответственность должностных лиц департамента полиции и РОВД, которые не исполняют исполнительные листы судов по приводу таких лиц, у которых срок почти год? Человек гуляет по городу и совершает те же нарушения. Это субъект Административного кодекса, он должен быть привлечен к ответственности. Человек, который должен быть привлечен к суду, гуляет, а департамент полиции в это время не принимает меры. Я вам говорю про очевидное, у вас нет технической возможности оперативно выявлять Telegram-каналы. Какова ответственность? Если нет, то почему? Спасибо.

ТӨРАҒА. Министерство внутренних дел.

ЛЕПЕХА И.В. В принципе, у нас есть дисциплинарная ответственность руководителей за неисполнение тех иных нормативных требований, есть уголовная ответственность за ненадлежащее исполнение должностных обязанностей, халатность и так далее. Если это тот случай, пожалуйста, напишите заявление, мы в рамках уголовного производства Департаменту собственной безопасности поручим и либо привлечем к дисциплинарной ответственности этих сотрудников, о которых Вы говорите, либо дело возбудим. Давайте все-таки не при всех, а отдельно Вам расскажу.

ТӨРАҒА. Депутат желает, может быть, всем рассказать, или он сам расскажет.

НАЖМЕТДИНҰЛЫ Б. Я имею в виду лиц, у которых три исполнительных листа от трех лиц (это не касается меня). Год исполнительным листам. Я имею в виду ответственность должностных лиц, которые не исполняют решения судов. Спасибо.

ТӨРАҒА. Микрофон Министерства внутренних дел включите.

ЛЕПЕХА И.В. Я, в принципе, ответил. У нас есть и дисциплинарная, и уголовная ответственность сотрудников полиции. Если будет конкретное заявление, давайте мы в рамках конкретного заявления примем процессуальное решение. Можете обратиться в прокуратуру как надзорный орган. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Мусабаев Самат Базарбайұлы.

МУСАБАЕВ С.Б. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым баяндамашыға.

Құрметті Айдос Әміроллаұлы, бұл заң әлеуметтік желіде халықтың құқығын қорғау болып есептеледі деп өз баяндамаңызды айтып кеттіңіз. Осыған байланысты менің бірнеше сұрағым бар.

Бірінші. Осы заң аясында фейк аккаунттарды анықтауға мүмкіндіктер бар ма, жоқ па?

Екінші сұрағым Бас прокуратураның өкіліне.

Мысалы, Әблязовты қолдап біреу жазса, сіздер бір сағаттың ішінде оны дереу тауып аласыздар. Ал біз сияқты қарапайым азаматтарды біреу қорлап жазса, өмірі таба алмайсыздар. Осыған кім кедергі және не кедергі? Техника жағынан кедергі бар ма? Соны бір ауыз сөзбен түсіндірсеңіз.

САРЫМ А.Ә. Самат Базарбайұлы, сұрағыңызды қайталайсыз ба, соңын түсінбей қалдым.

ТӨРАҒА. Бұл заң жобасы фейк аккаунттарды табуға мүмкіндік бере ме? Бірінші сұрағыңыз солай ғой?

МУСАБАЕВ С.Б. Дұрыс.

САРЫМ А.Ә. Егер уәкілетті орган онлайн-платформалардың басшылығымен, өкілдерімен тиісті қарым-қатынастарды орнататын болса, кез келген аккаунтты табуға болады.

ТӨРАҒА. Бас прокуратураның өкілі.

ӨМІРӘЛИЕВ Ж.Ж. Жалпы, заңсыз контентпен жұмыс екі бағытта жүргізіледі, яғни заңды сақтау барысында жауапкершілікке тарту және депутаттар көтеріп отырғандай техниканың мүмкіндігіне байланысты.

Бұл салада мамандар бар ма деген сұрақ қойылды. Бізде заңның сақталуы мен қолданылуын жүргізетін мамандар бар, ал техникалық жағынан жұмыс прокуратураның құзырына кірмейтіндіктен бізде ондай мамандар жоқ. Техникалық мамандар ұлттық қауіпсіздік органдарында, ішкі істер органдарында, яғни жедел-іздестіру амалдарын жүргізетін құзырлы органдарда болады.

Кейбір азаматтардың тез табылатыны, кейбіреуінің табылмайтыны жөнінде. Заңмен шектелген ұйымның жақтастары аттарын жасырмай өздерінің парақшаларында

ашық көрсетеді. Сол себепті оларға тікелей сұрақ қойылады және олар жауапкершілікке тартылады. Ал егер анонимді түрде жалған парақшалардан біреуге қатысты көрінеу жалған ақпарат таратса, әрине, бірінші кезекте ол адамның жеке басын анықтау керек. Ол үшін техникаға жүгіну қажет. Ол ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының құзырында. Адам табылған жағдайда оны жауапкершілікке тарту бізге ешқандай қиындық тудырмайды. Рақмет.

ТӨРАҒА. Біздің сұрақ беру уақытымыз бір сағаттан асып кетті. Бір депутат қалды. Дауыс береміз бе, әлде сұрақ беруге мүмкіндік береміз бе?

ОРНЫНАН. Мүмкіндік берейік.

ТӨРАҒА. Депутат Адамбеков Тілектес Серікбайұлы.

АДАМБЕКОВ Т.С. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Жаңа фейк аккаунттар бойынша айтылды. Бізде кибер-полиция бар ма? Бар болса, неге техникалық жағынан қамтамасыз етілмеген? Негізі фейк аккаунттарды табу оңай, әрқайсысының бір ізі қалады, ол ізді табу да оңай. Өкінішке қарай, қазір құзыретті органдарда мамандар жоқ, техникалық жабдықтары жоқ. Рақмет.

ТӨРАҒА. Айдос Әміроллаұлы, жауап беріңіз.

САРЫМ А.Ә. Менің білуімше, полицияның құрамында осымен айналысатын «К» департаменті бар. Бұған Ішкі істер министрлігінің өкілдері жауап бергені дұрыс шығар.

ТӨРАҒА. Министерство внутренних дел.

ЛЕПЕХА И.В. У нас есть специальное подразделение, которое занимается борьбой с киберпреступностью. Сейчас мы активно развиваем это подразделение в части увеличения штатов и технического оснащения. Единственное, основная его задача сегодня – это борьба с кибермошенничеством, потому что идет огромный вал таких преступлений. Сотрудники подразделения действительно перегружены. Это первое.

Второе – по выявлению. Сейчас у нас процедура такая: либо выявляется Министерством информации и общественного развития, либо мы занимаемся по заявлению. Просто сидеть и мониторить, к сожалению, у нас пока нет таких физических возможностей.

ТӨРАҒА. Жақсы, рақмет.

Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Айдос Әміроллаұлы, сізге рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Ерлан Бияхметұлы Саировқа беріледі.

САИРОВ Е.Б. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті әріптестер! «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» заң жобаларына Парламент Мәжілісінің бір топ депутаты бастамашы болып, аталған заң жобалары ағымдағы жылғы 15 мамырда Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілді.

Заң жобаларының негізгі драматургиясы мен новеллалары жөнінде әріптесім Айдос Сарым айтып өтті.

Жұмыс тобының атқарған жұмысы туралы ақпарат беруге рұқсат етіңіздер.

Жұмыс тобы құрылып, оның құрамына Мәжіліс депутаттарымен қатар мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, сарапшылар қауымдастығының өкілдері, әлеуметтік желіні қолданушылар кірді.

Жұмыс тобының отырыстарында:

негізгі заң жобасының терминологиясына, заңда қолданылатын түсініктерді анықтау;

онлайн-платформалардың жұмысын реттеудегі халықаралық тәжірибені зерделеп, заң жобасына енгізу жөнінде;

онлайн-платформалардың жарнамасын жылжыту;

онлайн-платформаларда модерация жүргізу;

жалған ақпаратты таратқаны және орналастырғаны үшін әкімшілік жауапқа тартуға қатысты мәселелер белсенді түрде талқыланды.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеті заң жобаларына оң қорытындыларын берді.

Жұмыс тобының он отырысы өткізілді, онда 130-ға жуық түзетулер қаралды және комитеттің кеңейтілген отырысы өтті.

Құрметті әріптестер, аталған заң жобаларын бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Ерлан Бияхметұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз.

Сөз депутат Смирнова Ирина Владимировнаға беріледі.

СМИРНОВА И.В. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Более 90 процентов казахстанцев от дошкольного и до самого преклонного возраста являются пользователями интернета. До сих пор спонтанно и стихийно формируются правила взаимодействия внутри сети.

Самую неожиданную информацию, часто не подкрепленную достоверными фактами, можно прочесть на различных и зачастую безымянных платформах. Касаться информация может как отдельного человека, так и организаций или даже страны.

Доказать обратное в случае недостоверной информации в связи с отсутствием регулирующих сферу онлайн-платформ и онлайн-информации правил крайне сложно. Но ведь известно, что свобода одного человека заканчивается там, где начинается свобода другого человека. Поэтому пора всех участников процесса информирования в интернете назвать их именами: блогеры, инфлюенсеры, а также узнать имена, стоящие за онлайн-платформами, обозначить правила, определить ответственность.

Также надо учесть, что большая часть рекламы представлена в виде онлайн-рекламы.

Мы знаем примеры, когда рекламировались мошеннические схемы, финансовые пирамиды, низкокачественные товары, распространение информации, пропагандирующей суицид, продажа наркотиков и прочие вредные и опасные программы. Этому надо поставить решительный заслон!

Вместе с тем в рамках конференции «Astana finance days» было отмечено, что оборот по инфобизнесу в Казахстане только в 2021 году, по приблизительным сведениям, составил около 15 миллиардов тенге.

Налоги выплачивают все законопослушные граждане страны. Пришло время и онлайн-бизнесу внести свой вклад в народный бюджет.

Вот те вопросы, которые рассматривает законопроект «Об интернет-рекламе и онлайн платформах».

Предлагаю поддержать законопроект и доработать его в соответствии с сегодняшними замечаниями. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Рожин Максим Николаевичке беріледі.

РОЖИН М.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы онлайн-платформалардың қызметін заңнамалық тұрғыдан бекітуге арналған. Онлайн-платформаларды пайдаланушылардың өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру мақсатында қолданыстағы алгоритмдерді жетілдіру және қосымша тетіктерді енгізу ұсынылады.

Заң жобасының түйінді негізі – онлайн-платформаларды иеленушілерге нақты талаптар белгілеу болып табылады. Ол келесі талаптар:

онлайн-платформалардың интерфейстері мен модерациясына мемлекеттік тілді міндетті түрде интеграциялау;

онлайн-платформалар иелерінің мемлекеттік органдармен анық емес ақпаратқа және салықтан жалтаруға қарсы күрес бойынша ынтымақтастықты міндеттеу;

онлайн-платформаларды пайдаланудың ішкі қағидаларын ұлттық заңнамаға сәйкес бейімдеу.

Осылайша бұл заң жобасы жалған ақпараттың және блогерлердің бақылаусыз қызметі мен олардың көлеңкелі бизнесінің жаппай таралуына қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыруға арналған. Ал контентті автоматты түрде мемлекеттік тілге аудару жүйесін міндетті енгізу қазақ тілді аудиторияның контентке қолжетімдігін арттырады және мемлекеттік тілдің дамуына ықпал ететін болады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мен осы заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.
Сөз депутат Зайытов Ринат Рифхатұлына беріледі.

ЗАЙЫТОВ Р.Р. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер, мен әріптестерім депутат Бапидің, депутат Әлтайдың сөзін қостаймын. Негізі бұл жерде халыққа зияны бар заң шықпайды. Бірақ орындалуы бойынша Ішкі істер министрлігіне бір өтінішім бар. Ертең осы заң шыққаннан кейін «әу» деп аузын ашқан бір қазаққа, «ауылда жағдайым жоқ» деп айтып қалған адамдарға қарсы қолданылып кетпесе екен.

Негізі қарастырылып отырған заң жобалары бойынша барлық түсініктемені әріптестерім берді, толық баяндады. Мен тек заң жобаларының тиімді, халыққа маңызды жерлерін айтып өтейін.

Жалпы, қазіргі таңда онлайн-платформалардың барлығы жалған ақпарат беруден бөлек, жалған жарнама тарату, жалған дәрістер беру, азаматтарды үйден шықпай тендерден ақша табыңдар деп заң бұзуға тәрбиелеп жатыр. Оларға қолданып жатқан ештеңеміз жоқ. Жаңа әріптесім Мұқаев айтып өткендей, танымал адамдардың аттарынан аккаунт ашады. Одан кейін онлайн-лотерея өткізеді, сендерді ақшаға жарытамыз деп жалған ақпарат таратады. Біреудің атынан аккаунт ашып біреуді жамандайды. Ол да белең алып барады.

Енді ол тіпті аз десеңіздер, біздің Қазақстандағы теріс діни ағымға кірудің барлығы осы онлайн-платформалар арқылы жүреді. Біздің ешқандай мемлекеттік арналарымыз ондай теріс діни ағымға тәрбиелемейді, тек осы онлайн-платформалар ақылы жүріп жатыр.

Осы орайда бұл заң жобасы осындайлардың барлығын ауыздықтап, жүгендеудің бірден-бір жолы. Сондықтан бұл заң жобасы қазіргі уақыт талабына сай деп қолдаймын және барлықтарыңызды бірінші оқылымда қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.
Сөз депутат Шаталов Никита Сергеевичке беріледі.

ШАТАЛОВ Н.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Я хочу поддержать выступления коллег касательно закона об онлайн-платформах. Мы в последние годы наблюдаем тенденцию, когда в нашу внутреннюю политику вмешиваются извне, когда граждане или общественно-политические деятели из других государств используют именно социальные медиа, чтобы распространять недостоверную информацию. Это вызывает активные дискуссии, иногда раскол в обществе, конфликты. Позвольте мне привести один недавний пример и прокомментировать его.

На прошлой неделе депутат Государственной Думы Российской Федерации и председатель партии «Справедливая Россия» назвал абсурдом статью «Наемничество» из

нашего Уголовного кодекса. Он настаивает, что граждане Казахстана, Узбекистана, Кыргызстана, участвующие в чужих военных конфликтах, не должны привлекаться к уголовной ответственности. Считаю, что данный вопрос необходимо решать в рамках ЕАЭС.

При этом господин Миронов то ли не разбирался в вопросе и дезинформирует всех, то ли намеренно путает понятия и манипулирует общественным мнением. Он говорит о том, что наказание последует за участие в СВО на стороне России и якобы подобные санкции появились осенью прошлого года.

В связи с этим у меня есть несколько замечаний.

Во-первых, наказание за наемничество в Казахстане появилось более десяти лет назад. Участие казахстанцев в иностранных военных конфликтах противоречит нашей Конституции и самому духу нашей внешней политики, которая основана на принципах миролюбия. Участие в иностранных военных конфликтах на любой стороне (неважно, Россия ли это, Украина или какая-либо другая страна) будет караться по всей строгости закона.

При этом я хочу отметить специально для депутата Миронова, что Казахстан и Россия – стратегические партнеры. Мы наращиваем экономические связи и в целом развиваем наши отношения в русле добрососедства вне зависимости от внешней конъюнктуры.

Казахстанско-российские отношения описаны во множестве стратегических документов, один из которых – Декларация о вечной дружбе и союзничестве, ориентированном в XXI столетие.

Господин Миронов при этом решил, что может нам, ближайшему стратегическому партнеру Российской Федерации, указывать, каким образом должно быть устроено наше казахстанское законодательство, и лезть во внутренние дела других суверенных государств. Это недопустимо, как и попытка вбить клин и ухудшить взаимоотношения между нашими государствами.

Во-вторых, в качестве ликбеза хочу напомнить депутату Миронову, что ЕАЭС – это исключительно экономическое межгосударственное объединение. Он нужен, чтобы обеспечить свободу движения товаров, услуг, капитала и рабочей силы на всем пространстве Союза. Об этом, к слову, на последнем Евразийском форуме в присутствии всех глав государств-участников напоминал наш Президент.

ЕАЭС не решает военные задачи, но при этом у нас есть международные документы, помогающие совместными усилиями ловить преступников. Так, согласно Минской конвенции о правовой помощи Российская Федерация приняла на себя обязательства помогать нам в розыске преступников, в том числе наемников, на своей территории и выдавать их для последующего суда.

В-третьих, я хочу обратиться к казахстанцам, нашим согражданам, которые зачем-то намерены принимать участие в чужих военных конфликтах.

Я призываю вас отказаться от казахстанского гражданства, прежде чем брать в руки оружие! Не нужно тащить войну внутрь нашей страны, не нужно тащить внутрь нашего общества! Это проявление высшего неуважения к казахстанским законам и нашему обществу. Наказание за это не заставит себя ждать. Рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Никита Сергеевич.

Келесі сөз депутат Құспан Абзал Темірғалиұлына беріледі.

ҚҰСПАН А.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер, осы заң жобасына қатысты барлық жұмыс топтарына белсенді қатысу ретінде айтарым, бұл заң жобасы қазіргі таңда бізге өте қажет. Жалпы, осы заңның қажеттілігі туралы әуелі талас-тартыс болды, одан кейін он жұмыс тобының отырысы болды. Айдос Әміроллаұлы мен Ерлан Бияхметұлының басшылығымен өтіп жатқан жұмыс топтарының отырыстары осы кезге дейін талас-тартысты өтуде.

Әлеуметтік желінің күшін, оның қандай деңгейге дейін апаруы мүмкін екенін біз бәріміз білеміз.

Жалпы, біз бір нәрсені түсінуіміз қажет. Құқық бар жерде міндет бар. Екеуі құстың қос қанаты сияқты ажырағысыз нәрсе. Менің жалғыз ғана қаупім, сонымен қатар осы жерде әріптестеріміздің де көп көтеріп жатқан мәселесі – кейін бұның орындалу барысы қалай болмақ. Осыған байланысты Ішкі істер министрлігіне тиісті кадрлық және техникалық мүмкіндіктер қарастыру, яғни бюджеттен қосымша қаражат бөлу қажеттігі туындаған жағдайда оны да қолдау қажет деп есептеймін.

Жалпы, қазіргі таңда өмірге өте қажетті заң жобасы дайындалды деп есептеймін.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа талқылауға қатысамын деп жазылған депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсыныстарды жеке-жеке дауысқа қоямын.

Бірінші кезекте «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «жақтағандар» – 88, «қалыс қалғандар» – 3. Шешім қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 93, «жақтағандар» – 89, «қалыс қалғандар» – 4. Шешім қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне онлайн-платформалар және онлайн-жарнама мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 92, «жақтағандар» – 89, «қарсылар» – 1, «қалыс қалғандар» – 2. Шешім қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Келесі талқыланатын мәселелер бойынша да ортақ баяндама жасауды, ал қаулыларды жеке-жеке қабылдауды ұсынамын. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, «Заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы» негізгі Заң жобасы және оған ілеспе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары жөнінде. Бірінші оқылым.

Сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Елнұр Сабыржанұлы Бейсенбаевқа беріледі.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Қазір әлемде активтерді іздеу және қайтару барлық елдің өзекті мәселесі болып отырғанын барлығымыз білеміз.

2022 жылдың басында Мемлекет басшысы, халықаралық сарапшылардың пайымдауынша, еліміздегі байлықтың тең жартысы 162 адамға тиесілі екенін айтқан болатын. Сондай-ақ әлемдік қаржы сарапшыларының жасаған бағалауына сүйенетін болсақ, дамушы елдер пара алу, қаражатты заңсыз иемдену сияқты жолдармен жыл сайын шамамен 30 миллиард АҚШ долларына дейін жоғалтады екен.

Активтерді елден шығаруға қарсы күрес – мемлекеттің басты міндеті. Өйткені ол экономикаға кері әсер етіп, қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіреді, елдің прогрессивті дамуына зиян келтіреді.

Қылмыстық жолмен тапқан табыстың қомақты бөлігі әлемдік қаржы орталықтарынан әртүрлі жолдармен «қауіпсіз», «жайлы» орын тауып жатады. Бұл қаражат заңсыз түрде жылжымалы және жылжымайтын мүлік нысандарына, бағалы қағаздарға және басқа да қаржы құралдарына салынады, шетелдік банктердегі шоттарға орналастырылады, оффшорларда жатады.

Ұрланған, заңсыз алынған активтерді қайтару процесі мемлекетаралық тиімді ынтымақтастықты талап ететін, мемлекеттік құрылымдардағы жүйелі еңбекті қажет ететін өте күрделі жұмыс. Осы ретте аталған олқылықты тез арада шешу үшін Мәжіліс депутаттарымен «Заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заң жобасы әзірленді. Бұл заңды қабылдау бүгін өте өзекті болып отыр.

Заң жобасының басты мақсаты – Қазақстан аумағында және одан тыс жерде заңсыз алынған активтерді қайтарудың заңнамалық тетіктерін айқындау, олардың шетелге шығару жағдайларын анықтап, жолын кесу және бұдан былай қарай болдырмау.

Сонымен заң жобасының аясында бір арнайы уәкілетті орган және комиссия құрылатын болады, заңды және жеке тұлғалардың жабық реестрі жасалынып, мемлекеттік қор құрылатын болады.

Заңға жеке және заңды тұлғалардың шектеулі тобы, яғни заңсыз әрекеттер арқылы байлыққа, активтерге ие болған азаматтар жатады.

Бұл ретте жеке тұлғалар қатарына лауазымдық шенді пайдалану арқылы негізсіз байлыққа ие болған және оларға қатысы бар адамдарды жатқызуға болады, оның ішінде:

жауапты мемлекеттік лауазымды, мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік секторда басқару функцияларын орындау барысында әкімшілік-билік ресурстарына ие болған және заңсыз байыған азаматтар;

әкімшілік-билік ресурстарын пайдалана отырып активтерге заңсыз иемдену мен кәсіпкерлерге немесе кәсіпкерлікке заңға қайшы, бәсекелестіктен тыс арнайы қолайлы жағдай жасауға ықпалдасқан азаматтар.

Активтерді қайтаруға бағытталған шаралар осы жеке тұлғалармен тығыз байланыста болған, заңсыз сыбайластық орнатқан, есебі бір өзге тұлғаларға да қолданылатын болады. Мәселен, олардың жақын туысқандары, таныстары, көлік жүргізушісі, қызметшісі және олардың мүлкіне номиналды иелік ететін азаматтар да жатады.

Осылайша аталған заң жобасы ірі сыбайлас жемқорлыққа және республикалық, жергілікті деңгейдегі әкімшілік-билікпен біте қайнасқан олигополиялық топтарға қарсы пәрменді шараларды енгізетін болады.

Заңның новелласына шетелде активтерді қайтару бойынша жұмысты заң шеңберінде жүргізу тетіктері қарастырылған.

Жалпы, заң жобасында активтерді қайтарудың ерікті немесе мәжбүрлі тәртібі көзделген.

Бірінші – ерікті түрде қайтару өздеріне тиесілі мүлікті мемлекетке өтеусіз беру жолымен жүзеге асырылады.

Екінші – соттардың шешімдеріне сүйене отырып қылмыстық процесс шеңберінде заңсыз алынған активтері тәркіленеді.

Үшінші – мүліктік қылмыстық шығу тегі болған кезде заңсыз алынған актвитерді мәжбүрлеп қайтартқызады.

Төртінші – соттардың немесе шет мемлекеттердің өзге де уәкілетті органдарының шешімдері негізінде тәркілеу іске асырылады.

Жалпы, заң аясында арнайы комиссия құрылады, заңды және жеке тұлғалардың реестрі пайда болады.

Заң жобасында азаматтық процесс шеңберінде тәркілеудің алгоритмдері енгізілген. Бұл да заңның бір жаңа новелласы.

Бірінші. Егер мониторинг және ақпаратты талдау қорытындылары бойынша уәкілетті органда құны 100 миллион АҚШ долларынан асатын активтерді сатып алу көздерінің заңдылығына байланысты негізді күмән туындаса уәкілетті орган субъектіні және оның үлестес тұлғаларын реестрге енгізу мәселесін комиссияның қарауына шығарады.

Екінші. Материалдарды қарау қорытындылары бойынша комиссия азаматтарды немесе адамдарды реестрге енгізу немесе қоспау туралы ұсыныс береді.

Үшінші. Уәкілетті орган реестрге енген азаматтарға олардың активтері туралы декларацияны тапсыру құқығының бар екенін жеткізеді. Декларацияларды тексереді және тексеру нәтижелерін комиссияның қарауына шығарады. Соның нәтижесінде комиссия одан әрі шаралар қабылдау туралы ұсынымдар шығаратын болады.

Төртінші. Егер адам декларацияны тапсыру арқылы өз активтерінің шығу тегін растай алмаса, не декларацияны табыс етпесе, мұндай активтер негізсіз байлық ретінде танылып, мемлекет кірісіне қайтарылуы мүмкін.

Адамдардың құқықтарын қорғауға, ашықтыққа кепілдік беру және азаматтық қоғам тарапынан бақылауды қамтамасыз ету мақсатында заң жобасымен:

1) адамдардың жабық реестрі;

2) комиссияның алқалы қарауы;

3) комиссияға депутаттар мен қоғам белсенділері мүше бола алатыны;

4) адал сатып алушылар мен адал кредиторлардың құқықтарының қорғалуы;

5) барлық сатыларда сотқа шағымдану мүмкіндігі;

6) келісімдердің талаптарын орындаған адамдар үшін кепілдіктердің берілуі қарастырылады. Бұл азаматтық қайтару бойынша.

Заң жобасында арнаулы мемлекеттік қор мен басқарушы компанияның қызметі регламенттелген.

Арнайы мемлекеттік қор қайтарылған активтерді жинақтау және өткізу үшін қазынашылық органдарында ашылған Үкіметтің қолма-қол ақшасын бақылау шоты болады.

Басқарушы компанияның міндеттеріне мемлекет атынан өзіне қайтарылған активтерді меншікке қабылдау және оны заңды басқару, қаражатты арнайы мемлекеттік қорға аударуды қамтамасыз ету болып табылады.

Заң жобасын іске асыру үшін түзетулерді көздейтін төрт ілеспе заң жобасы әзірленді:

«Прокуратура туралы» Конституциялық заң;

Салық кодексі;

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс;

өзге кодекстер мен заңдар.

Жалпы, «Заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заң әділдікті орнатуды көздейтін негізгі қадамдардың бірі болып саналады деп есептейміз.

Осыған байланысты әріптестерімді ұсынылған заң жобаларын қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Депутат Әбенов Мұрат Абдуламитұлы.

ӘБЕНОВ М.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Бас Прокурордың орынбасарына.

Заң жобасына сәйкес Бас прокуратураның жанынан арнайы орган ашулы көзделуде. Ол орган зерттеп, мониторинг жүргізіп, активтерді қайтаруға қатысты шаралар жүргізеді екен.

Бізге шығып жатқан кісілердің күмәнін, қорқыныштарын, сұрақтарын сіздерге жеткізуге мәжбүрмін.

«Кебіс ұрлаған бір кісі, күмәнді болар мың кісі» дегендей, дәл солай прокуратура осы өкілеттілігін пайдаланып, осы орган арқылы көп азаматтарды жауапкершілікке тартып, соңына түсіп, заттарын тәркілеуге жол бермей ме деген сұрақ туындайды.

Прокуратураға берілетін өкілеттіктер қандай? Соны нақтылап айтсаңыз.

Қоғамдағы осындай қорқынышты азайтайық, түсіндіріп айтайық деген мақсатта сұрап жатырмын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бас прокуратура.

БАЙЖАНОВ Ұ.С. Құрметті Мұрат Абдуламитұлы, заңға сәйкес құрылатын комитет туралы өз пікірімді айтайын.

Менің ойымша, ол органға берілетін функциялар артық емес. Себебі жұмыс ауқымы өте үлкен.

Предстоит огромный объем работы, будет очень много этапов.

Если подробно остановиться на первом этапе, то это работа аналитического характера, предстоит просмотреть огромный массив документов, включая архивные документы. Надо еще определить, какая информация нужна, найти ее, собрать, обработать, дать оценку и прийти к определенным выводам. Придется глубоко проанализировать деятельность тысяч предприятий, миллионов транзакций, сотни тысяч счетов, включая счета за границей. Эти материалы еще потребуется перепроверить, идентифицировать, проверить на подлинность. Надо будет определить те материалы, которые утрачены или уничтожены, сделать необходимые запросы, организовать исследования, заручиться экспертными заключениями. Мы должны предусматривать арбитражные риски и заранее готовиться к этим спорам. Вероятно, этих полномочий даже будет недостаточно.

Теперь об опасениях по вовлечению в орбиту закона неограниченного круга лиц. Я считаю, что эти опасения напрасны. В законе четко определены критерии субъектного состава, базовая работа будет вестись по конкретным ключевым лицам. Проверочные мероприятия в отношении ограниченного (подчеркиваю, ограниченного) круга аффилированных лиц понадобятся для установления полноты картины. Добропорядочным гражданам и честному бизнесу бояться нечего.

Относительно того, что этот комитет в прокуратуре. Все-таки не надо забывать, что прокуратура – это не орган расследования, а прежде всего высший надзорный орган, одна из главных задач которого – обеспечение надзора за точным и неуклонным соблюдением законодательства. Это наша главная задача. Видимо, в этом и смысл того, что при создании межведомственной комиссии Глава государства поручил возглавить ее не органам расследования, которые занимаются предупреждением экономической преступности, а именно руководителю надзорного органа. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Иса Қазыбек Жарылқасынұлы.

ИСА Қ.Ж. Рақмет, құрметті Төраға.

Менің сұрағым Әділет министрі Азамат Несіпбайұлына.

Қазір жұрт шулап жатқан шетке шыққан офшордағы миллиардтар мен халық қазынасын халыққа қайтаруды «Ақ жол» партиясы осыдан он бір жыл көтеріп күресіп келеді. 2013 жылы біз осы мәселемен Швейцарияға да барып, сол елдің Парламентінде Азат Перуашев баяндама жасаған. Ал былтыр 2022 жылы қаңтар қасіретінің есебін тыңдағанда бұл мәселені де қайта көтергенбіз. Енді, міне, елдің көптен күткен заңы – заңсыз архивтерді қайтаруды талқылаған күнге де жеттік.

Бұл заң жобасында уәкілетті органмен қатар комиссия құру да көзделіпті. Ол комиссияның негізгі функциясы – заңсыз алынған активтерді қайтару және соның ішінде тұлғаларды тізілімге енгізу немесе шығару туралы ұсынымдар әзірлеу.

Сонымен қатар комиссия активтерді ерікті түрде немесе мәжбүрлі түрде қайтару туралы әдістерді де анықтайды. Ал комиссияның ұсынымдарын уәкілетті орган қарауға міндетті екен.

Осыған байланысты министрге сұрақтарым бар.

Бірінші. Мұндай төрағасы Премьер-Министр болып табылатын комиссияны құру қандай қажеттіліктен туды?

Екінші. Комиссияның тәуелсіздігі мен жұмысының ашықтығын қалай қамтамасыз етпексіздер?

Үшінші. Бұл комиссияның құрамына кімдер кіреді? Халық сенген қоғамдық тұлғалар кіре ала ма? Комиссия жұмысына ротация жасала ма?

Төртінші. Бұл комиссияға 162 миллиардер мен жоғары лауазым иелері ықпал етпейді деп сіз айта аласыз ба және оған өзіңіз сенесіз бе?

ТӨРАҒА. Әділет министрі, жауап беріңіз.

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Қазыбек Жарылқасынұлы, сұрағыңызға рақмет.

Бұл комиссияның құрылуы негізінде Президенттің 26 қарашадағы №3 Жарлығында нақты көзделген. Және бұл комиссияның құрамына Парламент депутаттары, қоғам белсенділері, Үкімет мүшелері кіреді және комиссияны Премьер-Министр басқарады.

Ең көкейкесті мәселелер осы комиссияда қаралып, шешімдер алқалы түрде дауыс беру арқылы қабылданады.

Шетелдермен қарым-қатынастар орнату арқылы, халықаралық ынтымақтастық орнату арқылы шетелдегі активтерді қайтару мәселесі шешіледі. Және нақты қойылған тапсырмаларды шешуге осы комиссияның күші жетеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Барлыбаев Ерлан Хайланұлы.

БАРЛЫБАЕВ Е.Х. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован докладчику и заместителю Генерального Прокурора.

Проектом закона предусматривается, что его положения будут распространяться на физические и юридические лица, их аффилированных лиц, совокупный размер активов которых равен или превышает 13-миллионократный МРП, что сейчас составляет 100 миллионов долларов.

Положения проекта закона будут охватывать весь период становления государства, начиная с момента обретения независимости, и по сей день.

В этой связи, Елнур Сабыржанович, скажите, пожалуйста, по какой причине взят за основу именно этот порог?

Второй вопрос. Улан Сапарович, считаете ли Вы обоснованным установить такой порог? Если лицо, подозреваемое в коррупционных деяниях, будет иметь активы в 99 миллионов долларов, не попадает под этот закон? Спасибо.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, құрметті Ерлан Хайланұлы. Өте маңызды сұрақ. Бұл біздің әріптестеріміздің арасында да, жұмыс топтарында да әлі күнге дейін қызу талқылауға түсіп жатқан басты сұрақтардың бірі.

Біріншіден, 100 миллион АҚШ доллары ол тек қана бір азаматқа тиесілі емес, жоғарыда айтылғандай, қасында есебі бар, мүдделес, заңсыз сыбайластыққа ие болған, яғни сол азаматтың қаражаттары тағы басқаға тиесілі құрама қаражат та болуы мүмкін. Мысалы, бес азаматқа тиесілі, әрқайсысына 20 миллион АҚШ долларынан тиесілі, бірақ бір азаматтың иелігінде болатын болса, ол осы комиссияның аясында қарастырылады.

Алдымен неге бұл қаражат соншама жоғарғы деңгейде дегенге келейік. Қазіргі таңда қоғамда ең ірі олигополиялардың заңсыз иемденген активтеріне байланысты сұрақтар туындауда. Сондықтан уақытты көп кетірместен күресті осындай ірі олигополиялардан бастау қажет. Ал одан аз қаражаты бар азаматтардың мәселесі Қылмыстық кодекстің аясында да қарауға мүмкіндік бар. Сондықтан осы комиссияның, уәкілетті органның жұмысын үйлестіру мақсатында және оның нәтижелі жұмысын көрсету мақсатында біз осындай соманы қарастырдық. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бас прокуратура.

БАЙЖАНОВ Ұ.С. Действительно, вопрос обоснованности размера порога непростой, это носит больше субъективный характер. Мы исходили прежде всего из задачи не вовлекать в орбиту закона неограниченный круг лиц. Понятно, если большая часть бизнесменов страны будет думать, что они окажутся сразу под контролем, это может отразиться и на инвестиционном климате, и вообще на ведении бизнеса.

Кстати, я хотел отметить, что при изучении и обсуждении размера порога были полярные мнения. Одни считали, что он заниженный, наоборот, хотели поднять его выше, были мнения, что он завышен, поэтому надо было найти золотую середину.

Здесь главный посыл – на кого направлен субъектный состав нашего закона. Как отметил докладчик, это олигополии. Олигополии – это лица, которые сконцентрировали в своих руках экономические ресурсы в самых прибыльных отраслях экономики. Лица, которые имеют компании, занявшие доминирующее или монопольное положение на отдельных рынках, но не благодаря таланту ведения бизнеса, а благодаря тесным связям с высшими должностными лицами или своим властным полномочиям. Круг таких лиц ограничен, он в какой-то степени не должен волновать честный бизнес.

Что касается второй части Вашего вопроса. Если это, как Вы обозначили, коррупционер, то есть антикоррупционное законодательство, есть Уголовный кодекс.

Невзирая на его состояние, будь у него 99 миллионов или 90 тысяч долларов, он будет привлекаться к ответственности за конкретное преступление. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Баққожаев Анас Ахатұлы.

БАҚҚОЖАЕВ А.А. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министріне.

Құрметті Ерұлан Кенжебекұлы! Заң жобасына сәйкес қайтарылатын қаражатты шоғырландыру үшін арнайы мемлекеттік қор мен басқарушы компания құру көзделген.

30-бапқа сәйкес осы қайтарылған активтер әлеуметтік-экономикалық жобаларға жұмсалады деп айтылады. Жақсы, онымен келісеміз. Бірақ Қазақстанда қорлар өте көп. Менің қолымда солардың тізімі бар. Қазақстанда неше түрлі қорлар бар. Былтыр ғана «Қазақстан халқына» деген қор құрылды. Одан бөлек «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры», тіпті «Жәбірленушілерге өтемақы қоры» бар. Бізде қорлар жеткілікті.

Басқарушы компания немен айналысады? Қайтарылған активтерді тікелей мемлекеттің кірісіне айналдыруға болады. Олай болса, мына арнайы мемлекеттік қор не үшін қажет? Соны нақтылап айтып берсеңіз.

ТӨРАҒА. Ерұлан Кенжебекұлы.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл жерде екі түрлі ұғым, түсінік бар. Қор дегеніміз бөлектенген, оқшауланған қандай да бір жеке немесе заңды тұлға болып табылмайды, ол Бюджеттік кодекске сәйкес Қазынашылықта ашылатын шот. Жаңа өзіңіз жақсы мысалдар келтірдіңіз. Бізде былтыр құрылған «Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» бар, қазір ол жерде 120 миллиард теңгедей қаражат шоғырланған. Біз үш аусымды мектептерді, апатты жағдайдағы мектептерді орнына келтіру үшін сол қордан қаражат бөліп отырмыз.

Басқа түсімдермен араластырмас үшін, сырттан келетін қаражаттың сомасын көріп отыру үшін және ашықтығын қамтамасыз ету үшін арнайы шот ашуды жөн көріп отырмыз.

Басқарушы компанияға келетін болсақ, басқарушы компанияның осы шотқа ешқандай тікелей қатысы жоқ. Біз көп жағдайда мүлікті шетелден келеді деп күтіп отырмыз. Ол жерден келген қандай да бір акциялар болсын, жылжитын, жылжымайтын мүлік болсын, ол сатылып, оның қаржысы осы шотқа аударылатын болады. Егер қандай да бір мүлікті басқару керек болса, осы басқарушы компанияның тиісті функциялары болады, оның жарысын бекітіп береміз. Ол қомақты, үлкен қор болмайды, адам саны да көп болмайтын шағын ғана құрылым болады. Дұрыс айтасыз, бізде тиісті органдар бар, бірақ осындай функциясы бар құрылым жоқ екен. Бұл құрылым осындай функциялармен айналысады.

«Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры» мен осы ашылатын қорды, яғни шотты бір-біріне қосу қажет болса, оған мүмкіндік болса, әрине, біз оларды қосып

жіберуге дайынбыз. Бірақ дәл қазір осы қаржының ашықтығы керек, қанша қаражат түскенін біз көріп отыруымыз керек, сондықтан бізге осындай арнайы шот қажет. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Казанцев Павел Олегович.

КАЗАНЦЕВ П.О. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован представителю Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

В проекте закона в Уголовный кодекс вносится статья об освобождении от уголовной ответственности в случае признания вины и возврата незаконно приобретенных активов.

Основным аргументом в пользу данной нормы приводится стимулирующий эффект для добровольного возврата активов государству. Однако именно эта статья вызвала повышенный интерес общества, потому что получается, что лицо, добровольно вернув имущество, автоматически избегает уголовной ответственности за совершенные деяния.

В этой связи, уважаемый Улан Сапарович, возникают следующие вопросы.

1) где гарантии, что такое лицо повторно не совершит преступление;

2) не дадим ли мы повод обществу сомневаться в восстановлении социальной справедливости;

3) как тут быть с принципом неотвратимости наказания?

Прокомментируйте, пожалуйста. Рақмет.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Улан Сапарович.

БАЙЖАНОВ Ұ.С. Уважаемый Павел Олегович! Вы правильно отметили, что для добровольного возврата активов нужны стимулы. Стимулирующий фактор в виде того, что человек может при добровольной передаче активов рассчитывать на прекращение уголовного дела, именно на это и был рассчитан.

Понимаю Вашу озабоченность тем, что профилактический эффект принципа неотвратимости наказания в этом случае может быть утрачен, но следует помнить, что заключение процессуального соглашения о признании вины и возврате активов является нереабилитирующим основанием для прекращения уголовного дела. Более того, вернув актив, человек несет материальное наказание, ведь он теряет свое имущество. Это по аналогии с наказанием в виде штрафа за экономические преступления.

Реализацию принципа социальной справедливости, который Вы обозначили, мы видим именно через возврат государству активов, потому что этот капитал будет потом направлен на реализацию социально-экономических проектов.

Естественно, гарантировать, что то или иное лицо повторно не совершит преступление, мы не можем, но если так случится, то оно будет привлекаться на общих основаниях к уголовной ответственности уже за новое деяние. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Әуесбаев Нұрлан Сатыбалдыұлы.

ӘУЕСБАЕВ Н.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Әділет министріне.

Құрметті Азамат Несіпбайұлы! Қазақстандық қоғам осы заңдарға үлкен сеніммен қарап отыр. Бұл ретте активтердің пайда болуын тергеп-тексеру кезінде ашықтық пен жариялылық мәселелері аса маңызды. Қоғам елден 30 жыл бойы активтерді кімнің және қалай шығарғанын білгісі келеді.

Комиссия субъектілерді арнаулы тізілімге енгізу бойынша ұсыныстар береді. Бұл ретте осы тізілімге енгізілген тұлғалар туралы деректердің жарияланбайтыны айтылады. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Неліктен ақпаратты ішінара болса да ашуға болмайды? Мысалы, қарастырылып отырған заң жобасының нормалары нақты қандай тұлғаларға қатысты қолданылатыны, тексерілетін активтердің құны туралы, олардың қай елде екені туралы ақпаратты ашуға болмай ма?

ТӨРАҒА. Әділет министрі.

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Сұрағыңызға рақмет, Нұрлан Сатыбалдыұлы.

Сіз айтып отырған мағлұматтар жабық түрде болуына себептер бар, өйткені жағымсыз салдарға, яғни экономикалық салдарға және беделдік тәуекелдерге алып келуі мүмкін. Экономикалық қарым-қатынастарда екіжақты келісімшарт жасасқан кезде осындай ақпараттар шығып жатса, оның теріс салдары, яғни рейтингіне теріс әсер етіп, акциялар құнының түсіп кетуі мүмкін. Сондықтан тізімдегі ақпарат жабық түрде болғаны дұрыс, ал сот шешімі шыққаннан кейін барлық ақпарат ашық түрде жарияланады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Бапи Ермұрат Сейтқазыұлы.

БАПИ Е.С. Құрметті әріптестер, осы заңды дайындаушы азаматтар! Бұл жауапкершілік туралы заңды біз біраздан бері айтып келе жатырмыз. Ендігі жауапкершілік депутаттарда. Егер біз «Айдағаны бес ешкі, ысқырығы жер жаратындай» заң қабылдасақ, қоғамның алдында ұятқа қаламыз. Сондықтан біздің бұл жерде жауапкершілігіміз. Және талабымыз да жоғары болады. Соны ескеру керек.

Осы орайда менің заң жобасын әзірлеушілерге екі сұрағым бар.

Бірінші. Осы активтерді қайтарумен тікелей айналысатын уәкілетті орган неге Бас прокуратураға бағынышты болады? Ол неге Президентке тікелей бағынбайды? Неге ол тікелей Президентке есеп беретін агенттік немесе комитет болмайды? Қоғамның, халықтың прокуратураға қалай қарайтынын білесіздер ғой. Сондықтан жаңа уәкілетті орган болу керек деп ойлаймын.

Екінші. Жоба бойынша қайтару мәселесімен айналысатын комиссия бар. Осы комиссияның құрамын Үкімет тағайындайды дейді. Неге Үкімет тағайындайды? Біздің қоғамның Үкіметке деген көзқарасын білесіздер. Жаңа осы отырыста тағы екі комиссияны сайладық қой, сол сияқты комиссияның құрамын Мәжіліс бекітуі керек деп ойлаймын. Осыған сіз не айтасыз?

Үшінші сұрағым Әділет министріне.

Қазір «азаматтық тәркілеу» деген жаңа ұғым пайда болды ғой. Осының мәні не, мақсаты не?

Мысалы, шартты түрде айтсақ, Тесік, Қорған ауданында қабылданған соттың шешімі Лондон Ситиде немесе Мальтада тәркілеу мәселесін жүргізуге мүмкіндік бере ме? Рақмет.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Сұрақтарыңызға рақмет.

Бірінші. Уәкілетті орган өзі ғана шешім қабылдамайды. Уәкілетті органның шешім қабылдауын тікелей қадағалайтын, оны алқалы отыриспен шешіп отыратын комиссия. Комиссия қандай азаматтар, қандай тұлғалар реестрге кіретінін, қандай азаматтар бойынша қылмыстық іс немесе басқа да істер қозғалатынын шешеді. Бұл бір.

Уәкілетті органды неге прокуратураға беру бойынша прокуратураның өкілі жауап бергені жөн деп есептеймін. Бірақ активтерді қайтару бойынша осы күнге дейінгі жұмыстардың барлығын прокуратура іске асырып келеді.

Екінші сұраққа жауап беретін болсам, біріншіден, комиссияға мүше болатын азаматтар, оның ішінде Парламенттің депутаттары, қоғам белсенділері азаматтардың келісімімен ғана мүше болады. Парламенттің өзінің ішкі тәртібі, Регламенті бойынша шешім қабылданады деп ойлаймын. Ал неге комиссияға төрағалық Үкімет жасайды десек, оған Үкімет мүшелері жауап бергені жөн деп есептеймін. Өйткені тікелей мемлекеттік қорды, сонымен қатар мемлекеттік басқарушы компанияның жұмыстарын үйлестіріп отыратын Үкімет мүшелері деп есептеймін. Рақмет.

Ермұрат Сейітқазыұлы, сіз де заң жобасы бойынша жұмыс тобының мүшесісіз. Егер ұсыныстарыңыз болса, оны ұсыныс ретінде берсеңіз болады. Ал Үкіметке сенім бар, сенім жоқ деген мәселесіне келсек, бұл жерде әділеттілікті, принципті іске асыру мақсатында арнайы комиссия құрылып отыр. Сол комиссияның жұмысын біз дұрыстап пысықтауымыз қажет. Яғни, комиссияның алқалы отырыстары ашық өтуі керек, комиссияға мүше болатын депутаттардың да тізімдері дұрыс жасақталуы қажет, сонымен қатар қоғам белсенділерін де бірге пысықтауымыз керек деп есептеймін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Әділет министрі.

ЕСҚАРАЕВ А.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Ермұрат Сейітқазыұлы, азаматтық тәркілеу мәселесі жөнінде. Бұндағы негізгі мәні активтерді әкімшілік-билік ресурстарын пайдалану арқылы жинағанын дәлелдеуге оңай болып табылатыны. Өйткені қазіргі қолданыстағы әкімшілік және қылмыстық тетіктермен қатар жаңа инструмент, яғни жаңа тетік пайда болады, ол азаматтық тәркілеу инструменті. Оның негізгі тиімділігіне келсек, ол қылмыстық қудалау заңнамасында көзделген тәртіпке қарағанда ескіру мерзімдерімен байланысты емес, шектелмейді. Және заң жобасын әзірлеген кезде халықаралық тәжірибе есептелген, қарастырылған. Мысалы, АҚШ, Германия, Канада, Австралия, Ұлыбритания сияқты елдерде азаматтық тәркілеу мәселесінде осындай модель көзделген. Яғни, заң жобасын әзірлеуде ең беделді, ең дамыған елдердің тәжірибесі есепке алынды.

Біздің елде шыққан сот шешімдері шетелде қалай орындалады дегенге келсек, ол, әрине, халықаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы екіжақты келісімшарттар жасалады, сол арқылы шешімнің орындалуын қадағаланады, жүзеге асырылады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Сұңқар Ислам Еркінұлы.

СҰҢҚАР И.Е. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Бас прокуратураның өкіліне.

Заң жобасының 13-бабына сәйкес тұлғаны арнаулы тізілімге енгізу және активтердің заңдылығын тексеру үшін «мүлікті алу көздерінің заңдылығына қисынды күмән келтіру» негіз болады деп жазылған. Менің ойымша, бұл тұжырымдама нақты емес және ертең қолданысқа енген кезде сыбайлас жемқорлық сипаты болуы мүмкін. Осыған байланысты сұрақтарым бар.

Қисынды күмән келтіру үшін негіз болатын себептері қандай?

Неліктен тізілімге енгізу үшін нақты, түсінікті белгілер көзделмеген? Рақмет.

ТӨРАҒА. Бас прокуратура.

БАЙЖАНОВ Ү.С. Құрметті Ислам Еркінұлы, сұрақтарыңыз өте орынды, бірақ күрделі екен. Жауап беруге тырысайын.

«Қисынды күмән» деген принципті халықаралық практиканы зерттегенде білдік.

В зарубежных юрисдикциях принцип разумного сомнения используется широко и определяется как очевидное несоответствие объема активов или расходов конкретного лица общему совокупному размеру всех его законных доходов. Явная диспропорция между этими двумя цифрами формирует понятие необоснованного богатства. Это и есть первый признак разумного сомнения в законности происхождения активов.

Второй признак – это наличие явных преимуществ, благоприятных неконкурентных условий для ведения бизнеса, которые получили эти лица благодаря тесной связи с властью.

Третий признак – совершение ими коммерческих или финансовых операций в отсутствие экономического смысла. Это мы называем аномальностью сделки. Сюда можно отнести и получение заведомо невозвратных кредитов либо кредитов, полученных в банке не на рыночных условиях, наличие сведений об их вовлеченности в операции, подпадающие под признаки отмывания средств.

Все эти признаки отражены в статье 13 проекта закона. Я считаю, что это достаточные основания. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Садықов Асқар Аманбайұлы.

САДЫҚОВ А.А. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос также адресован представителю Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Законопроектом предлагается не применять сроки давности за коррупционные преступления и преступления в сфере экономической деятельности (статья 71 Уголовного кодекса). В случае принятия предлагаемой нормы в сферу уголовного преследования попадут не только тяжкие или особо тяжкие преступления, но и категории небольшой и средней тяжести.

К примеру, уклонение от уплаты налогов является преступлением в сфере экономической деятельности. Простой предприниматель может забыть уплатить налоги, а по истечении, допустим, 10-20 лет, когда он перестанет заниматься предпринимательской деятельностью, может быть подвергнут уголовному преследованию.

К тому же эта норма не совсем согласуется с установками Главы государства о защите бизнеса.

В этой связи, уважаемый Улан Сапарович, следующий вопрос: в чем необходимость введения этой нормы, когда к незначительным правонарушениям не будут применяться сроки давности?

ТӨРАҒА. Ұлан Сапарұлы, қысқаша жауап беруге тырысыңыз.

БАЙЖАНОВ Ұ.С. Рақмет.

Что касается сроков давности по коррупционным и экономическим преступлениям, то хотел бы отметить, что данные поправки не имеют обратной силы, это на будущий период. Я хотел бы разграничить коррупционные и экономические преступления.

Что касается коррупционных правонарушений, то это принцип и профилактический эффект нулевой терпимости. Это международный стандарт. Вы знаете, что коррупция, как тяжкий вид преступления, на самом деле является социальным злом для нашей страны, язвой общества. Поэтому мы предложили внести ее в соответствии с международными стандартами и Нью-Йоркской конвенцией 2003 года, которую наша страна подписала и ратифицировала в 2005 году.

Что касается экономических преступлений, то здесь опасения напрасны, поскольку в примечании к статье 71 четко прописано, что это касается только субъектов олигополии. Незначительные преступления экономического характера, включая налоговые, под эту статью не подпадают. Речь идет только о субъектах нашего закона. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Балабиев Қайрат Рахымұлы.

БАЛАБИЕВ Қ.Р. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Қаржылық мониторинг агенттігінің өкіліне.

Қылмыстық-процестік кодекске қосымша қаржылық тергеп-тексеру институтын енгізу ұсынылып отыр. Мұндай тергеп-тексеру егер қылмыстық іс бойынша қылмыстық жолмен алынған кірістер анықталмаған жағдайда немесе 10 мың айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға келтірілген залал өтелмеген жағдайда жүргізіледі. Қосымша қаржылық тергеп-тексеру соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгеннен кейін бес жыл ішінде жүргізіледі.

Бұл норма, сөзсіз, қажет және оны қолдаймын.

Сонымен қатар, Ұлан Ермұханұлы, менде бірнеше сұрақ туып отыр.

Бірінші. Егер қылмыстық жолмен алынған кірістер анықталмаса, онда қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеру қалай аяқталуы мүмкін?

Екінші. Егер бес жыл ішінде де қылмыстық жолмен алынған активтер мен кірістер анықталмаса, тергеп-тексеруді аяқтау қаншалықты заңды? Егер бұл норманы дәл осы күйінде түсінетін болсақ, онда бес жылдан кейін кірістерді сот төрелігінен жасырмауға да болады.

Осы сұрақтарға жауап беріңізші.

ТӨРАҒА. Агенттіктің өкілі, жауап беріңіз.

РАИСОВ Ұ.Е. Құрметті Қайрат Рахымұлы, сұрағыңызға рақмет.

На самом деле в настоящее время Республика Казахстан проходит оценку всей нашей антиотмывочной системы. На протяжении уже двух лет все государственные органы готовились и подготовились к этому. В этой части я хотел бы поблагодарить наш депутатский корпус. За последние два года было внесено очень много изменений в наше законодательство, чтобы все казахстанские стандарты приблизить к международным.

Одним из основных требований параллельного финансового расследования является требование международной организации FATF, которое она предъявляет всем странам.

Данного института в Казахстане не было. Когда Агентством по финансовому мониторингу изучался международный опыт, мы установили, что параллельные финансовые расследования – очень важный и необходимый институт.

Сегодня в составе агентства мы создали отдельный пул следователей, которые прошли специальное обучение и в настоящее время проводят параллельные финансовые расследования по каждому экономическому преступлению.

Что касается пяти лет. Я думаю, этот процесс постоянный, пять лет устанавливаются инициатором закона как срок исковой давности. В этот пятилетний период устанавливаются определенные критерии, в рамках которых могут преследоваться либо не преследоваться юридические, физические лица. В течение большего срока ни юридическое лицо, ни физическое лицо не может быть в подвешенном состоянии. Наверное, этот период дискуссионный, но мы предлагаем пятилетний срок.

Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Шүкіжанова Динара Аманжелқызы.

ШҮКІЖАНОВА Д.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мой вопрос адресован представителю Агентства по финансовому мониторингу.

В Уголовном кодексе есть действующая статья 235, предусматривающая ответственность за невыполнение требований репатриации национальной или иностранной валюты. Она редко применяется, потому что на практике есть определенные сложности в доказательстве вины, по этой статье привлечено к уголовной ответственности всего два лица.

При этом с исключением действующей статьи 235 в Уголовный кодекс предлагается ввести новую статью 235-1 за незаконный вывоз валютных ценностей из Казахстана. То есть ответственность за вывоз вводим, ответственность за возврат исключаем.

В этой связи, Улан Ермуханович, у меня к Вам вопрос: не преждевременно ли мы исключаем статью 235 из Уголовного кодекса? Не будет ли это трактоваться так, что если нет ответственности, значит, деньги не нужно будет возвращать в Казахстан?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, агентство.

РАИСОВ Ұ.Е. Большое спасибо за вопрос.

Действительно, за 2022 год у нас всего два уголовных дела, но за четыре месяца 2023 года уже состоялось три приговора суда по статье 235. В целом статистика показывает, что статья Уголовного кодекса сегодня не работает. Этому две причины.

Первая причина – сложность доказательства умысла перевода денег за рубеж. На практике предприятия, юридические лица на протяжении длительного времени продлевают свои контракты и договоры, переносят сроки возврата денег, и довольно сложно доказать их вину.

Вторая причина – сложность доказывания по этой статье. Что бы мы хотели здесь предложить? Чтобы появилась новая статья 235-1, которая бы внесла ответственность не только за репатриацию валюты, но и за вывод валютных ценностей. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Бейсенбаев Ержан Алмабекұлы.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министріне.

Жаңа заңның қабылдануына байланысты активтерді қайтару жөніндегі орган бүкіл әлем бойынша алынатын ақпараттың кең көздеріне қол жеткізе алады. Әрине, бұл жұмыс барысында тексерілетін субъектілердің немесе олардың үлестес компанияларының қаражатты шетелге шығару арқылы салық төлеуден жалтаруы туралы ақпарат да пайда болуы мүмкін. Қолданыстағы жеңілдіктер мен преференциялар салықты төлемеуге жағдай жасайтыны да жасырын емес.

Осыған орай, құрметті Ерұлан Кенжебекұлы, сізге екі сұрақ туындайды.

Сіз өзара іс-қимыл жасауды қалайша жоспарлап отырсыз?

Осы заң бағытталған сыбайлас жемқорлардың бір кездері қабылдауға өздері ықпал еткен кейбір салық преференцияларының қайта қараудың қажеттігі бар ма?

ТӨРАҒА. Ерұлан Кенжебекұлы.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Ержан Алмабекұлы, сұрағыңызға рақмет.

Қазіргі қолданыстағы заңнамалар аясында Қаржы министрлігі, оның ішінде Мемлекеттік кірістер комитеті Бас прокуратурамен де, Қаржы мониторингі агенттігімен де және басқа құзырлы органдармен де қарым-қатынас жасауға толық мүмкіндігі бар.

Жаңа сіз айтып отырған қосымша ақпараттарға келсек, қазірдің өзінде Мемлекеттік кірістер комитеті 40-тан астам мемлекетпен екіжақты және көпжақты конвенциялар аясында ақпарат алмасуды жүргізіп отыр. Сондықтан қазіргі заң аясында келіп түсетін қосымша ақпарат бізге көмек болады, яғни біз тиісті ақпаратты осы құзырлы органдарға бере аламыз. Соңғы екі жылдың өзінде біз Ұлттық Банкпен ақпарат алмасу аясында, жаңа Қаржы мониторингі агенттігінің орынбасары да айтып өтті, біз 50 мың доллардан асқан трансферттер немесе операциялар бойынша қазірдің өзінде ақпараттарды жинап отырмыз және оның қанша қаражаты елге қайтпай жатқанын көріп, егер ол жерде қандай да бір қылмыстық критерийлер болса, біз қазірдің өзінде Қаржы мониторингі агенттігіне беріп отырмыз. Бұл бірінші сұрақ бойынша.

Екінші сұрақ бойынша. Қазір біздің Салық кодексінде жекелеген қандай да бір преференциялар, жеңілдіктерді беру қарастырылмаған. Егер қандай да бір жеңілдіктер болса, ол жалпы экономикалық субъектілерге бірдей қатысы бар. Сондықтан осы заң аясында біз қандай да бір преференцияларға қатысты өзгерістерді енгізудің қажеті жоқ деп есептейміз. Былтырдың өзінде біз дивиденттерді сыртқа шығаруға байланысты және жалпы экономикадағы қаражаттарды шетелге алып кетуге байланысты біраз шектеулер қойып, тиісті заңнамалық өзгерістер енгізген болатынбыз. Жаңа әзірленіп жатқан Салық кодексінде де осы салаға байланысты өзгерістер болуы мүмкін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Берденов Руслан Арысбекұлы.

БЕРДЕНОВ Р.А. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Үш сұрағым бар еді, екі сұрағыма жауап алдым, енді бір сұрағым қалды, оны Үкімет өкілдеріне қояйын.

Мемлекетіміздегі бизнес өкілдері шетелге бизнесіміздің экспанциясын жасап, әртүрлі үлкен инвестицияларды жасау барысында осы заңға байланысты проблемалар, бұғаттаулар болмай ма?

Жалпы, біз өзіміздің бизнесімізді шетелге экспанцияны қолдайтын мемлекетпіз бе? Осы сұраққа жауап берсеңіздер.

ТӨРАҒА. Сұрағыңызды кімге қоясыз?

БЕРДЕНОВ Р.А. Қаржы министріне.

ТӨРАҒА. Қаржы министрі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Бұл заң жобасы әртүрлі алаңдарда талқыланған кезде біз бизнес өкілдерін тарта отырып сараптаған болатынбыз. Үкімет үшін негізгі мәселе – бизнес-климатты нашарлатып алмау. Бұл жерде біз бір жағынан сыртқа шығып кеткен, жылыстатылған қаражатты елге әкелеміз деп бар күш-жігерімізді салып жатырмыз, екінші жағынан, жаңа өзіңіз дұрыс айтып кеттіңіз, оның ішінде заң аясында жұмыс істеп жүрген бизнесмендер бар. Жалпы, бізде тек ішкі экономика ғана емес, сыртқы тауарларды, қызметімізді шығаратын біздің де бизнесмендердің мүмкіндіктері болуы керек. Әрине,

оның аражігін комиссия отырыстарында немесе реестрге түскен компанияларды сараптау барысында мұқият қарау керек болады. Көп жағдайда бұл жерде бизнесті қудалау немесе жай трансферттер арқылы сыртқа шығып жатқан қаражаттардың бәрін қудалау емес, бұл жерде аражігін ажырату, яғни салық төленсе, заң аясында жұмыс істесе, әрине, ондай бизнесті тек құптаймыз. Рақмет.

БЕРДЕНОВ Р.А. Қосымша сұрақ қойсам бола ма?

ТӨРАҒА. Депутат Берденовтің микрофонын қосыңыздар.

БЕРДЕНОВ Р.А. Осы жұмыстарды жүргізу барысында сыртқа экспансия, яғни қазақ бизнесін сыртқа шығаратын компаниялар комиссия арқылы өту керек бола ма?

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Сыртқа шығып жатқан қаражатты, яғни қаражат ағынын Қаржылық мониторинг агенттігі барлық критерийлер бойынша күнде бақылап отырады. Егер ол заңды түрде шығып жатса, ол критерийлерге келмейтін болса, әрине, ондай қаражатты жайдан-жай ешкім тоқтатпайды. Бірақ соңғы екі жылда сыртқа шығып жатқан қаражатқа бақылау күшейтілгені рас. Бірақ сіз айтып отырған экспансияның бәрін бірдей комиссияға шығарып немесе реестрге отырғызамыз деген әңгіме емес.

БЕРДЕНОВ Р.А. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бүгінгі күні шығып жатқан қаржыларыңыз бақылауда.

ЗАЛДА КҮЛКІ.

ТӨРАҒА. Сондықтан бұл оған ешқандай жаңалық қоспайды.
Депутат Базарбек Бақытжан Жарылқасынұлы.

БАЗАРБЕК Б.Ж. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.
Негізінде бұл көптен күткен заң. Өз басым бұл заңды қолдаймын.
Менің сұрағым Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлы және Ұлан Сапарұлына.
Барлықтарыңыз білесіздер, олигархтардың отыз жыл бойы заңсыз шығарған активтерін қайтару үшін жер, дүние-мүліктің кімнің атында рәсімделгенін білуіміз керек. Заңсыз шығарылған активтердің ішіне жер де кіреді. Ол жерлерде мұнайдың кен орындары, зауыт-фабрикалар бар, үлкен өндірістік ошақтар бар, оны барлығымыз білеміз. Сондықтан ұзақ жылдар бойы көтеріліп жатқан, бірақ шешімін таппай жатқан үлкен бір мәселе бар. Бұл – мемлекеттік жер кадастры. Жер кадастрының ақпараттық жүйесінде жердің меншік иесі және жер пайдаланушының аты-жөні қазіргі уақытқа дейін жабық. Қазіргі заңнама бойынша ол ашық ақпарат. Бірақ іс жүзінде министрліктердің ережесі бойынша бұл ақпараттың бәрін жауып тастаған. Сондықтан активтерді қайтару заңнамасы аясында, Ерұлан Кенжебекұлы, сіз мемлекеттік жер кадастрының құрамындағы жердің

меншік иесін, жер пайдаланушының аты-жөндерін ашуға дайынсыз ба, дайын емессіз бе? Рақмет.

ТӨРАҒА. Қаржы министрі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Сіздің бұл сұрағыңыз тікелей бұл заңға қатысты емес. Әрине, мен Қаржы министрі ретінде экономикаға, бюджетке қаражаттың түсуі мақсатында кез келген ақпараттың ашық болғанын қалаймын. Оған жауап беретін құзыретті мемлекеттік органдар бар, қажет болған жағдайда солармен ақылдасып, осы заң аясында немесе басқа іс-шаралар аясында оны ашудың мүмкіндіктерін қарастырайық. Жалпы, өзім қолдаймын.

БАЗАРБЕК Б.Ж. Рұқсат па?

ТӨРАҒА. Депутат Базарбек.

БАЗАРБЕК Б.Ж. Мен Премьер-Министрдің орынбасарының жауабымен келіспеймін. Менің бұл сұрағым осы активтерді қайтарумен тікелей байланысты. Сіздер активтерді қайтару мәселесінде әрбір жердің артында кім тұрғанын қалай білесіздер? Халықтың қоятын сұрағы – ол жердің меншік иесі кім, жер пайдаланушы кім? Біз алдымен сол сұрақтан бастауымыз керек.

Ескерте кетейін, 2021 жылы Үкіметтің Жер комиссиясы құрылды. Жер комиссия мемлекеттік жер кадастрының ақпараты толығымен ашық болуы тиіс деген шешім қабылдады. Өкінішке қарай, осы уақытқа дейін бұл шешім орындалмай келеді. Сондықтан мен осы заңнаманың аясында жер кадастрының ақпараттық жүйесінде меншік иелерінің аты-жөндерін ашуды талап етемін. Рақмет.

ТӨРАҒА. Бақытжан Жарылқасынұлы, менің түсінуімше, екінші сұрағыңызға жауаптың қажеті жоқ қой деймін. Бұны Үкімет назарына алу үшін айттыңыз ғой, иә?

БАЗАРБЕК Б.Ж. Иә.

ТӨРАҒА. Жақсы.
Сөз депутат Барлыбаев Ерлан Хайланұлына беріледі.

БАРЛЫБАЕВ Е.Х. Рақмет.

У меня уточняющий вопрос. Либо я неправильно сделал подачу вопроса, либо неправильно меня понял заместитель Генерального Прокурора.

Предположим, Улан Сапарович, потенциальный клиент этого законопроекта, олигарх, который совершил экономические преступления. Еще раз повторяю, потенциальный клиент этого законопроекта имеет активы на 99 миллионов долларов. Он будет подпадать под действие этого закона или нет?

ТӨРАҒА. Заместитель Генерального Прокурора.

БАЙЖАНОВ Ұ.С. Когда мы говорим о критериях для попадания в реестр, нам нужны были эти значения, включая пороговое значение по общей стоимости активов. Еще должны быть и другие критерии, о которых я сегодня подробно говорил.

Ваш вопрос касается конкретных людей, у которых, на Ваш взгляд, есть противоправные деяния, благодаря чему они нарастили свой капитал до 99 миллионов. Они будут субъектами не этого закона, а если есть признаки преступления и достаточные данные для возбуждения уголовного дела, то нам сегодня ничего не мешает. Сегодня это можно зарегистрировать в Едином реестре досудебного расследования.

Для чего нужен был критерий по порогу? Чтобы мы все-таки очертили круг субъектов. Мы не можем делать неограниченный круг. Я не знаю, как в перспективе, наверное, это больше политический вопрос. Но представьте, что мы сумели по всем субъектам, представителям олигополии провести работу и через какое-то время доложить обществу о возврате активов. Наверное, можно будет подкорректировать и порог, тогда ваш клиент тоже подпадет. Спасибо.

ТӨРАҒА. Ерлан Хайланұлы, жауапқа қанағаттанасыз ба?

БАРЛЫБАЕВ Е.Х. Иә.

ТӨРАҒА. Сабильянов Нұртай Салихұлы.

САБИЛЬЯНОВ Н.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Жалпы, бұл заң жобасы жұмыс тобында жан-жақты талқыланды, депутаттардың көптеген ұсыныстары қабылданды. Бұл заң жобасын мен толық қолдаймын, өйткені қайтарылатын ақша халықтың игіліне, әлеуметтік жобаларды, әлеуметтік жағдайды жақсартуға жұмсалады. Дегенмен менде бір сұрақ туындап отыр.

Кезінде осыдан 20-30 жыл бұрын кейбір азаматтар мүліктерін сатып алған кезде, жарғылық капиталын иеленген кезде немесе мемлекеттен жекешелендіруден алған кезде мүліктерін арзан бағамен алды. Ол белгілі. Өйткені жарты бағасын олар банк арқылы төледі де, жарты бағасын қолма-қол ақшамен берді. Сондықтан осындай азаматтардың, яғни күмәнді азаматтардың мүліктеріне, активтеріне бағалау жүргізіле ме? Өйткені кезінде 1 миллиардқа алғаны қазір, мысалы, 100 миллиард болып отыр.

Осыған жауап берсеңіздер.

ТӨРАҒА. Сұрағыңыз кімге?

САБИЛЬЯНОВ Н.С. Қаржы министрлігі мен Бас прокуратураға.

ТӨРАҒА. Қаржы министрлігі бастайды, Бас прокуратура аяқтайды.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Жаңа заң жобасының аясында нақты критерийлерді айттық қой. Ол бір мүлік емес, бірнеше мүлік, қаражат, актив, бәрі бірге есептеледі ғой. Әрине,

оның ішінде жаңағыдай мүліктер болса, осы заң аясына кірсе, әрине, ондай азаматтар, осының иелері осы реестрге кіреді де, ары қарай заң түрінде олардан сұраныс болады. Бағалау жүргізіледі. Оны заң аясында қарастыру үшін алдымен бағалауымыз керек.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Бас прокуратура.

БАЙЖАНОВ Ұ.С. Әрине, ондай мүліктер міндетті түрде зерттеледі. 20-30 жыл бұрын жағдай қиын болған, экономикалық жағдай нашар болған, сол кезде бюджеттік қызметкерлер бірнеше ай бойы айлықтарын ала алмай жүрген, сол кездері жекешелендіру өткізгенде, әрине, ол мүліктердің бағасы төмен болатын. Қазір заң жобасы бойынша біз комиссия құрамыз, сол комиссияның бір міндеті – осындай мәселелерді зерттеу.

Комиссия должна будет получить заключение.

Я в одном из ответов на вопросы говорил о том, что будет большая аналитическая работа, в справке будет указываться цена на имущество именно в тот период, когда оно приобреталось. Мы в любом случае не весь круг будем брать во внимание, у нас будет, как сказал Ерлан Кенжебекович, все-таки ограниченный круг субъектов.

У нас был даже вариант, что не будут пересматриваться вопросы приватизации до 2005 года. Мы трезво оценивали, что в трудные времена, когда были разорваны все экономические связи, нам нужны были инвесторы, которые нашли средства, взяли на себя ответственность, и многотысячные коллективы заработали, рынок у нас активизировался. Все эти аспекты будут рассматриваться на комиссии. Поверьте, это будет очень ответственное решение, для этого и заложен в проекте закона общественный и судебный контроль. Спасибо.

ТӨРАҒА. Бір сағат сұрақ бердік, тағы бір депутат қалды.

Депутат Бейсенғалиев Берік Тұрсынбекұлы.

БЕЙСЕНҒАЛИЕВ Б.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Бас Прокурордың орынбасарына.

Осы заң жобасы бойынша азаматтар кезінде мемлекеттік органда жұмыс істеген, не болмаса олигополия критерийіне жатады. Бірақ ол бүгінгі күні азаматтығын ауыстырып Қазақстаннан басқа елге кетіп қалса, ондай азаматтар сіздің тізіміліңізге қалай кіреді? Олар кіре ме, әлде оларды қарамайсыздар ма?

ТӨРАҒА. Сұрақ кімге?

БЕЙСЕНҒАЛИЕВ Б.Т. Бас прокуратура өкіліне.

ТӨРАҒА. Ұлан Сапарұлы.

БАЙЖАНОВ Ұ.С. Ондай азаматтар міндетті түрде кіреді. Біздің қолымыз оларға жетпесе де, ол елдерде біздің шетелдік әріптестеріміз бар, оларға халықаралық

ынтымақтастық жолымен сұрауларды жібереміз. Ол жақтан да ондай адамдарды табуға болады.

Қазір бізге зерттеу керек, талдау керек. Соған бізге жағдай жасау керек. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті депутаттар, сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

